

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАҢДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫ**

*Бас мүфти Ержан Малғажұлының
бастамасымен*

ДІН МЕН ДӘСТҮР

I кітап

Алматы, 2013

УДК 28
ББК 86.38
И 13

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған

И 13 Дін мен дәстүр - Алматы: «Гибрат» баспа үйі,
2013 - 192 бет

ISBN 978-601-211-019-7

© Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2013

Алғы сөз

Әлхамдулилла, ата-бабамыз сан ғасырлардан бері аңсап өткен тәуелсіздікке қол жеткізудің арқасында асыл дініміздің қайнар бұлақтарымен қайта қауышып жатырмыз. Халқымыз дербестікпен бірге дәстүрлі мәдениетіне, тілі мен дініне толыққанды ие болып, оларды заманға сай дамытуға мүмкіндік алды. Өшкеніміз жанып, ұмытқанымыз жадымызда жаңғырды. Мұның барлығы Қазақ елінің ұстанған бағыт-бағдарының дұрыстығын, ата-баба жолынан айнымағандығын білдіреді.

Енді ұлт жадынан ұмытыла бастаған имани құндылықтарды қайта жандандырудың реті келді. Бұл тұрғыда біз қазақ қоғамына тыңнан жаңа дүние әкеліп жапсырып жатқан жоқпыз. Бар болғаны кезінде баһадүр бабаларымыз салып кеткен, кейіннен көмескі тарта бастаған соқпақтың сұлдерін тауып, соны қайтадан сара жолға айналдыруға тырысудамыз. Мақсатымыз – ұлттық табиғатымызбен сабақтас шарифаттағы мазһабымызбен танымдық мектебімізді тұғырлап, асыл дүниелерімізді, жауһарларымызды жарыққа шығару, үзілгенімізді жалғап, жоғалтқанымызды түгендеу, сан ғасырлық тарихы бар діни дәстүрлерімізді қалпына келтіру. Сол арқылы қазақтың толыққанды ұлтқа, Алаштың іргелі елге айналуы үшін қолдан келгенше үлес қосу.

Дін мұраттарын қалың бұқараға ұғынықты етіп жеткізу үшін де алдымен қазақтың тілі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жетік білу қажет. Имамдар мен уағызшыларымызға осындай талап қойылады. Сонымен қатар, ұлттық таным мен әдет-

Кіріспе

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ أَشْرَفِ الْمُرْسَلِينَ
وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

*Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен бастаймын.
Барлық мадақ әлемдердің Иесі Аллаға тән. Салауат пен
сәлем елшілердің төресіне, оның әулеті мен сахабаларына
болсын.*

Дін мен дәстүр сабақтастығы көптен бері қаузалып келе жатқан тақырып. Біз осынау маңызды мәселеге қатысты шарғи көзқарасты білдіруді жөн санадық. Көздегеніміз қазақтың салт-дәстүр тарихын бүге-шігесіне дейін зерттеу емес, ол осы саладағы мамандардың ісі, мұратымыз қазірге дейін сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың негізі мұсылманшылықта жатқандығын дәлелдеу. Себебі, соңғы кездері қазақты түрлі деңгейде Исламнан алыстатуға тырысушы пікірлер пайда болды. Кейбірі теріс пиғылмен әдейі әрекет етсе, енді бірі білместікпен надандық дәуіріне тартады. Бірі қазақ халқының негізгі діні бақсылық десе, енді бірі қазақ сахарасында басқа да діни дәстүрлер басым болды, қазақ мұсылманшылықтан алыс болды деген негізсіз пікірлерін тықпалайды.

Ата-баба дінін мансұқ еткен адасқақ ағымдардың тағы бірі «Қазақ даласында бірқұдайшылық, таухид ілімі жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары ғана келе бастады» деген қасаң пікір ұстанады. Олар өздерінен бұрынғының бәрін мүлде мансұқтайды да, «таза дінді біз әкелдік» деген көзқарас ұстанып, діни

ғұрыптардың мұсылманшылықпен сабақтастығын саралап көрсететін сүбелі еңбектер де жазылуы керек. Қолыңыздағы кітап сондай игі бастаманың жемісі. Мұнда қазақы әдет-ғұрыптардың басым бөлігінің имани ұстанымнан алынғандығы, дәстүр мен діннің біте қайнасып бөлінбес дүниеге айналғандығы туралы әңгімеленеді. Халқымыздың мұсылман үмбетінің бір мүшесі екендігі нақтыланады. Енді осы игі бастаманың жалғасын табарына үміт етеміз.

Жаратқан Жаббар Хақтан Алаш жұртын іргелі ел етіп, ынтымақ-бірлігі мен имандылығын арттыруын сұраймыз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,

Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы

ортада бүлік шығаруға тырысады. Пайымдауларына қарасақ, қазақ халқы бұрын-соңды Құдайдың бір екендігін білмегендей. Таза монотеистік дінді, таухид ілімін Алаш еліне алғаш әкелушілер өздері сияқты. Сайып келгенде, осындай бұра тартушылықтардың барлығы дін мұраттарын дұрыс түсінбеуден, максималистік көңіл-күйден, шала сауаттылықтан шыққан.

Осы тұрғыдан алғанда дін мен дәстүр сабақтастығын, салт-сана мен діни танымның бір арнада тоғысатындығын дәлел-дәйектер арқылы дәлелдеудің орайы туды. Сан ғасырлардан бері қалыптасқан дәстүрлі діни танымымызды әлгіндегідей әнтек әрекеттен, жаңсақ жорамалдардан қорғауға деген қажеттілік туындады. Келелі сөз айтып, кесімді пікірлерімізді білдіруге тура келді.

Ар-ұжданның ақ туын көтерген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпағына осыншалықты кең-байтақ атамекенді аман-есен жеткізді. Сонымен қатар бізге ең басты байлық – дін дәстүрлерімен өрілген теңдессіз ділімізді, ұлттық болмысымызды, салт-сана, әдет-ғұрпымызды атаның батасымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарытып кетті. Ендеше «жаным арымның садағасы» деп мұсылманшылықты ту еткен сол баһадүр бабаларымыздың салып кеткен сара жолынан айнымағанымыз жөн. Керісінше, ежелден қалыптасқан мұсылманшылық дәстүрлерімізді, мазһабымыз бен мектебімізді қайта жаңғыртып, ғасырлардан жеткен мұраларымызды мансұқ етпей, қолда барды бағалай білгеніміз дұрыс. Қоғамды ынтымаққа ұйытатын, бірлікке бастайтын құндылықтарды қадірлеуіміз қажет.

Дәстүрлі дінінен, ділі мен тілінен, әдет-ғұрпынан ажыраған елдің болашағы жоқ. Сол үшін рухани құндылықтарымызды құнттай білгеніміз жөн. Әйтпесе,

Құран Кәрімде ескертілген ақиқат жолынан айнып, адасқан қауымға айналып кетуіміз бек мүмкін.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَخَلَفَ مِنْ بَعْدِهِمْ خَلْفٌ أَضَاعُوا الصَّلَاةَ وَاتَّبَعُوا الشَّهَوَاتِ فَسَوْفَ يَلْقَوْنَ غِيًّا﴾

Алла Тағала: «Ал олардан кейін намазды жоғалтып, нәпсілеріне ерген ұрпақтар келді. Олар бір жамандыққа жолығады», – деген¹.

Тарих беттерін парақтап отырсақ, сонау 751 жылы Талас өзені бойындағы Атлах шайқасында ақиқат пен жалғанның ара-жігі айқындалды, Орта Азиядағы түркі халықтары шығыстағы алпауыт көршісінің шеңгелінен біржола құтқарылды. Яғни Ислам дінінің келуімен ата-бабаларымыз азаттыққа, дербестікке қол жеткізді, дамудың жоғары сатысына көтерілді. Одан берідегі қазақ қазақ болып, жоңғар қалмақтарымен арадағы үш жүз жылдық аумалы-төкпелі арпалыста өткен заманда да дініміз басқа болған соң ғана ассимиляциядан аман қалдық. Одан кейінгі орыс отарында болғанда, Кеңес империясының атеистік идеологиясы үстемдік еткен заманда да, ұлттық болмысымыздың сақталып қалуына себеп болған сол мұсылманшылық ұстанымымыз. Ендеше қазірде ортамызға от ала келген ағымдар мен пікірлік-ділдік басқыншылыққа қарсы тек сол дәстүрлі мұсылманшылығымыз арқылы ғана қарсы тұра аламыз. Дінімізге, дәстүрімізге берік бола алсақ қана елдігімізді сақтап, дербестігімізге ие болып қала аламыз. Өйткені дін әрбір ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын, тілі мен ділін, мәдениетін, мемлекетшілдігін, ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтеретін бірден-бір фактор.

¹ Мариям сүресі, 59-аят.

§1 ДӘСТҮР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» халық нақылы

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады².

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді

² Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б.

құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі³.

Әрбір халықтың әдет-ғұрпы бар

Әрбір өркениеттің, әрбір ұлттың өзіндік дүниетанымы бар. Түрлі халықтардың тарихын зерттеген ғалымдар жер бетінде ешқашан дінсіз, наным-сенімсіз ел болмағандығына анық көз жеткізді.

Адамзат түрлі халықтардан, ұлт пен ұлыстан тұрады. Әрқайсысының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, тілі мен дәстүрі, діни нанымдары бар. Мұндай алуан түрлілік Алла Тағаланың хикметі.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَأُنْثَى وَجَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللَّهِ أَتْقَاكُمْ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ خَبِيرٌ﴾

Жаратқан Ие былай дейді: «Әй, адам баласы! **Шүбәсыз, сендерді бір ер, бір әйелден (Адам мен Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы**»⁴. Осы аятқа зер салсақ, мынадай қорытынды шығарамыз. Құдай Тағала адамзатты түрлі ұлттарға бір-бірлерін танулары үшін бөлген. Бір-бірін тануы арқылы олар өздерін таниды, ал өздерін танулары

³ Қазақ энциклопедиясы, 7-том

⁴ Хужурат сүресі, 13-аят.

арқылы Жаратушыны таниды. Жер бетіндегі қаншама миллиондаған адамдардың түбі – бір, барлығы Адам атадан тарайды. Сондықтан да мұсылмандар басқа ұлттарды көргенде шарапатты аят-хадистерге сүйеніп: «Бәріміздің тегіміз – Адам ата, ал оның тегі – топырақ», – деп айтады.

Адамзаттың Алла Тағаланың алдындағы ең қадірлі тобы болып саналатын мұсылман үмбетінің өзі неше түрлі ұлт-ұлыстардан құралған. Пайғамбар (с.а.с.) арабтан болып, Құран арабша түсті дегенмен мұсылмандардың барлығы арабтар емес. Керісінше, қазірде арабтар мұсылмандардың азғантай бөлігі болып саналады. Әлемде екі миллиардқа жуық мұсылман бар десек, соның үш жүз миллиондайы ғана арабтар. Ал бір Үндістанның өзінде үш жүз миллионға жуық мұсылман бар.

Енді осы мұсылман халықтарының әрбірінің тұрған жеріне, аймағына қарай өзіне тән нәсілдік, тілдік, ұлттық ерекшеліктері бар. Бірақ барлығының діні, танымдық тұғыры бір болғандықтан салт-дәстүрлері, мәдениеті ұқсас болып келеді. Өйткені бәрінің наным-танымы Құран мен хадиске негізделген.

Орналасқан ортасына, табиғатына қарай әрбір мұсылман халқының өзіндік айырма белгілері, мәдениеті, тілі бар. Шарифат бұл айырмашылықтарды теріске шығармайды. Керісінше, заманы мен мекеніне қарай пәтуалардың өзгеруі мүмкіндігін ескертеді.

Мұсылман халықтарының салт-дәстүрлерінің бәрі бірдей шарифат шарттарына сай келе бермейді. Олардың арасында надандық дәуірден қалған, мұсылманшылықпен қабыспайтын сарқыншақтар да болуы ықтимал.

Дәстүрді теріске шығару – адасушылық

Мұсылман шарифатында адамдардың еркіне қалдырған мубахяки ерікті істер бар. Мысалы, тойларды, мейрамдарды өткізу жолдары, салт-жоралғылары әрбір халықта әркелкі. Олардың бәрін шарифатқа сай келмейді деп айтуға болмайды. Керісінше, олар әрбір мұсылман халқының ғұламаларының көз алдында әрі олардың құптауымен сан ғасырлардан бері атқарылып келе жатқан ғұрыптар. Сондай ұлттық ерекшеліктерге, тілдік ерекшеліктерге қарсы шығу, оларды дәл арабтардікіндей етуге тырысу барып тұрған надандық. Өйткені адамзаттың ұлт-ұлысқа бөлінуі аталмыш аятта айтылғандай Жаратқанның Өз жаратылысына бекітіп берген мызғымас заңы. Ал жаратылыстық қағидаға қарсы шығу қасаңдыққа шалдыққан шала сауаттылардың ісі.

Қазіргі қазақ қоғамындағы діни білімге деген құштарлық әсіресе жастардың арасында басым. Әрі мешітке келушілердің негізгі бөлігі де солар. Сондай-ақ, нақтылы діни білім алғандардың көпшілігі жастар. Ал жастар ғұмырлық тәжірибесі аз болғандықтан өзім білемдікке салынып, максималистік көңіл-күйге бой алдырып көптеген қателіктерге ұрынады. Жасына жетпей шейх атануға құлшынады. Құран мен хадистің негізгі мұраттарын түсінбей, қателіктерге жол береді. Нақтылы үкімдерді қамтитын *мухкам* дәрежесіндегі аяттарды ысырып қойып, қоғамда жаңалық ашуды көздегендей екінші дәрежелі ұқсас ұғымды *муташабиһ* дәрежесіндегі аяттарды алға шығарып, ғалымдар арасында түрлі көзқарас тудырған мәселелерді көтеріп, дау-дамай туғызып жатады.

Мұндай келеңсіздіктердің басты себебі діни білімге ие болғандардың шала сауаттылығы немесе албырттық көңіл-күйлері. Нақ сондайлардың арасында өз ұлтының талай ғасырлардан бері қалыптасқан құндылықтарын, мәдени мұраларын, тіпті, тарихы мен қазіргі болмысын жоққа шығаратындар да табылады. Егер олар шарифат шарттарын терең түсінсе, ондай адасушылыққа бармас еді.

Сонымен қатар дін саласында тәжірибелі, білімді деп есептелетін кейбір діндарлардың өзі дінге болысудың жөні осы екен деп, қазақша бірдеңе жазғанда араб, түрік сөздерін қаз-қалпында жазады. Мысалы, қазақтар Жүсіп, Жақия, Жүніс деуге үйренген әу баста бар есімдерді араб тіліндегі қалпында Юсуф, Яхия, Юнус деп береді. Осындай қылықтары арқылы олар екі түрлі қателікке бой алдырады. Біріншісі – дін мұратын жаңсақ түсіну. Ислам діни ұлттық ерекшеліктерді жоюға, әрбір тілдің табиғи заңдылықтарын мансұқ етуге мүлде шақырған емес әрі шақырмайды да. Керісінше, әрбір елдің өзіне тән жағымды әдет-ғұрыптары мен қалыптасқан заңдылықтарының сақталуына ерекше мән береді. Олардың екінші қателігі өз халқының тарихы мен ділінен, тілі мен рухани әлемінен бейхабар болуы. Сондықтан ұлтымыздың генетикалық жадында ғасырлардан бері сақталып келе жатқан өзіндік болмысын, дәстүрі мен мәдениетінің тамырына баалта шабады. Қазақ тіліне араб не түрік тілінің заңдылықтарын әкеп тықпалап, таза қайнарының тұнығын лайлайды. Сөйтіп, қазақ тілінің емлесі мен грамматикасына «ерекше жаңалық» енгізгісі келеді. Әрі соларын үлкен абырой, білімпаздық деп таниды. Бұдан асқан бірбеткейлік жоқ. Діннің шарифатқа қайшы

келмейтін ұлттық әдет-ғұрыпты, тілдік ерекшеліктерді теріске шығармайтынына қарамастан, оларды мансұқ етуге тырысу нағыз мәңгүрттің әрекеті. Сондайлардың қазақ ақын-жырауларының діни тақырыптағы өлеңдерін «өз емлелеріне», «сенімдеріне» сай етіп өңін өзгертіп жазатындарына да куә болып жүрміз. Алла Тағала оларға тура жол, тереңірек білім нәсіп етсін.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ қоғамында халқымыздың дәстүрі мен тарихын, тілдік ерекшелігін мансұқ ететін, не жартылай мойындамайтын нигилистермен бірге әдет-ғұрыпты, қазақшылықты қорғаудың жөні осы екен деп дінді төмендетіп, ұлттық дәстүрді одан жоғары қоятындар да бар. Олардың көпшілігінің терең діни білімі жоқ. Бірақ осы тақырыпты талқылауға аса құштар. Дәлелдерінің дені дәстүр мен даналар сөздері. Шарифаттан мардымды мағлұмат болмағандықтан әдет-ғұрып пен дін арасындағы байланысты тереңірек түсіндіруге қауқары жоқ. Нәтижесінде алғашқысына басымдық беріп, екіншісін төмендетеді. Мұндай қасаң пікірлердің ғұмыры қысқа. Себебі, адамдардың діни сауаттылығы артқан сайын айтушыға деген талап та күшеймек.

§2 ДӘСТҮРДІҢ ДІНДЕГІ ОРНЫ

Дәстүріңді баққаның – үмітіңді жаққаның. Салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел. Өзге елге барғанда өз еліңнен айырмашылығын бірден байқайсың. Өз жұртыңның артықшылығын, кемшілігін бағалай аласың. Мұның өзі Жаратушының әрбір халықтағы иләһи белгілері, хикметі.

Тарих беттерін ақтарып отырып басқыншы елдердің бодан жұрттың ұлттық айырым белгілерін, дәстүрлерін ұмыттыруға тырысқандығын көреміз. Сосын оларға өздерінің тілі мен дінін, мәдени құндылықтарын әкеліп тықпалаған. Ал өзінің тілі мен дінін, салт-дәстүрін ұмытып, оның орнына өзгенікін сіңіріп алған жұрттың болашағы жоқ. Ислам діні де мұны құптамайды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.с.) мұсылмандардың өзге халықтардың теріс әдет-ғұрыптарына еруіне тыйым салған. Өйткені өзгенің қаңсығын таңсық көріп, өзіндегі рухани құндылықтар, қағидаларды аяқ асты еткен кезде иман да жоғалады.

Қазақ халқының Ислам дінімен таныс болғанына мың екі жүз жылдан астам уақыт өтті. Содан бері салт-санасы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті мұсылмандыққа бейімделіп, ақырында Ислам діні халық ділімен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырамас бөлгіне айналды.

Ислам шариғаты дұрыс ұғымдарды, ізгі мұраттарды бекітіп, бұрыс ұғымдарды тоқтату үшін келді. Сондықтан мұсылман халықтарындағы дәстүрлерді елеп-екшейтін басты безбен шариғат болып саналады.

Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар Ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының бірі болып саналады.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿خُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ﴾

Алла Тағала: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал», – деп бұйырған⁵.

Алланың Елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар, дағдылар бар болатын. Пайғамбар (с.а.с.) олардың Құдай Тағаланың әмір-тыйымына кереғар келмейтінін қабылдап, қарсы келетініне тыйым салды.

Шариғатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіруді барлық мазһабтардың имамдары қолдайды.

Терминдерге түсініктеме

Асылында, біз қарастырып отырған қазақ тіліндегі ғұрып, әдет сөздерінің түп-негізі шариғат терминдері. Мұның өзі халқымыздың шариғатпен сонау ықылым замандардан таныс болғандығын білдіреді. Енді осы сөздердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып анықтамасын айқындап алайық.

Ғұрып. Қазақша «ғұрып» сөзі العرف «әл-‘урф» сөзінен шыққан. Араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекет, үрдіс деген мағыналарды білдіреді.

الْعُرْفُ اصْطِلَاحًا: مَا اسْتَقَرَّتِ النَّفْسُ عَلَيْهِ بِشَهَادَةِ الْعُقُولِ، وَتَلَفَّتُهُ

الطَّبَائِعُ بِالْقُبُولِ

⁵ Ағраф сүресі, 199-аят.

«Әл-урф» сөзінің шарифаттағы терминдік анықтамасы мынадай: «Ол ақыл-ойдың, логиканың құптауымен көңілдерге орныққан, адам табиғаты қабыл алатын нәрселер»⁶.

«Әдет» сөзі арабтың «әл-ъаада» العادة сөзінен шыққан. Мағынасы адамдар арасында көп қайталанатындықтан дағдыға айналған істер дегенді білдіреді.

Әдет және ғұрып сөздерінің мағынасы бір десе болады. Кейбір шарифат кітаптарында «урф» сөзін қолданса, енді біреулері «әдәт» сөзіне басымдық берілген.

«Дәстүр» сөзі де арабша دستور «дустур» деген сөздің қазақша баламасы. Арабша мағынасы іс-әрекет жасалатын ереже, заң дегенді білдіреді. Қазіргі араб тілінде бұл, негізінен, бір елдің конституциясы деген мағынада қолданылады⁷. Бұл сөздің осынау терең мағынасын, этимологиялық түп-төркінін зерделеп мынадай ой түюге болады. Сірә, қазақ даласында Ислам шарифаты мен дала заңдарының қосындысынан шыққан заңнамалық жүйе дәстүр деп аталса керек. Содан соң ата-баба дәстүрі, салт-дәстүр деген ұғымдар пайда болған. Жоғарыда аталған шарифат терминдерінің тілімізге ежелден еніп, кейіннен ауыспалы мағыналарда қолданылуы осындай пікірге жетелейді.

Бұл жерде айқындап алуға тиісті бір мәселе бар. Әдетте, қазақ тілінде салт-дәстүр, әдет-ғұрып деген сөз тіркестерінің мағынасы бір, негізінен, халық арасында қалыптасқан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын мәдени ерекшеліктер ретінде қарастырылады. Ал шарифаттағы әдет, ғұрып сөздері

6 Әл-Маусуа әл-фиқһия әл-куәйтһия, 30-том, 53-бет; Әл-Журжанидің әт-Тағрифат кітабы.

7 Әл-Муғжамул-уасит

салт-дәстүрмен бірге адамдар арасында сіңісті болып қалыптасқан әдеттерді, үйреншікті дағдыларды, ұғымдар мен сөздерді де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда мұсылман заңнамасындағы әдет, ғұрып терминдерінің мағыналық аясы кең, жалпылық мәнге ие. Қазіргі араб тілінде халық арасында қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық құндылықтар туралы «адат уа тақалид» عادات وتقاليد, «турас шағби» شعبي تراث деген сөздер де қолданылады.

Адамдар арасында дағдыға айналған шарифат шартына қайшы келмейтін істер шарғи үкімдерді белгілеуде мұсылмандық заңнаманың екінші дәрежедегі қайнар көзі ретінде қарастырылады. Шарифат үкімдері алынатын басты қайнарлар Құран Кәрім мен Пайғамбар (с.а.с.) сүннеті екендігі белгілі. Аталмыш мәндегі ғұрыптар фиқһ ілімінде тармақты үкімдерді белгілеуде заңды дәлел ретінде алынады. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалары белгілі бір мәселеге үкім шығарғанда кейде халық арасында қалыптасқан ғұрыптарға да сүйенген.

Шарифат саласында сондай маңызға ие болған әдет-ғұрыпқа фиқһ негіздері ілімінде арнайы терминдік анықтама берілген.

Абдулла ибн Ахмад ән-Нәсәфи өзінің әл-Мустасфа атты еңбетінде былай дейді: «Ғұрып пен әдет дегеніміз адамдардың көңілдерінде ақылға қонымды болып орныққан, адам табиғаты қабыл алатын нәрселер».

Ханафи мазһабының ғұламасы Ибн Абидин әдетке мынадай анықтама берген: «Әдет деген сөздің негізі көп қайталанғандықтан үйреншікті іске айналған, адамдар арасында ешбір түсіндіруді қажет етпейтін танымал болған, шынайы ғұрыпқа айналған істер дегенді

білдіреді»⁸. Демек, шарият қабыл алатын ғұрып, әдет дегеніміз адамның табиғатына танымал, ақыл да, заң да, адамгершілік таразысы да құптайтын оң істер.

Әдет-ғұрып *العرف* жалпы және жалқы болып екіге бөлінеді. Жалпы әдет-ғұрыптарға әртүрлі аймақтарда өмір сүретін мұсылман халықтары арасында белгілі бір уақытта қалыптасқан ортақ танымал әдет-ғұрыптар жатады. Мысалы, үйлену, талақ, сауда, қолөнерге қатысты әдет-ғұрыптар. Ал жалқы әдет-ғұрыптар дегеніміз белгілі бір қаланың не аймақтың адамдарына ғана таныс әдет-ғұрыптар. Мысалы, қалыңдық мәһрін белгілеудегі аймақтық ерекшеліктер, ақша бірлігі, салмақ, ұзындық өлшеміндердегі айырмашылықтар.

Әдет-ғұрып сипаты жағынан іс-әрекет һәм сөз түріндегі болып екіге бөлінеді. Әрқайсысының анықтамасы төмендегідей.

الْعُرْفُ الْعَمَلِيُّ: هُوَ مَا جَرَى عَلَيْهِ النَّاسُ وَتَعَارَفُوهُ فِي مُعَامَلَتِهِمْ
وَتَصَرُّفَاتِهِمْ، كَتَعَارُفِ النَّاسِ الْبَيْعِ بِالتَّعَاطِي.

«Іс-әрекет түріндегі ғұрып, дағды дегеніміз адамдардың өзара қарым-қатынастары мен іс-әрекеттерінде дағдыға айналған танымал істер. Мысалы, адамдардың «сатып алдым», «саттым» деген сөздерді айтпай-ақ, сауданы қолма-қол жасауды әдет етуі»⁹.

الْعُرْفُ الْقَوْلِيُّ: أَنْ يَتَعَارَفَ قَوْمٌ إِطْلَاقَ لَفْظٍ عَلَى مَعْنَى، بِحَيْثُ لَا
يَتَبَادَرُ عِنْدَ سَمَاعِهِ إِلَّا ذَلِكَ الْمَعْنَى، كَالدَّرْهِمِ عَلَى النَّقْدِ الْعَالِبِ.

8 Ар-Расаил, 2-том.

9 Әл-Маусуа әл-фиқһия әл-куәйтһия, 30-том, 55-бет.

«Сөз түріндегі ғұрып немесе үрдіс дегеніміз белгілі бір адамдар тобының бір сөзді белгілі бір мағынада айтуға дағдылануы. Сол сөзді естіген кезде ойға аталмыш мағына ғана түсуі керек. Мысалы, дирхемді ақша мағынасында қолдану»¹⁰.

Сол сияқты қазақ тілінде намаз дегенде құлшылықтың еске түсуі, Алла, Құдай, Тәңірі дегенде жалғыз Жаратушы Хақтың еске түсуі, теңге дегенде ақшаның еске түсуі, палау дегенде күріштен жасалған тағамның еске түсуі сияқты. Ал оларды осы қалпынан өзгертудің еш қисыны жоқ.

Адамзаттың әр ұлтқа бөлініп, түрлері мен түстерінің, нәсілі мен тегінің һәм тілі мен диалектісінің әркелкі болуы Алла Тағаланың айнымас аяттары. Оларды мойындамау, белден басу, теріске шығару Жаратушының хикметпен жарату заңына қарсы шыққанмен тең.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمِنْ آيَاتِهِ خَلْقُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافُ
أَلْسِنَتِكُمْ وَأَلْوَانِكُمْ إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِّلْعَالَمِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Көктер мен жердің жаратылысы және тілдерің мен түстеріңнің әр алуандығы Оның (Алланың) белгілерінен. Шындығында, осында білушілер үшін, сөзсіз, белгілер бар».¹¹

10 Әл-Маусуа әл-фиқһия әл-куәйтһия, 30-том, 54-бет; Әт-Тақрир уат-тахбир, 1/282.

11 Рум сүресі, 22-аят.

Ғұрыпты дәлел ретінде қарастыру

Әдет-ғұрып мұсылман заңнамасында кейбір мәселелерді шешуде айғақ ретінде қолданылады әрі шариғат ғалымдары арасында мақұлданған. Ханафи мазһабының кейбір өкілдері шариғат ережесіне сай келген ғұрып нақтылы шарғи дәлел ретінде қарастырылатындығын айтқан. Бұл тұрғыда фикһ негіздерін зерттеуші ғұламалар Құран Кәрімдегі «**Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал**» деген аятты алға тартқан. Сондай-ақ, Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен мына риуаятты дәлелге келтіреді.

مَا رَأَى الْمُسْلِمُونَ حَسَنًا فَهُوَ عِنْدَ اللَّهِ حَسَنٌ وَمَا رَأَى الْمُسْلِمُونَ سَيِّئًا فَهُوَ عِنْدَ اللَّهِ سَيِّئٌ

«Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың алдында жаман».

Ханафи мазһабының ғалымы Ибн Абидин «Уқуд рәсм әл-муфти» кітабында былай дейді:

وَالْعُرْفُ فِي الشَّرْعِ لَهُ اِعْتِبَارٌ لِدَا عَلَيهِ الشَّرْعُ قَدْ يُدَارُ

Ғұрыптың шариғатта орны бар,
Кейде үкім соған орай орнығар.

Малики мазһабының өкілі Ибн Асим әл-Андалусий өзінің «Муқтада әл-уусуул илә илм әл-усуул» атты кітабында былай дейді:

الْعُرْفُ مَا يُعْرَفُ بَيْنَ النَّاسِ وَمِثْلُهُ الْعَادَةُ دُونَ بَاسٍ
وَمُقْتَضَاهُمَا مَعًا مَشْرُوعٌ فِي غَيْرِ مَا خَالَفَهُ الْمَشْرُوعُ

Ғұрып – іс қой адамдарға танымал,
Әдеттің оған ұқсастығын танып ал.

Екеуі де шариғатқа енер ендеше,
Мәні қиғаш болып егер келмесе.

Ғұрыптың шариғаттағы шарттары

Фикһ білгірлері әдет-ғұрыптың шариғатта қабыл алынуының бірнеше шартын белгілеген. Олардың бастылары төмендегідей:

1. Құран Кәрім мен Сүннетке және мұсылман ғұламаларының ортақ ұйғарымдарына кереғар келмеуі тиіс.

2. Үкім шығарылған уақытта халық арасында кең қолданылатын болуы тиіс. Негізінде, әдет-ғұрыптар әр заманда өзгеріске ұшырап отырады. Тарихта болып, кейіннен жойылған әдет-дағдылар шариғатта есепке алынбайды.

3. Қарастырылатын әдет-ғұрып бұқара халықтың арасында кең таралған, үйреншікті дағды болуы тиіс. Жекелей адамдар арасындағы әдеттердің заңдылық күші жоқ.

Әдет-ғұрып – төреші

Мұсылман тіршілігіне қатысты сан алуан салалардағы іс-әрекеттердің заңдылық сипатын

анықтайтын фикһ ілімінің негіздерінде العادة محكمة «әл-ъаада мухаккама» деген заңнамалық қағида бар. Мағынасы «әдет-ғұрып – төреші», яғни нақтылы дәлелдер келмеген кейбір мәселелерде адамдар арасында қалыптасқан әдет-ғұрыпқа жүгініп, солардың негізінде үкім шығарылады дегенді білдіреді. Демек, кейбір кезде салт-дәстүр, ғұрыптар заңды дәлел ретінде қарастырылады. Бұл ереже фикһ ілімі ғұламалары түзген, мақұлдаған аса маңызды қағидалардың бірі болып саналады.

Ижма және ғұрыптың айырмашылығы

Ғұрып пен ижма екеуі де шарифаттың қайнар көздері болып саналады. Алайда ижма шарифат негізі ретінде ғұрыптан гөрі ілкімді дәлел. Өйткені ижма дегеніміз мүжтәһид ғұламалардың бір ауыздан келіскен ортақ шешімдері. Ал ғұрып озық ойлы ғұламаларды да, қарапайым ауам жұртты да қамтитын ортақ танымал істер. Ижма шарифат ғалымдарының бір ауыздан келісуінен шығады. Ал ғұрып әр елде әрқалай. Сондықтан ижма ғалымдардың белгілі бір мәселені шұқшия зерттеп, терең ізденуінен шыққан ортақ шешімі болса, ал ғұрып адамдар арасында қалыптасқан кәдуілгі үйреншікті іс-әрекет.

Әдет-ғұрыптың өзгеруіне байланысты пәтуаның өзгеруі

Әдет-ғұрып заман ауысқан сайын өзгеріске ұшырап, дамып отыратын құбылыс. Сондықтан да фикһ ғұламалары әр заманға және қалыптасқан әдет-ғұрыпқа

сай кейбір тармақты үкімдердің өзгеріп отыратындығын айтқан. Осы себепке байланысты түрлі мәселелерге пәтуа беретін шарифат ғалымынан өзі отырған аймақтың әдет-ғұрыпы мен мәдениетінен толыққанды хабардар болуы талап етіледі. Мысалы, қалыптасқан жағдайға қарай мешіттегі қызметкерлердің, имамдар мен азаншылардың, ұстаздардың жалақысын садақадан түскен қаржыдан бөлуге болады. Мұндай шешім қазіргі заманымызда қалыптасқан жағдайға байланысты шығарылған. Өйткені бұрынғы замандарда мұсылман елдеріндегі мешіт қызметкерлеріне бәйтул-малдан, яғни мемлекет қазынасынан жалақы белгіленетін. Ал қазіргі кезде ондай тәртіп жойылғандықтан дін қызметкерлері айлық нәпақасын садақадан түскен қаржыдан айыруға мәжбүр. Сонымен қатар, ақша түрлерінің, атауларының, өлшем бірліктерінің өзгеруімен де пәтуалар қайта жазылады. Яғни бұрынғыдай дирхем, динарды халық түсінбейтін болғандықтан, олардың орнына теңге өлшемі қолданылады, қадақ, сағ, пұт, мұд, батпанның орнына грамм, килограмм өлшемдері қолданылады.

Заманға қарай шешімдердің де өзгеруі Ислам шарифатының қатып қалған дүние еместігін, уақыт өткен сайын дамып, жетіліп отыратын әмбебап заңнамалық жүйе екендігін дәлелдейді.

Дәстүр мен діннің айырмасы

Қазақ халқында қалыптасқан ұлттық дәстүрлердің, ділдегі ұғымдардың басым көпшілігі Ислам дінімен бірге өрілген. Кейбірі хақ діннің негізінде пайда болған. Сондықтан ұлттық салт-дәстүрлер төл мәдениеттің аясында қарастырылады. Ал әрбір

халықтың мәдениетін, танымдық тұғырын айқындап беретін таразы – сол халық ұстанған идеологиялық рухани жол, яғни діні. Осы себепті дін дегеніміз діл мен дәстүрдің негізі болып табылады. Ал халық дінін ұмыта бастағанда сол діннен қалған сарқыншақтар әдет-ғұрыптарда ғана көрініс береді.

Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық шырмауында болған қазақ халқы осы отаршылықта болған басқа да түркі мұсылманхалықтары сияқты асыл дінінен алыстай бастады. Отаршылардың басты мақсаты отарланған елдің байлығы мен халықтық ресурстарын өз қажетіне асыру екендігі бесенеден белгілі жайт. Ал сол мақсатқа жету үшін отарланған халықты төл дінінен, әдет-ғұрып, салт-санасынан, тілінен, мәдениетін жұрдай ету қажет. Әйтпесе, өздерінің кім екендігін жадынан шығармайтын жұрт түптің түбінде тәуелсіздік жолында аянбай күресері хақ. Сол сияқты қазақ халқы да отарланған ел ретінде талай зобалаңды бастан өткерді. Алдымен дінін насихаттауына қатаң түрде тыйым салды. Сосын бірте-бірте тілі де шеттетіле берді. Сөйтіп, өзінің діні мен тілінен бейхабар, өзгенің сойылын соғуға әрдайым дайын тұратын мәңгірттер тобы пайда бола бастады. Сондай алмағайып заманда діннен «ата-бабамыз мұсылман болған» деген ұғым мен кейбір кәлима-сөздер ғана қалды. Кеңес билігі діни ұғымдар мен терминдердің барлығын адыра қалған архаизмдерге айналдыруға тырысып, олардың ескішілдік белгісі деп түсіндірді. Сөйтіп, Құдайды мойындамайтын атеизм ілімін идеологиялық арқау еткен коммунизм мұраттарына бейімделе бастаған жұртта ендігі жерде діннен тек салт-дәстүр мен адамгершілік принциптері, ұлттық ерекшеліктер ғана қалды.

Әлхамдулилла, Құдай Тағаланың қалауымен

дербестікке қол жеткізген соң сол сақталып қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананы қайта жаңғырту негізінде ғана қайтадан толыққанды ұлт болып қалыптасып келе жатырмыз. Кейіп кеткен арналарға су келіп, қайтадан дарияға айналып жатқан заманды бастан кешірудеміз. Қазақ ұлтының қайта түлеу кезеңіне куә болудамыз.

Елбасымыз бір сөзінде «Адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады» деді. Расында да, санада сақталған салт-дәстүрдің орны ерекше. Тағы бір түсінгеніміз, дәстүр мен мәдениет діннің ықпалымен дамып, өзіндік өң қалыптастырады. Тілдің дамуына да діннің тигізер әсері мол. Қазірде біз діни нанымы әлсіз болған халықтардың дәстүрімен бірге тілінің де жойылып, ақырында ұлт ретінде жер бетінен мүлде жоғалып жатқанына куә болып отырмыз.

Қорыта келгенде, дін – дәстүрдің таразысы. Ал иләһи уахидың негізінде бекітілген діни рәсімдерді әдет-ғұрып деп есептеуге болмайды. Өйткені олар Алла Тағаланың тікелей әмір еткен амалдар. Ал салт-дәстүр адамдардың арасында көп әдеттенгендіктен пайда болған дағдылар.

Салт-дәстүрлер заманына қарай өзгереді. Мысалы, қазақ жерінде кезінде ғұмыр кешкен тайпалардың салт-дәстүрлері бөлек болғаны анық. Ал сол халықтардың жалғасы болып саналатын қазақ халқының наным мен танымы, салт-санасы Ислам дінімен бірге қабыса дамыды.

«Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік» деп құрметті Елбасымыз атап өткендей, қанша ғасырлар өтіп, қаншама қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар сол күйі қалады да, ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады.

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар

Халық арасында қалыптасқан, тамыры тереңде жатқан салт-дәстүрлермен бірге шариғат құптамайтын ырымдар, қалыптасып қалған әдеттер де бар. Мысалы, болашақты болжау, балгерлікпен айналысу, құмалақ ашу, өлілерге табынып, олардан қажетін сұрау, әр нәрсені киелі тұтып сиыну, табыну үрдістері мұсылманшылыққа жат қылықтар.

Кейбір этнограф ғалымдарымыз, салт-дәстүр зерттеушілері өз еңбектерінде Ислам дініне дейінгі нанымдар мен сенімдерді зерттеп, ондағы надандық дәстүрлерді, есте жоқ ерте замандағы мифологияны, көпқұдайшылықты қайта жаңғыртуға шақырады. Мысалы, кейбіреулер наурыз мейрамын отқа табынушылардың мейрамы деп санап, сол үшін оны тойлағанда отқа сиынып, оның үстінен секіріп ойнау қажет деген жөнсіз пікірлерін көңірсітіп, халықты надандық әдеттерге үндейді. Сондай-ақ, қазақ халқы мұсылмандықтан гөрі шамандыққа жақын болған деп қатардағы оқырманның ойын сан-саққа жүгіртеді, ана сүтімен дарыған мұсылмандық сеніміне селкеу түсіріп, әрі-сәрі күйде қалдырады. Ғаламның пайда болуы туралы жаңсақ мифологиялық пайымдарды қайта тірілтуге тырысады. Көпшілігі мұны білместікпен істейді, жазылған дүниенің қаншалықты әсерлі болатындығына, оқырманның танымына қаншалықты әсер ететіндігіне, қазақы мұсылманшылыққа қаншалықты зарары, салдары тиетіндігіне мән бермейді. Тым болмаса, қазіргі кезде қалыптасқан ислами таныммен ара-жігін ажыратып жатпайды. Себебі, олардың басым көпшілігінде шынайы мұсылмандық ұстаным қалыптаспаған. Сондықтан да сайда саны

жоқ, құмда ізі жоқ надандық ұғымдар мен ғұрыптарды қайта жаңғыртуға құмар. Ендеше замана көшінен қалып, жарамсыз болып ұмытылған дүниелерді жіпке тізе бермей, дұрыс пен бұрыстың ара-жігін ажыратып, халықтық мәдениет пен танымның біртұтастығын сақтау жолында жұмыс жасау қажет.

Теріс әдеттер

Қазақ салт-дәстүрлерінің дені шариғатқа қайшы келмейді. Бірақ қазіргі қоғамымызда мұсылманшылыққа жат кейбір әдетке айналған күнәлі істер кездеседі. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

Адасқандардың жолына ілесу

Қазіргі қазақ қоғамында кездесетін келеңсіз көріністердің бірі жат елдің тұрмыстық салттарын, мәдени құндылықтарын талғамсыз ала беру. Діні мен танымы мүлде басқа мұсылман емес халықтардың қаңсық болған дағды-ғұрыптарын, теріс қылықтарын таңсық көріп, салт-санаға енгізудің зардабы зор. Бұл бізді ұлттық болмысымыздан, мұсылмандық мінез-құлқымыздан ажырататын, құрдым апаратын жол. Ардақты Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне осы жайында қатты ескерткен еді.

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«لَتَتَّبِعَنَّ سَنَنَ مَنْ قَبْلَكُمْ شِبْرًا بِشِيرٍ وَذِرَاعًا بِذِرَاعٍ حَتَّى لَوْ سَلَكَوا
جُحْرَ ضَبٍّ لَسَلَكَتُمُوهُ قُلْنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى قَالَ:
فَمَنْ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Сендер өздеріңнен бұрынғылардың жолдарымен қарыстан, шынтақтап еретін боласыңдар. Тіпті, олар кесірткенің ініне кіріп кетсе, сендер де оған кіретін боласыңдар», – дейді. Сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі! Олар яһудилер мен христиандар ма?» – деп сұрайды. Сонда Алланың Елшісі (с.а.с.): «Басқа кім болсын?» – деп жауап береді¹².

Харамға қол салу

Қоғамда кездесетін кейбір кең тараған әдеттер мұсылманшылыққа мүлде кереғар келеді. Оларға ең алдымен арақ, сыра, есірткі сияқты харам нәрселерді тұтынуды, зинақорлық сияқты қатаң тыйым салынған күнәлі істерді үйреншікті әдетке айналдыруды жатқызуға болады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«إِنَّ الْمَحَارِمَ تَكُنُّ أَعْبَادَ النَّاسِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَالتِّرْمِذِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Харам істерден сақтан, сонда адамдардың ішіндегі ең гибадатшыл тақуасы боласың», – деген¹³.

Өтірік айту

Адамдар арасында кең тараған жаман қылықтардың бірі жалған сөйлеу, жалған ант ішу. Бұл мұсылманшылыққа жат қылық. Шындық пен өтірік, иман мен күпірлік қатар жүрмейді.

¹² Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

¹³ Ахмет, Термези риуаят еткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلَيْكُمْ بِالصِّدْقِ فَإِنَّ الصِّدْقَ يَهْدِي إِلَى الْبِرِّ وَإِنَّ الْبِرَّ يَهْدِي إِلَى الْجَنَّةِ وَمَا يَزَالُ الرَّجُلُ يَصْدُقُ وَيَتَحَرَّى الصِّدْقَ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ صِدْقًا وَإِيَّاكُمْ وَالْكَذِبَ فَإِنَّ الْكَذِبَ يَهْدِي إِلَى الْفُجُورِ وَإِنَّ الْفُجُورَ يَهْدِي إِلَى النَّارِ وَمَا يَزَالُ الرَّجُلُ يَكْذِبُ وَيَتَحَرَّى الْكَذِبَ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ كَذَابًا». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Шындықты сөйлеңдер, шыншыл болыңдар! Расында, шындық ізгілікке апарады, ал ізгілік жұмаққа апарады. Бір адам шыншыл болып, тек шындық айтуды әдеттенеді де, ақырында Алланың алдында шыншыл болып жазылады. Ал өтіріктен сақ болыңдар! Расында, өтірік бұзықтыққа апарады. Бұзықтық болса, тозаққа апарады. Бір адам өтірік сөйлеп, өтірікке әдеттенеді де, ақырында Алланың алдында өтірікші болып жазылады»¹⁴.

Жемқорлық, парақорлық

Бүгінде жемқорлық қоғамдық дертке айналды. Бұл келеңсіздіктің бірден-бір емі – имандылық. Ислам діні жемқорлықтың кез келген түріне қатаң тыйым салған.

لَعَنَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الرَّاشِيَّ وَالْمُرْتَشِيَّ. رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ وَالتِّرْمِذِيُّ.

¹⁴ Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

Әбу Дәуіттен жеткен риуаятта Алланың Елшісінің (с.а.с.) пара беруші мен пара алушыға лағынет айтқан.

Парақорлық адамдар арасында ескіден келе жатқан мерез. Мысалы, ақын Шортанбай Қанайұлы (1808-1881) да өз заманындағы би-болыстарды жемқорлықтан сақтандырған екен. Оның өлең жолдарымен жеткізген мына насихаты әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Билер, пара жемендер,
Жанға бейнет кезбеңдер.
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа пара салмаңдар.
Дүние жинап өткен жоқ,
Бізден бұрынғы Пайғамбар.
Сөз айтайын, үлкендер,
Құдайдан ғапіл өтпеңдер.
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер!

Ысырапшылдық

Халық арасында кең тараған жағымсыз әдеттердің бірі – ысырапшылдық. Оны, тіпті, ұлттық әдетке айналып бара жатыр десек де болады. Той-томалақ, іс-шара өткізгенде бай, кедей екендігіне қарамастан, барынша шашылу, ас та төк ысырапшылдыққа жол беру басымдық алып барады. Дәулетті болса, бірнеше миллиондарды сарп ету, ал кедей болса, несие алып, ұлан-асыр той өткізуге тыраштану жазылмаған заңдылыққа айналғандай. Мұндай төгілудің артында адамдардың қаңқу сөздерінен қорқу, пәленшеден кем болмауым керек деген сияқты жалған намыс жатыр. Демек, барлығы рияшылдық, мақтанышқа негізделген іс-әрекеттер. Ал рияның өзі күнә, өзгелер көрсін,

мақтасын деген ниетпен жасалған істер жақсылыққа жатпайды.

Ысырапшылдықтың басқа да түрлері бар. Мысалы, кейбір адамдар Жаратушының өздеріне берген ризық-несібелеріне шүкіршілік ету былай тұрсын, оларды қалай болса солай пайдаланып, арам жолдарға сарп етеді. Мал-мүлікті, ақшаны жаман жолдарға, Алла Тағала тыйым салған құмар ойындарға, арам істерге, араққа, темекіге жұмсап ысырап қылады. Өлгендері үшін де шектен тыс мал шашып ас беріп, керемет мазарлар тұрғызып әуреленеді. Кейбіреулер өз басында үй, көлік болса да, дүниеге көзі тоймай, ішінде адам тұрмайтын зәулім сарайлар, мінілмейтін су жаңа көліктер сатып алып та ысырап қылады. Бұл тұрғыда хакім Абайдың халқына айтқан өсиеті әлі де өзектілігін жойған жоқ. Пенденің түбіне жететін теріс сипаттардың қатарында ысырапшылдықты да қосқан ақын былай дейді:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз!

Негізінде, «ысырап» сөзі араб тіліндегі *إسراف* *исраф* деген сөзден шыққан. Бұл сөз шектен шығу, малын пайдалануда, сөз сөйлегенде шектен асып, ысырап ету деген мағынаны білдіреді. Ал шарият ғалымдарының түсіндіруінше, ысырап ету мал-мүлікті, ақшаны пайдалануда кездесетін теріс қылық. Осыған орай ысырап екіге бөлінеді:

Мал-мүлікті, ақшаны арам нәрсеге жұмсаумен ысырап ету.

Мал-мүлік, ақшаны адал нәрсеге мөлшерден тыс жұмсаумен ысырап ету.

Алла Тағала Құран Кәрімде ысырап етуге қатаң тыйым салған. Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) да бұл теріс қылықтан аулақ болуға шақырған. Бірде Алла Елшісі (с.а.с.) сахабасы Абдулла ибн Амрдың (р.а.) дәрет алып жатып суды мөлшерден тыс көп пайдаланып жатқанын көреді де: «Бұл не деген ысырап?» – дейді. Абдулла ибн Амр (р.а.): «Дәрет суында да ысырап бола ма?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): «*Иә. Тіпті, ағып жатқан өзеннің жағасында болсаң да*», – деп жауап береді. Демек, суы мол дариядан дәрет алып жатсаң да суды ысырап етпеу керек екен. Бұл тек дәрет суында ғана. Ал мал-мүлікті ысырап етудің қателігі одан да зор.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَا تُسْرِفُوا إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُسْرِفِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**..Және де ысырап етпеңдер! Расында, Ол (Алла) ысырап етушілерді жақсы көрмейді**»¹⁵.

Тағы бір аятта бекер мал шашушылар албасты шайтандардың достарына жатқызылған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَأَتِذَا الْقُرْبَىٰ حَقَّهُ وَالْمِسْكِينَ وَابْنَ السَّبِيلِ وَلَا

تُبَدِّرْ تَبَدِيرًا إِنَّ الْمُبَدِّرِينَ كَانُوا إِخْوَانَ الشَّيَاطِينِ وَكَانَ الشَّيْطَانُ

لِرَبِّهِ كَفُورًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Жақын туыстарыңа, міскіндерге, жолда қалғандарға хақтарын бер. Әрі еш ысырап қылма! Шындығында, ысырапқорлар –**

¹⁵ Өнғам сүресі, 141-аят.

шайтандардың ағайындары. Ал шайтан Раббысына анық қарсы келуші»¹⁶.

Демек, ысырапшылық пендені ең төменгі дәрежелерге түсіріп, малғұн шайтандардың қатарынан бір-ақ шығаратын, ақыры жамандыққа апарып соқтыратын апатты іс екен. Сондықтан әрбір мұсылманның ысыраптан сақтануы керек.

عَنْ عَمْرِو بْنِ شُعَيْبٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «كُلُوا وَاشْرَبُوا وَتَصَدَّقُوا وَالْبَسُوا مَا لَمْ يَخَالِطَهُ إِسْرَافٌ أَوْ مَخِيلَةٌ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَه.

Амр ибн Шуғайыбтың атасынан жеткізген риуаятында Алла Елшісі (с.а.с.): «*Ішіңдер, жеңдер және садақа беріңдер һәм ысырап пен тақаппарлық танытпай киініңдер*», – деп ескерткен¹⁷.

Аманатқа қиянат

Тапсырылған аманатқа қиянат қылу күнә. Жалпы, аманатқа отбасы алдындағы жауапкершілік, қоғам алдындағы жауапкершілік және тағы басқа да толып жатқан міндеттер жатады. Сол сияқты адамдар арасындағы бір-біріне сеніп тапсырылған нәрселер де аманат саналады. Қазіргі кезде аманатқа қиянат қылу көп таралған күнәлардың бірі.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَوْفُوا بِالْعُقُودِ﴾

¹⁶ Исра сүресі, 26, 27-аяттар.

¹⁷ Ибн Мәже риуаят еткен.

Алла Тағала былай дейді: «**Уа, иман келтіргендер! Келісімдеріңде (уағдаларыңда) тұрыңдар!**»¹⁸.

عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا إِيمَانَ لِمَنْ لَا أَمَانَةَ لَهُ، وَلَا دِينَ لِمَنْ لَا عَهْدَ لَهُ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Әнес сахабадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «*Аманатты сақтай алмайтынның иманы жоқ, сертте тұрмайтынның діні жоқ*», – деген¹⁹.

Әйелдің еркекке ұқсауы

Ерте заманда адамдық қасиеттен айрылмаған кез келген қоғамда әйелдің еркекке еліктеуі, не еркектің әйелге еліктеуі мүлде қабыл алынбайтын шектен шыққан күнә саналатын. Алайда қазірде Батыстық сән мен салтанатқа еліктеген кейбір әйелдер ерлерге тән киімдерді киіп, ерлерше жүріп-тұратын болды. Сондай-ақ, кейінгі кездері Лұт қауымының ізбасарлары да бой көрсете бастады. Мұның барлығы Құдай Тағаланың қаһарына ұшырататын қылықтар.

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَعَنَ اللَّهُ الْمُتَشَبِّهِينَ مِنَ الرِّجَالِ بِالنِّسَاءِ، وَالْمُتَشَبِّهَاتِ مِنَ النِّسَاءِ بِالرِّجَالِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Ибн Аббас (р.а.) жеткізген риуаятта Аллань Елшісі (с.а.с.): «*Алла әйелдерге ұқсап еліктейтін ерлерге, ерлерге ұқсап еліктейтін әйелдерге лағынет айтты*», – деген²⁰.

18 Мәида сүресі, 1-аят.

19 Ахмет риуаят еткен.

20 Бұхари риуаят еткен.

Әйелдердің ашық-шашық киінуі

Қазақ салтында әйел де, ер де жұрт алдында киімсіз, не жартылай денесін көрсетіп жүрмеген. Алайда қазіргі заманымызда әйел затының кіндігін, омырауы мен денесінің әурет жерлерін ашып жүруі, көшеде шашын жайып жүруі үйреншікті жайтқа айналды. Керісінше, әуретін жауып, мұсылманша киініп жүретін иманды қыз-келіншектерге кінә артылып, күстана етілетін болды.

Мұсылман шарифаты әйелдердің әуреттерін жаппай, ашық-шашық жүруіне тыйым салады. Ондай әйелдер Пайғамбар (с.а.с.) заманында мүлде болмаған. Сондықтан олар жайлы уахи арқылы ғана біліп, олардың тозақтықтар екендігін ескертіп өткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «صِنْفَانِ مِنَ أَهْلِ النَّارِ لَمْ أَرَهُمَا، قَوْمٌ مَعَهُمْ سِيَاطٌ كَأَذْنَابِ الْبَقَرِ يَضْرِبُونَ بِهَا النَّاسَ، وَنِسَاءٌ كَاسِيَاتٍ عَارِيَاتٍ، مُمِيلَاتٌ مَائِلَاتٍ، رُؤُوسُهُنَّ كَأَسْنِمَةِ الْبُخْتِ الْمَائِلَةِ، لَا يَدْخُلْنَ الْجَنَّةَ وَلَا يَجِدْنَ رِيحَهَا، وَإِنَّ رِيحَهَا لَيُوجَدُ مِنْ مَسِيرَةِ كَذَا وَكَذَا». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Аллань Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «*Тозақтықтардың екі түрін көргенім жоқ (олар ақырзаман жақындағанда болады). Бірі – қолдарында сиырдың құйрығындай қамшылары бар, соларымен адамдарды ұратын топ. Екіншісі – жартылай жалаңаш киінген, қылымсып, мүләйімсіген, бастары*

түйенің өркешіндегі қисайған әйелдер тобы. Олар жұмаққа кірмейді, исін де сезбейді. Жұмақтың исі олардан тым қашықта болады»²¹.

Болашақты болжау

Әлі орын алмаған, қашан болатыны белгісіз істер ғайып хабарларына жатады. Олардың қалай болатындығы жайлы сәуегейлік жасап, бал ашу мұсылман танымына кереғар келетін теріс әрекет. Қасиетті Құран аяттары мен хадистерде ғайып істер жайлы болжам жасаудың үлкен күнә екендігі ескертілген.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ لَا يَعْلَمُ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ الْغَيْبَ إِلَّا اللَّهُ وَمَا يَشْعُرُونَ أَيَّانَ يُبْعَثُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «(Уа, Мұхаммед) Алладан өзге көктер мен жердегілердің ешбірі ғайыпты білмейді. Олар өздерінің қашан тірілетіндерін де сезбейді деп айт»²².

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ أَتَى عَرَافًا أَوْ كَاهِنًا فَصَدَّقَهُ بِمَا يَقُولُ فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أَنْزَلَ عَلَى مُحَمَّدٍ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім балгерге не бақсыға барып, оның айтқанын растаса, ол Мұхаммедке

21 Мүслім риуаят еткен.

22 Нәміл сүресі, 65-аят.

түсірілгенге (Ислам дініне) күпірлік келтіреді»²³, – деп ескерткен.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا عَدْوَى وَلَا طَيْرَةٌ وَيُعْجِبُنِي الْقَائِلُ، قَالُوا: وَمَا الْقَائِلُ؟ قَالَ: كَلِمَةٌ طَيِّبَةٌ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Аурудан қашу да, құстың ұшуына қарап бал ашу да болмайды. Маған фәл ұнайды». Сахабалар: «Фәл деген не?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): «Ол – жақсы сөз», – деп жауап берген²⁴.

Ғайып істерді болжауға жұлдыз-жорамалдар да жатады. Бүгінгі күні мына жұлдыздың ықпалы күшті болып, мынадай жұлдыз астында туылғандардың жолы болады, аналардікі болмайды деген сияқты саңдырақтар исі мұсылманның сеніміне селкеу түсіретін күнәлі істер.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَلَمْ تَرَوْا إِلَى مَا قَالَ رَبُّكُمْ؟ قَالَ: مَا أَتَعَمْتُ عَلَى عِبَادِي مِنْ نِعْمَةٍ إِلَّا أَصْبَحَ فَرِيْقٌ مِنْهُمْ كَافِرِينَ، يَقُولُونَ: الْكَوَاكِبُ، وَبِالْكَوَكِبِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайраның (р.а.) айтуынша Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Сендер Раббыларыңның не дегенін естідіңдер ме? Ол былай дейді: «Мен құлдарыма қандай

23 Хақим риуаят еткен.

24 Бұхари риуаят еткен.

да бір нығмет сыйламайын, олардың бір бөлігі оны теріске шығарады. Олар: «Жұлдыздар, жұлдыздар арқылы ғана болды», – деседі»²⁵.

Ата-бабасымен, тегімен мақтану

Қазірде ешқандай ғылыми, тарихи дәлелі болмаса да, ата-бабасының батыр, ұлы тұлға болғандығын айтып мақтанатын жандардың қарасы көбейді. Сосын сол бабасының жерленген жерін тауып алып, орнына зәулім кесене салу, биік ескерткіш тұрғызу сәнге айналды. Бұл қоғамды жік-жікке, ру-руға бөлуге апаратын теріс құбылыс. Асыл дініміз – Ислам да мұндай келеңсіздіктерді мүлде қолдамайды. Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне күнәға апаратын осындай қылықтардан аса сақ болуға шақырған.

عَنْ أَبِي مَالِكٍ الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «أَرْبَعٌ فِي أُمَّتِي مِنْ أَمْرِ الْجَاهِلِيَّةِ لَا يَتْرُكُوهُنَّ: الْفَخْرُ فِي الْأَحْسَابِ، وَالطَّعْنُ فِي الْأَنْسَابِ، وَالِاسْتِسْقَاءُ بِالنُّجُومِ، وَالنِّيَاحَةُ».
رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Мәлік әл-Ашғариден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Үмбетімнің арасындағы төрт нәрсе надандық дәуірінің ісі, бірақ оларды тастамайды: ата-бабамен мақтану, біреудің тегіне тиісу, жұлдыздармен жаңбыр шақыру (соған байланысты деп сену) және дауыс шығарып жоқтау»²⁶.

²⁵ Мүслім риуаят еткен.

²⁶ Мүслім риуаят еткен.

Әрбір тайпа, ру өзінің ата-бабасымен мақтанып, өзгеге шекірейе қарайтын болса, қоғам бұзылады. Ата-бабамыз мұндайда «жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп ескерткен. Ендеше бүтін халықты тоз-тоз ететін трайбализмнің салдарынан сақтанаық. Алла Елшісінің (с.а.с.) өсиеттерін орындайық.

عَنْ جُبَيْرِ بْنِ مُطْعِمٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَيْسَ مِنَّا مَنْ دَعَا إِلَى عَصَبِيَّةٍ، وَلَيْسَ مِنَّا مَنْ قَاتَلَ عَلَى عَصَبِيَّةٍ، وَلَيْسَ مِنَّا مَنْ مَاتَ عَلَى عَصَبِيَّةٍ».
رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Жубейр ибн Мутғим (р.а.) жеткізген риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Ұлтшылдыққа, рушылдыққа шақырған адам бізден емес. Ұлтшылдық, рушылдық үшін шайқасқан адам бізден емес. Ұлтшылдық, рушылдық үшін өліп кеткен адам бізден емес», – деп ескерткен²⁷.

Әділетсіздік

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді ата-бабаларымыз. Туғаны қылмыс қылса, оны кешіріп, ал басқа біреу ағаттық жасаса, абақтыға тоғыту әділетсіздік. Ислам діні қара қылды қақ жаратын әділеттілікке шақырады. Үкім еткенде заң алдында барлық адамға тең қарауды әділдіктің басты шарты етіп бекіткен. Алланың Елшісі (с.а.с.) қандай жағдайда болмасын, әділдікті сақтаған әрі үмбетін ар алдында адал болуға үндеген.


²⁷ Әбу Дәуіт риуаяты.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّ قُرَيْشًا أَهَمَّهُمْ شَأْنُ الْمَخْزُومِيَّةِ الَّتِي سَرَقَتْ، فَقَالُوا: مَنْ يُكَلِّمُ فِيهَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ؟ قَالُوا: وَمَنْ يَجْتَرِئُ عَلَيْهِ إِلَّا أُسَامَةُ بْنُ زَيْدٍ حِبُّ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، فَكَلَّمَهُ أُسَامَةُ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: يَا أُسَامَةُ، أَتَشْفَعُ فِي حَدٍّ مِنْ حُدُودِ اللَّهِ تَعَالَى؟ ثُمَّ قَامَ فَخَطَبَ، فَقَالَ: إِنَّمَا أَهْلَكَ الَّذِينَ كَانُوا مِنْ قَبْلِكُمْ أَنَّهُمْ كَانُوا إِذَا سَرَقَ فِيهِمُ الشَّرِيفُ تَرَكَوهُ، وَإِذَا سَرَقَ فِيهِمُ الضَّعِيفُ أَقَامُوا عَلَيْهِ الْحَدَّ، وَأَنْتُمْ اللَّهُ لَوْ أَنَّ فَاطِمَةَ بِنْتَ مُحَمَّدٍ سَرَقَتْ لَقَطَعْتُ يَدَهَا. «رَوَاهُ الشَّيْخَانِ وَالْأَرْبَعَةُ.

Айша анамыздың (р.а.) айтуынша, Құрайыш тайпасының көсемдерін текті әулет – махзумия руының ұрлық жасап қойған бір әйелінің жайы көп ойландырыпты. Бұл істің салдарынан қорыққан олар әйелді жазадан құтқарудың жолын іздеп: «Ол туралы Алланың Елшісіне кім айтып барады?» – деп кеңеседі. Сонда біреулері: «Ол туралы батылдықпен айта алатын біреу болса, ол – Алла Елшісінің (с.а.с.) сүйіктісі Усәма ибн Зәйд», – деп соны арашашы етуге келіседі. Келісім бойынша Усәма (р.а.) әлгі әйелдің мәселесі туралы Алла Елшісіне (с.а.с.) айтады. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «*Уа, Усәма! Алла Тағаланың жазасына арашашы болғың келе ме?!*» – деп қатты ашуланады. Сосын адамдарды мешітке жинап, алып былай деп жар салады: «*Ақиқатында, сендерден бұрынғы үмбеттер егер олардың арасында текті адам ұрлық қылса, оны қоя салатын, ал егер бір әлсіз адам*

ұрлық қылса, оны жазалайтын. Олар сондай істері үшін жойылып кетті. Алланың атымен ант етемін, егер, тіпті, менің қызым – Мұхаммедтің қызы Фатима бір ұрлық қылса, оның да қолы кесіледі!»²⁸

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) қоғамдағы әділдік қағидасын осылай айқындап берген. Өзі де өзгелерге үлгі болған.



²⁸ Бұхари, Мүслім жеткізген.

§3 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ИМАНИ ДӘСТҮРЛЕРІ

Ұлттық сана

Қазақ кеше көшпелі, бүгінде отырықшыланған өркениетті халық. Яғни отырықшылық мәдениетке көшкеніне бір ғасырдан астам уақыт болған жаңа қанды ұлт. Жалпы сайын далада, тұмса табиғаттың ортасында тіршілік жасаған номад халықтардың ұлттық санасы белгілі бір қорғанның қабырғасының ішінде қым-қуыт тіршілік еткен отырықшы жұрттардан өзгеше болған. Ол туралы тарихшылар мен әлеуметтанушылар айтып кеткен. Көшпелілер адамизат болып жаратылған әу бастағы жаратылыстық саф сипаттарға жақынырақ болса, отырықшыларға өркениеттенген мәдениет пен қу саудагерде болатын құбылмалы сипаттар тән. Бұл тақырып байланысты әлеуметтану ғылымының түп атасы Ибн Халдун өзінің *әл-Муқаддима* атты еңбегінде арнайы бір бөлім жазған. Ол былай дейді: «Дала жұрты қала жұртынан қарағанда фитраға²⁹ жақын. Адам жаны алғашқы жаратылыстық таза қалпында яки фитрада болғанда өзіне жеткен сөзді, үгітті қабыл алуға әзір тұрады, жақсылық пен жамандықты тез сезіп, ажыратады. Алла Елшісі (с.а.с.): «Әрбір нәресте әу бастағы жаратылыста, фитрада туылады. Алайда ата-анасы оны не яһуди етеді, не христиан етеді, не мәжуси етеді», – деген. Адамға жақсы, жаман сипаттың қайсысы бірінші жеткенде екіншісінен алыстайды да, оған қол жеткізу бара-бара қиынға айналады. Ізгілік иесі өзіне ізгілік әдеттері жеткенде бойында зұлымдықтан аулақ болу қасиеті қалыптасады да, жамандықтан ұзақтап,

29 Фитра – адамзаттың алғашқы жаратылыстағы бұзылмаған таза қалпы, ділі.

оған оралу қиын іске айналады. Керісінше, зұлымдық иесі де жамандыққа бой үйретіп алғаннан кейін жақсылықтан мүлде жырақ кетеді.

Қала халқы жайлы тіршілік, рахат өмірге, дүниеқұмарлыққа, өркениет қызықтарына көп бой үйреткендіктен жан дүниелерінде теріс мінездер, жаман қылықтар көп болып, соның себебінен ізгілік жолдарынан алыстайды. Олардың бойларынан қымсыну, ұялу сипаттары кетеді де, отырыстарында былапыт сөздерді жиі айтатын болады. Үлкендері мен әйелдері мұндай теріс қылықтарға тәйт деп тоқтау салмайды. Сөздері мен істерінде бұзықтық белгілері байқалған соң олардағы ұялу сезімі жойылады.

Ал дала жұртында қалалықтар сияқты дүниеге құмарлық сипаты аздап болғанымен, тұрмыс жағдайларына қарай жайлы өмірдің шектеулі бөлігіне ғана қол жеткізеді. Қызықтар мен рахатшылықтың көріністері мұнда аз. Сондықтан жайлы тіршіліктен туындайтын теріс сипаттар да, бұзық мінездер де қала жұртына қарағанда азырақ. Сол себепті де олар фитраға жақынырақ...»³⁰.

Әрине, Ибн Халдунның бұл пікірін жоққа шығарғандар да болған. Олар мына аятты дәлелге келтірген.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿الْأَعْرَابُ أَشَدُّ كُفْرًا وَنِفَاقًا وَأَجْدَرُ أَلَّا يَعْلَمُوا حُدُودَ

مَا أَنْزَلَ اللَّهُ عَلَى رَسُولِهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Бәдәуи арабтар күпірлік пен екіжүзділікте қаттырақ әрі Алланың Елшісіне түсірген шектеріннен мақұрым қалуға лайықтырақ. Алла – Білуші һәм Дана»³¹.

30 Әл-Муқаддима, 4-бөлім.

31 Тәубе сүресі, 97-аят.

Алайда осы аяттан кейінгі аяттарда көшпелі арабтардың жақсылары да, жамандары да болатындығы жайлы айтылған. Сондықтан бұл мәселеге сыңаржақ көзқараспен қарауға болмайды.

Дала халқы табиғатқа етене жақын тіршілік ететіндіктен жандары да тазалыққа, фитралық қасиеттерге бай. Тілдері де, дәстүрлері де қала халқынікіндей көп бұзылмаған. Сондықтан ертедегі арабтар салт-дәстүр мен таза араб тілін үйрету үшін балаларын көшпелі туыстарының арасында тәрбиелеуге тырысқан. Ардақты Пайғамбардың (с.а.с.) өзі де араб тайпаларының арасында өсіп, олардың салт-дәстүрлерінен, тілі мен ділінен, шежіресінен жете хабардар болған. Әрбір тайпаның өкілімен өз тілінде ескі танысын көргендей емен-жарқын сұхбат құрған. Соның арқасында олармен ортақ тіл табыса алған. Мұның өзі жаратылыстың ең қайырлысына деген Жаратушының ерекше мейірімі, хикметі.

Қазақ халқы да сол арабтар сықылды көшпелі ел болды. Оған соншалықты көп уақыт өте де қойған жоқ. Сондықтан қала мәдениетімен тіршілік еткен көршілес туыс халықтарға қарағанда әлі де болса фитралық сипаттарға жақынырақ. Қазақстанда бірнеше жыл жұмыс істеген араб ғалымынан қазақ қандай халық екен деп сұрағанда, ол қазақтың нағыз фитраға жақын таза пейілді ұлт екендігін айтып, пікірін білдіріпті.

Расымен де, халқымыз ата-бабасының жолынан ауытқи қоймаған фитраға жақын ел. Ал мұндай сипаттағы халықтардың бір қайнауы ішінде, болашағы әлі алда. Тарих парақтарынан осы сипаттағы халықтардың елеулі жаңалықтар жасап, өркениет дөңгелегін алға жылжытуға үлкен үлес қосқандығын білеміз.

Құдай Тағала туралы таным

Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан діні – Ислам, шариғаттағы іс-амал мазһабы – ұлы имам Әбу Ханифаның мазһабы. Ал діни дүниетанымдық ұстанымы Исламның негізгі қайнар бұлақтары – Құран мен Пайғамбардың (с.а.с) сүннетіне негізделген Сүннет және жамағат жұрты, оның ішінде Әбу Мансұр әл-Матуридидің мектебі болып табылады. Қазақ халқының да ұлттық бет-бейнесі, ділі мен тілі осы идеологиялық мектептің негізінде қалыптасты. Оған айғақ боларлық айшықты дәлелдер жетіп-артылады. Бұхар жыраудан бастап Абай, Шәкәрімге дейінгі ойшылдар мен ақындардың мұраларынан нағыз мұсылмандықтың үлгісін көреміз. Мысалы, Абылай ханның ақылшы абызы Бұхар жырау (1668-1781):

Алла деген ар болмас,

Ақтың жолы тар болмас! – деп Құдай деген құлдың медетсіз қалмасына нық сенімді екендігін білдірсе, ал кейінгі ғасырларда ғұмыр кешкен Мәшһүр Жүсіп таухид іліміндегі иләһи сипаттарды жалпақ жұрттың құлағына үйреншікті өлең жолдарымен былайша өрнектеген:

Ол – Алла жисм, жауһар, ғариз емес,

Боларға басқа басқа бөлектенбес.

Алланы еш нәрсеге ұқсатуға,

Еш нәрсе Оған ұқсап жөні келмес.

Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,

Мекенін бір Алланың ешкім білмес.

Сипаты сегіз болған, бірі – кәләм,

Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам

Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,

Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам
Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ,
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсеге ұқсамайды Ол, еш нәрсеге,
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп «Мекенін бір
Алланың ешкім білмес» деп Жаратқанның кеңістіктен
орын алмайтындығын, жаратылыс сияқты мекені
болмайтындығын меңзеп тұр. Бұл Құдай Тағаланың
Құран Кәрімде айтылған сипатымен дәп келеді.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Оған (Аллаға) ұқсас
ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естуші һәм Көруші!**» (Шура, 11).

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

Жаратқан Ие былай дейді: «**Ақиқатында, Алла
әлемдерге мұқтаж емес**» (Әл Имран, 97).

Сондай-ақ, қазақтың данасы Абай Құнанбайұлы
да қазақтың Тәңір туралы танымдық тұжырымын қара
өлеңмен өрнектейді:

Мекен берген, халық қылған Ол – лә мәкән,
Түп Иесін көксемей бола ма екен?
Және Оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Ақындар мен оқымыстылары анықтап берген
Құдай Тағала туралы қазақтың ұстанымы Сүннет пен
жамағат жұртының ұстанымымен бір. Оның ішінде әл-
Матуриди мектебінің ізбасарлары екендігін білдіреді.
Мысалы, ғұлама ат-Тахауидің мұсылманның наным

қағидаларын тұжырымдап берген еңбегінде былай
делінеді.

وَتَعَالَى عَنِ الْخُدُودِ وَالْعَايَاتِ، وَالْأَرْكَانِ وَالْأَعْضَاءِ وَالْأَدْوَاتِ، لَا تَحْوِيهِ
الْجِهَاتُ السَّتُّ كَسَائِرِ الْمُبْتَدَعَاتِ

«Алла шекаралардан, шектерден, тіректерден,
мүшелерден, құралдардан асқақ, Оны жаратылған нәрселер
сияқты алты жақ қамтымайды».

Түсіндірмесі: «Алла Тағала уақыт, кеңістік,
өлшемдерге мұқтаж емес. Өйткені ол материя емес. Ол
ұғымдарды, құбылыстар мен заттарды, заңдылықтарды
жаратқан. Ал Өзі ол жаратылыстарға, заңдылықтарға
бағынбайды. Алла Тағала ондай жаратылыстық
қасиеттерден пәк. Дүниедегі нәрселердің барлығы
белгілі бір кеңістікте мекен, орын алып орналасқан.
Олардың асты мен үсті, алды мен арты, оңы мен
солы бар. Жаны барлардың жүретін тіректері, яғни
аяқтары, сезетін мүшелері, ұстайтын қолдары болады.
Бұл жаратылғандардың сипаты. Ал Алла Тағала ондай
сипаттардан ада. Жаратқанға жаратылыстың қасиетін
таңған адам күпірлік келтіреді»³².

Тәңірден тіле тілекті

Қазақ халқы тілек-қажетін бір Құдай Тағаладан
сұраған. Дұғасының қабыл болуы үшін тәуәссүл
жолдарына жүгінген. Басты тілек Құдайдың қаһарына
ұшырамау деп түсінген қоғам Жаратқаннан сұрап,

³² Бас Мүфти Ержан қажы Малғажыұлының «Таным тұғыры» кітабы,
39-бет.

Оған тәуекел еткен жан түбінде мақұрым қалмайды деп иланған. Мысалы, Бұхар жырау былай дейді:

Алла деген ар болмас,
Алла деген пенделер,
Еш нәрсеге зар болмас.

Сонымен бірге халық жадында сақталған оралымдар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер қазақтың Құдайшыл ел болғандығын білдіреді. Мысалы, тілекке тек Тәңірдің жауап беретіндігін мынадай мақал-мәтелдермен білдірген. «Құдайдан сұрасаң, кешірет, кісіден сұрасаң, үніңді өшірет». «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады». «Құдайға сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады». «Алла деп барсаң аман келерсің».

Мұндай сөздер шынайы мұсылман танымының болғандығын дәлелдейді. Қасиетті аят-хадистерде тілекті бір Алладан ғана тілеу керектігі баса айтылған.

وَلَقَدْ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ فَقَالَ: أَقْرَبُ رَبَّنَا فَتُنَاجِيهِ، أَمْ بَعِيدٌ فَتُنَادِيهِ،
فَسَكَتَ عَنْهُ، فَأَنْزَلَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَإِذَا سَأَلَكَ عِبَادِي عَنِّي فَإِنِّي قَرِيبٌ أُجِيبُ دَعْوَةَ الدَّاعِ إِذَا دَعَانِ فَلْيَسْتَجِيبُوا لِي وَلْيُؤْمِنُوا بِي لَعَلَّهُمْ يَرْشُدُونَ﴾.

Бірде бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Расулалла! Раббымыз жасырын дұға қыларлықтай жақын ба, әлде дауыстап шақырарлықтай алыс па?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.а.с.) үндемей қалады. Көп ұзамай Алла Тағаладан жауап ретінде мына аят түседі: «Егер сенен пенделерім Мен жайында сұраса, Мен

жақынмын, дұға етуші Маған қайырылса, дұғасына жауап беремін. Сондықтан да Маған (жолдауыма) жауап қатсын, Маған иман келтірсін. Сонда тура жол табар»³³.

عَنِ بْنِ عَبَّاسٍ قَالَ: كُنْتُ خَلْفَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَوْمًا، فَقَالَ: «يَا غُلَامَ، إِنِّي أَعْلَمُكَ كَلِمَاتٍ إِحْفَظِ اللَّهُ يَحْفَظُكَ، إِحْفَظِ اللَّهُ يَجِدُهُ بِجَاهِكَ، إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعْنَتْ فَاسْتَعِنِ بِاللَّهِ، وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ لَوِ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ لَكَ وَلَوْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَيْكَ، زُفِعَتِ الْأَقْلَامُ وَجَحَّتِ الصُّحُفُ».

رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деді: «Пайғамбардың (с.а.с.) артында келе жатқанда Ол (с.а.с.) маған: «Ей, балақай! Мен саған мына сөздерді үйретемін: Алланы (тіліңде, жүрегіңде) сақта, сонда Ол сені сақтайды. Алланы сақта, сонда оны алдыңнан табасың. Бірдеңе сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесен, Алладан тіле. Бүкіл халық жиналып, саған бір пайда келтірмек болса да, тек Алла жазған нәрсені ғана келтіре алатындығын және олар саған бір зиян келтірмекке жиылса да, тек Алланың жазғанын ғана келтіре алатындығын білгейсің. Қаламдар көтерілді, парақтар кеуіп кетті (яғни тағдыр тақтасына бәрі жазылды)», – деді³⁴.

33 Бақара сүресі, 186-аят.

34 Термези риуаят еткен.

Пайғамбар (с.а.с.) егер құлдары ықыласпен тілек тілесе, Құдай Тағаланың олардың тілектерін жауапсыз қалдырмайтындығы туралы айтқан.

عَنْ سَلْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ رَبَّكُمْ حَيِّي كَرِيمٌ يَسْتَحِي مَنْ عَبْدِهِ إِذَا رَفَعَ إِلَيْهِ يَدَيْهِ أَنْ يَرُدَّهُمَا صِفْرًا». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَأَبُو دَاوُدَ وَابْنُ مَاجَةَ وَأَحْمَدُ.

Салман Фарисиден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Ақиқатында, Раббыларың ұят Иесі және Жомарт, пендесі Өзіне екі қолын көтеріп дұға қылғанда ештеңесіз қайтарудан ұялады», – деген³⁵.

Ғаламдардың Иесі Хақ Тағала Өзі ғана жасайтын істі жаратылыстан сұраған пендесіне ашуланады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ لَمْ يَسْأَلِ اللَّهَ يَعْضَبْ عَلَيْهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَأَحْمَدُ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Алла Өзінен сұрамаған жанға ашуланады», – деген³⁶. Осы хадистің мағынасын бір шайыр мынадай шумақтармен айшықтаған екен.

لَا تَسْأَلَنَّ بَنِي آدَمَ حَاجَةً وَسَلِ الَّذِي أَبْوَابُهُ لَا تُحْجَبُ
اللَّهُ يَعْضَبُ إِنْ تَرَكْتَ سُؤْلَهُ وَبَنِي آدَمَ حِينَ يُسْأَلُ يَعْضَبُ

35 Термези, Әбу Дәуіт, Ибн Мәже, Ахмет риуаят еткен.

36 Термези, Ахмет риуаят еткен.

Сұрамағын пендеден, жағарсың кейде жақпассың,
Тілекті тіле Құдайдан айқара ашқан қақпасын.

Ашуландырар Алланы Өзінен тілеуді тәрк етпек,
Ал адамнан сұрасаң, сараңданар, шарт кетпек.

Тағдырға сенім

Басқа мұсылман жұрттары сияқты қазақ халқы да иман шарттарының бірі жақсылы-жаманды тағдырдың бір Тәңірден болатындығына шүбәсіз сенеді. Сондықтан осынау нанымның белгісі тілде көрініс тауып, кейінгі ұрпаққа ұлағат болып қалыптасты. Мысалы, қазақ мәтелінде «Құдайсыз қурай сынбас» делінеді. Мұның мәні төмендегі аяттың мағынасымен дәп келеді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَسْقُطُ مِنْ وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі...»³⁷

Тағы бір мәтелде «Қуған жетпес, бұйыртқан кетпес» делінеді. «Құлдың қалағаны болмайды, Құдайдың дегені болады» дейді тағы бір нақыл сөзде. Бұл сөздердің мағынасы мына аяттардан алынғандай.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Бірақ әлемдердің Раббысы Алла қаламаса, сендер оны [туралықты] қалай алмайсыңдар»³⁸.

37 Өнғам сүресі, 59-аят.

38 Тәкуир сүресі, 29-аят.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَيَفْعَلُ اللَّهُ مَا يَشَاءُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «..Әрі Алла қалағанын жасайды»³⁹.

Құдайдан қорықпағаннан қорық

Қазақ халқы Жаратқан Иеден жасқануды, әміріне бойсұнып, тыйымынан тыйылуды жете түсінген һәм жүзеге асырған жұрт. Ел аузында сақталған сөздерден санаға сіңісті болған тура танымды танимыз. «Құдайдан қорықпағаннан қорық», «Киімі жаманды ит қабады, пейілі жаманды Құдай табады», «Қорық Құдайдан, қайт райдан». Осы сияқты мақал-мәтелдер қазақ халқының Алла Тағаланы лайықты ұлықтағандығын дәлелдейді. Халқымыз жаман іске бой үйреткен, тура жолдан тайып, азғындаған жаңды көргенде «Құдайдан қорықсаң, нетті» деп тезге салып, тежеген.

Бұл сенімнің түп-негізі Құран Кәрім мен хадистерде жатыр. Раббы Тағала білімнің көзі Жаратқаннан қорқу екендігін баяндаған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَاتَّقُوا اللَّهَ وَيَعْلَمُكُمُ اللَّهُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «..Әрі Алладан қорқыңдар, сонда Алла сендерге үйретеді..»⁴⁰

Даналардың данасы ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) білім-ғылымның, данышпандықтың түпкі негізі Жаратушыдан қорқу екендігін жеткізген.

39 Ибраһим сүресі, 27-аят.

40 Бақара сүресі, 282-аят.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «رَأْسُ الْحِكْمَةِ مَخَافَةُ اللَّهِ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Абдулла ибн Масғұд (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Даналықтың басы – Құдайдан қорқу», – деген⁴¹.

Пайғамбарға (с.а.с.) құрмет

Ұлтымыз Ұлы Пайғамбарды (с.а.с.) өз дәрежесінде құрметтеп, қастерлей білді. Сүннетіне амал етіп, өсиеттерімен өмір сүрді. Халық арасында Пайғамбардың (с.а.с.) өмірбаяны, сипаты, қадір-қасиеті жайлы әңгімелер мен қиссалар, жалпы мәліметтер көп болды. Сондықтан қазақ арасында Алла Елшісіне (с.а.с.), әулетіне, туыстары мен сахабаларына қатысты адам аттары көп кездеседі. Мысалы, Әмина, Абдулла, Ахмет, Мұстафа, Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли, Хадиша, Айша, Зейнеп, Фатима, Күлсім, Ұрқия, Асан, Үсен, Сәдуақас, Сыддық, Әбутәліп, Әшім, Қосай, Әбдімүтәліп, Әбдіманап, Манап, Назар, Әбдірасул, Әбдінәби сияқты адам аттары көп кездеседі. Сонымен қатар, адамзат ардақтысының (с.а.с.) өзінің есімі ерекше көп кездескен. Бір қарағанда мұндай пікір қисынсыз болып көрінуі ықтимал. Алайда, тереңірек зерделесек, тегі Мұхаммед сөзіне тірелетін есімдердің көптігіне куә боламыз. Ондай аттардың бір парасының өңі қазақ тілінің үндестік заңына байланысты өзгерген болса, екінші бір бөлігі Пайғамбар (с.а.с.) есіміне деген ерекше құрметке сай әдейі өзгертілген. Мысалы, Мұхаммед,

41 Бұхари риуаят еткен.

Мұхамбет, Махамбет, Мәмбет, Мәмет, Ормамбет, Баймағанбет, Бейімбет, Ақмағанбет, Ақпамбет, Жалмағамбет, Жайымбет, Нұрмағанбет, Құлмағамбет, Қалмағамбет, Мұқан, Мұқажан, Мұқағали, Мұқасан, Мұқаш, Маханбет, Махан, Мағжан және тағы басқа да нұсқалардан көз сүрінеді.

Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) әулеті деп есептелетін ишандардың тұқымдарын айрықша құрметтеуді де Алла Елшісін (с.а.с.) қастерлеудің ерекше бір үлгісі деуге болады.

Жалпы адамзаттың ең ардақтысы Алланың Елшісіне (с.а.с.) деген құрмет өте ерекше болғандығын аңғарамыз. Оған (с.а.с.) титімдей қатысы бар дүниенің бәрі қасиетті саналған. Мұның өзі Пайғамбардың (с.а.с.) өсиетімен сай келеді.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّىٰ أَكُونَ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِنْ وَالِدِهِ وَوَلَدِهِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Сендердің қайсыбіреуің қашан мені өзінің әкесінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше толық иман келтірген болмайды»⁴².

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «ثَلَاثٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ وَجَدَ بِهِنَّ حِلَاوَةَ الْإِيمَانِ: أَنْ يَكُونَ اللَّهُ

42 Бәйһақи риуаят еткен.

وَرَسُولُهُ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِمَّا سِوَاهُمَا، وَأَنْ يُحِبَّ الْمَرْءَ لَا يُحِبُّهُ إِلَّا لِلَّهِ، وَأَنْ يَكْرَهُ أَنْ يَعُودَ فِي الْكُفْرِ بَعْدَ أَنْ اتَّقَدَهُ اللَّهُ مِنْهُ، كَمَا يَكْرَهُ أَنْ يُثَدَّفَ فِي النَّارِ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «Кімде мына үш нәрсе болса ол иманның тәттілігін сезінеді: Алла мен Оның Елшісін ол екеуінен басқа нәрсенің барлығынан артық көріп сүю; бір адамды жақсы көрсе, тек Алла үшін жақсы көру; күпірді, Алла оны одан құтқарғаннан кейін, құдды отқа түсуді қаламағанындай қатты жек көру»⁴³.

Білімдіге, ұстазға құрмет

Қазақ халқында әрбір ауылда, әрбір руда өзінің молдасы, діни жетекшісі, пірі, ұстазы болды. Олардың біразы Орта Азияның діни медреселерінде, одан ары араб елдерінде діни оқу орындарында, медреселерде көптеген жылдар бойы Ислам дінінен терең білім алып келген ұстаздар болатын. Ондай ұстаздарға деген сый-құрмет ерекше болды. Ел жақсылары оларды алдын ала шақырып, үй-жайымен, мал-дүниемен қамтамасыз етті. Айрықша ардақтап, қызмет көрсетті. Білімін балаларға, қауым-жұртқа үйрету үшін барлық жағдайын жасап, дүниелік жағынан мүлде алаңдамайтындай жағдай туғызды. Алаш жұртындағы білімге, діни адамдарға деген құрмет сондай болды. Бұл нағыз мұсылманшылықтың көрінісі. Ислам тағылымында ұстазды құрметтеу үлкен сауапты іс болып саналады.

43 Бұхари, Мүслім риуаят еткен.

Қазақ халқында ұстаз туралы мынадай қанатты сөздер қалыптасқан. «Ұстазсыз шәкірт тұл». «Ұстазы жоқтың ұстазы шайтан». «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы». «Ұстаздан ұлағат».

Білім мен ұстазға деген осындай игі дәстүр Құран Кәрім мен хадистердегі өсиеттерден алынған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا كَانَ الْمُؤْمِنُونَ لِيَنفِرُوا كَآفَّةً فَلَوْلَا نَفَرَ مِن كُلِّ فِرْقَةٍ مِّنْهُمْ طَائِفَةٌ لِّيَتَفَقَّهُوا فِي الدِّينِ وَلِيُنذِرُوا قَوْمَهُمْ إِذَا رَجَعُوا إِلَيْهِمْ لَعَلَّهُمْ يَحْذَرُونَ﴾

Мысалы, Алла Тағала мүміндерге: «Мүміндерге жорыққа бүтіндей аттануларына болмайды. Дінді үйренулері үшін әрі қауымдарына қайтып оралған кездерінде оларды ескертулері үшін әрбір қауымнан бір топты (білім алуға) неге аттандырмасқа? Бәлкім, сонда олар (қауымдары) сақтанар» – деп бұйырған⁴⁴.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَلَا إِنَّ الدُّنْيَا مَلْعُونَةٌ مَّلْعُونٌ مَا فِيهَا إِلَّا ذِكْرُ اللَّهِ وَمَا وَالَاهُ وَعَالِمًا أَوْ مُتَعَلِّمًا». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَابْنُ مَاجَه.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Шындығында, бұл дүние опасыз және оның ішіндегінің бәрі де опасыз (терістелген). Тек Алланың зікірі мен соған қатысы барлар, білімді не үйренуші ғана олай емес», – деген⁴⁵.

44 Тәубе сүресі, 122-аят.

45 Термези, Ибн Мәже риуаят еткен.

Діни рәсімдерге құрмет

Халқымыз ежелден дініне берік болды. Құдайға құлшылық ету жолдарын жақсы білді. Ғибадат рәсімдеріне ерекше көңіл аударып, құрметтеді. Сондықтан мінәжат, намаз, ғибадат ұғымдары халық жадында айрықша сақталды. Оның біразын тарихтан жеткен мағлұматтар және жайнамаз, діни кітаптар сынды жәдігерлер арқылы білсек, енді бірін тілдегі айғақтардан аңғарамыз. Ел арасында діни рәсімдерге құрметті дәлелдейтін мынадай сөз оралымдары сақталған. «Аллаға жағам десең азаңды бол, ағайынға жағам десең қазанды бол». «Бейнамаздан кейнамаз жаман».

Тарихи жәдігерлерден, Алаш даласын зерттеген шетелдіктердің еңбектерінде қазақ халқының мұсылманшылықты жақсы ұстағандығы жайында айтылады. Соның бірі 1879 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Народы России» деген еңбектің қазақтарға арналған шығарылымында дала халқының күні құлшылықпен басталатындығы туралы мынадай қызықты мағлұматтар келтірілген. «Қырғыздардың (қазақтардың – ауд.) күні таң атқаннан басталады. Таң жарығы шығар-шықпастан молда немесе ерте тұрған бір адам даусын созып азан айтады. Сол сәтте бүкіл киіз үйлердің есіктері ашылады. Оянған жандар дәрет алу үшін суға барады. Дәрет алған соң алғашқы намаз үйде немесе үй сыртында оқылады. Әйелдер жағы бұл кезде төсектерін жинап, от жағып, таңғы астың қамына кіріседі. Таңғы астан кейін үй иесі қолдарын жуып, «Аллаһу әкбар» деп сақалын сипайды. Сосын әрқайсысы өз тіршілігіне кіріседі»⁴⁶.

46 Народы России: киргизы, С-Петербург, 1879 ж.

Қазақтың ежелден мұсылман халық болғандығына сол замандағы ақын-жыраулардың, би-батырлардың сөздері дәлел болады. Қазақ пен ноғай бөлінбей тұрған кездің өзінде ел ағалары мен ауқатты адамдар қажылыққа барған екен. Оған хан ордасының жырауы Шалкиіз Тіленшіұлының (1465-1560) Темір биге айтқан мына өлеңі дәлел.

Тәңірінің үйі Кебені
Ибраһим Халил Алла жасапты,
Ғазырейіл - жан алмаға қасап-ты,
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі – Бәйтолла,
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты!

Ал хан ордасының бағдаршысы Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) ғұмырлық тілек-өсиеттердің қатарына ғибадатты да қосып былай толғайды:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тіленіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.

Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы (1748-1819 ж.)) әрбір пенденің махшар күніндегі масқаралықтан сақтайтын

тек ізгілік, ғибадат екендігін нақтылап нақыл түрінде өлеңдетеді де, келесі бір шумағында қазақ жігіттеріне насихат айтады:

*Қараңғы қабірде жатпақ қиын,
Таңла мақшар болады ұлы жиын.
Намаз, ораза, ғибадат бек пайдалы,
Алладан тілек қылып, күнде сыйын.*

*Жігіттер, өлім – рас маған нансаң,
Ораза ұста, намаз оқы, тілімді алсаң.
Ораза ұстамай, намазды оқымасаң,
Әрине, күнәсі не, өлмей қалсаң.*

Қабан жырау (1733-1824) пенде атаулы үміт ететін екі дүние бақытының қайда болатындығын түсіндіреді, парыз ғибадаттың сырын ұқтырады:

*– Бақыт қайдан келесің?
– Ораза, намаз оқымас.
Алланың атын тоқымас,
Бейнамаздан келемін.
– Бақыт қайда барасың?
– Тарауық намаз оқыған,
Көңіліне аят тоқыған
Ниетті елге барамын.
...Сәресі, сахар ішетін,
Хақ жолына түсетін,
Ниетті елге барамын.*

Шортанбай Қанайұлы (1808-1881) мүміннің ғұмырлық жолын құбылаға бағытталған құлшылықпен қатыстырады:

*Құбылаға бас қоймақ –
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңілінде Құдай барлығы.*

Қазақтың данасы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) махаббатпен өрілген иманнан кейінгі ғибадаттардың әрбір мұсылман үшін маңыздылығына тоқталады. Оларды шынайы сеніммен орындау керектігіне баса көңіл бөледі:

*Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті,
Қылғанменен татымды бермес жеміс.*

Әбубәкір Кердері бабамыз (Әбубәкір Боранқұлұлы (1861-1903)) ғибадаттың шынайы пайдасы Қияметте көрінетіндігін айтады:

*Пайдасын өзің көресің,
Ғибадат қылып Аллаға.
Бір жаныңды нұрласаң,
Жаныңа газап хақ болар
Ораза, намаз, зекет, хаж
Атқарып уақыт тұрмасаң.*

Сондай-ақ, ізгі істе ыждағат таныту әрбір мұсылманға қажет деп біледі:

*Мұсылман болсаң – іждәт қыл,
Иман, руза, намазға.
Ағайын болсаң, тату бол,
Әуес болма аразға!*

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) құлшылық түрлеріне ұғынықты мысалдар келтірген:

*Оразаң отыз күнгі – отыз кісі,
Бес кісі – бес намазың білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұларсыз дәнемеге келмес күшің.*

Мәшһүр Жүсіп бабамыз қазақтың шарифат жолы Әбу Ханифа мазһабы екендігін де нақтылап өткен:

*Өзіңе болар махшарда,
Ізгіліктің пайдасы,
Хазіреті Имам Ағзам –
Шаригаттың айнасы.
Солардан табылған,
Шайтанды жеңбек хайласы.
Дұрыс намаз, ораза,
Малғұнның тәніне,
Шанышарлық найзасы!*

Ихсан иелері

Қазақ халқы ізгілікті, қайырымдылықты қастерлі ұғым санаған. Бір-бірін жақсылыққа, адалдыққа үндеген аталарымыз ізгі істі үлкен, кіші деп бөлмей, қоғамда өзара қайырымдылық пен ынтымақ ортасының орнауына ерекше назар аударған. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп тым болмағанда, игі сөзден құр қалмауға шақырған. Мұның өзі Ислам құндылықтарымен, Құран Кәрім мен хадис шәрифтердегі өсиеттермен астасып жатқан тағылымдар, нағыз мұсылмандық ұстанымдар. Жаратқан Иенің Өзі мұсылмандарды жақсы сөз сөйлеуге үгіттейді.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَقُولُوا لِلنَّاسِ حُسْنًا﴾

Алла Тағала мүміндерге: «Адамдарға жақсы сөз сөйлеңдер!» – деп бұйырған⁴⁷.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَقُولُوا قَوْلًا سَدِيدًا﴾

⁴⁷ Бақара сүресі, 83-аят.

Тағы бір аятта: «**Уа, иман келтіргендер! Алладан қорқындар, дұрыс сөз сөйлеңдер!**» – деп бұйырған⁴⁸.

Сірә, қазақтағы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөздің түп-төркіні мына хадисте жатса керек.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «وَالكَلِمَةُ الطَّيِّبَةُ صَدَقَةٌ». رَوَاهُ
الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Алла Елшісі (с.а.с.): «Жақсы сөз – садақа», – деген⁴⁹.

«Түрі игіден түңілме» деген қанатты сөздің де мән-мағынасы шарапатты хадистердегі өсиетпен дөп түсіп тұр.

عَنْ أَبِي دَرٍّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا تَحْتَفِرَنَّ مِنَ الْمَعْرُوفِ شَيْئاً وَلَوْ أَنَّ تَلَمَّى أَخَاكَ بِوَجْهِهِ طَلِيقٌ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Зардан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) оған: «Ізгіліктің кішісін де, ол тіпті, бауырыңды жарқын жүзбен қарсы алу болсын, немқұрайлы қарамай орында», – деген⁵⁰.

Шынайы иманның кемелдігіне жету үшін ізгі істен аянып қалмау қажет. Оның ішінде үлкені де, кішісі де бар. Көзге көріне бермейтін игілікті мардымсыз жақсылық деп санауға болмайды. Оған төмендегі хадис дәлел.

48 Ахзаб сүресі, 70-аят.

49 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

50 Мүслим риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْإِيمَانُ بِضْعٌ وَسِتُّونَ شُعْبَةً، فَأَفْضَلُهَا قَوْلُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَدْنَاهَا إِمَاطَةُ الْأَذَى عَنِ الطَّرِيقِ، وَالْحَيَاءُ شُعْبَةٌ مِنَ الْإِيمَانِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Иман алпыс бірнеше бөліктен тұрады. Ең абзалы – «*Ла иләһә иллаллаһ*» («Алладан басқа құдай жоқ») деп айту, ең төмені жолда көлденең жатқан нәрсені алып тастау. Ұят та иманның бір бөлігі», – деген⁵¹.

Ихсан дәрежесіне жеткізетін сатылардың басы орындауы әркімге жеңіл жақсылықтардан басталады.

قال ابن عمر رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: «الْبِرُّ شَيْءٌ هَيِّنٌ: وَجْهٌ طَلِيقٌ، وَكَلَامٌ لَيِّنٌ».

Ардақты сахаба Омар ибн Хаттабтың (р.а.) ұлы Абдулла (р.а.): «Ізгілік деген оңай: жарқын жүз бен жылы сөз», – деген екен.

Отан туралы

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп Отанын қастерлеген қазақ атамекеннің қадір-қасиетіне жете білген. Өйткені туған жер үшін қаншама жаулармен арпалысып өтті, талай зұлматты замандарды бастан кешірді.

Жалпы отаншылдық, патриотизм асыл дініміздің ұстанымымен ұштасып жатқан ұғымдар.

51 Мүслим риуаят еткен.

Исламда «хуббул-уатан минәл-иман» деген қанатты сөз бар. Мағынасы «Отанды сүю – иманнан» дегенді білдіреді. Отанға деген ыстық сезім, ықылас жалпыадамзаттық адамгершілік қасиеттерге жатады. Пайғамбар (с.а.с.) да өзінің туған шаһары Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған. Мәдинаға қоныс аударып, сонда орнықса да, алғашқы туған жерін әсте ұмытпаған. Мүһәжир сахабаларымен бірге Меккені сағынышпен еске алып отырған.

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ لِمَكَّةَ: «مَا أَطْيَبَكَ وَأَحَبَّكَ إِلَيَّ وَلَوْلَا أَنَّ قَوْمَكَ أَخْرَجُونِي مِنْكَ مَا سَكَنْتُ غَيْرَكَ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ وَالطَّبْرَانِيُّ وَالْبَيْهَقِيُّ.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) Меккеге қарап тұрып: «*Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда сенен басқа жерде тұрақтамас едім*», – деген екен⁵².

Қазақ халқында туған жерді қадірлеуге үндейтін тәлімді сөздер көп. Мысалы, қаз дауысты Қазыбек би туған жер мен елдің қадірін былайша білдірген:

Алтын ұяң Отан қымбат,
Құт-берекең атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Асқар тауың әкең қымбат.

Осы айтылған қымбат құндылықтарды қызғыштай қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы. Бұл тұрғыда халық даналығы «Отан үшін отқа түс, күймейсің»

52 Хаким, Табарани, Бәйһақи риуаят еткен.

дейді. Туған жер, туған ел үшін адал қызмет етуге шақырады. Мұндағы Отан жайлы ұстанымдар жалпы мұсылманшылық ұстаныммен бір арнада.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَيْنَانِ لَا تَمْسُهُمَا النَّارُ، عَيْنٌ بَكَتْ مِنْ خَشْيَةِ اللَّهِ، وَعَيْنٌ بَاتَتْ تَحْرُسُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Екі көзді тозақ оты шарпымайды: Алладан қорқыныштан жылаған көз бен Алла жолында елін күзеткен көз*», – деген⁵³.

Ар-ұят – иманнан

«Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген ұлы ұстанымды тіршілігінің басты қағидасы етіп ұстанған қазақ халқы үшін ар-намыс, ұят-ұждан ұғымдары аса киелі. Дала тұрғыны дүние күйіп кетсе де, ар-намысты таптатпауға тарс бекінген. Жаны үшін малын садақа етсе, ар-ұят үшін жанның өзін пайда етуге дайын болған. Өйткені қазақ үшін «өлімнен ұят күшті». Сондықтан да ел арасында мынадай мақалдар кең тараған. «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ұят бар жерде иман бар», «Ұялмаған бұйырмағаннан ішеді», «Ер болсаң нәпсіңді жең».

Мұндай биік ұстаным айқын иманның белгісі. Қасиетті Құран аяттары мен хадистерде ұятты болуға шақыратын ұлағат сөздерді көп кездестіреміз.

عَنِ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ لِكُلِّ دِينٍ خُلُقًا وَإِنَّ خُلُقَ الْإِسْلَامِ الْحَيَاءُ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَه.

53 Термези риуаят еткен.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Әрбір діннің өзіне тән мінезі бар, Исламның мінезі – ұяттылық», – деген⁵⁴.

عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْحَيَاءُ لَا يَأْتِي إِلَّا بِخَيْرٍ». وَفِي رِوَايَةٍ: «الْحَيَاءُ خَيْرٌ كُلُّهُ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Имран ибн Хусайыннан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Ұят тек жақсылық әкеледі», – деген. Басқа риуаятта: «Ұяттың барлығы да қайырлы», – делінген⁵⁵.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْحَيَاءُ مِنَ الْإِيمَانِ وَالْإِيمَانُ فِي الْجَنَّةِ وَالْبَدَأُ مِنَ الْجَفَاءِ وَالْجَفَاءُ فِي النَّارِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَابْنُ حِبَّانَ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Ұят – иманнан, ал иман жәннатта болады. Бұзық сөз – дөрекіліктен, ал дөрекілік тозақта болады»⁵⁶.

Дінді білмеген дымды білмейді

Діни сауаттылық дала халқы үшін киелі міндеттердің бірі саналды. Қандай жағдайда да діннен дәріс тыңдап, балаларын шынайы иманға баулуға

54 Ибн Мәже риуаят еткен.

55 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

56 Термези, Ибн Хиббан риуаят еткен.

айрықша көңіл бөлді. Төл сенімінде берік тұрғандықтан сырттан келетін рухани басқыншылыққа тегеурінді түрде төтеп бере алды. Ұлттық болмысын қаймағын бұзбай кейінгі ұрпаққа жеткізе білді.

Қазақ халқында өзінің қажыр-қайраты мен ақыл-парасатының тереңдігіне сенімді нағыз жігіттерден бірнеше өнерден хабардар болу талап етілетін. Қайраты мен ақылы сай жігіт сұлтанدارын «сегіз қырлы, бір сырлы» деп сипаттайтын. Сол «сегіз қырдың» бірі мұсылманша білімді болу еді. Сондықтан әрбір талапты ер мұсылмандық қағидаларын басқалардан гөрі жетік білуге тырысты. Арабша, парсыша, түркіше оқып, жазып үйренді. Ал діни білімнен мағлұматы мардымсыз, сауатсыз жандарды былайғы жұрт «әліпті таяқ деп білмейді» деп әжуалайтын. Расында да, араб әліпбиінің алғашқы қарпі әлифтің жазылуы тік тұрған таяққа ұқсайды. Ал мұны білмеген жан нағыз надан деп танылған.

Абай заманында намаздың шарттарын дұрыс білмейтін, дұғаларын жөндеп оқи алмайтын адамдар қазақ қоғамында ең қор, надан адамдардың қатарына жатқызылған. Өйткені сол кездегі қазақ қоғамында діннен бейхабар болу, намазды, Құранды дұрыс оқи алмау, парыздарын білмеу үлкен айып саналған. Оны Абайдың Абыралы деген досына жазған әжуа өлеңінен аңғаруға болады.

Мен жасымнан көп көрдім,
Мұсылман мен кәпірді.
Абыралыдай көрмедім
Намаз білмес пақырды.
Қырағатын оқытып
Көріп едім, шатылды.

Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді?!

Осылайша Абай Абыралы деген досының намаз оқығанын әжуа етеді. Оның Кәусар сүресін қате оқып, намаздың парыздарын дұрыс білмейтіндігін сынайды. Намаздың парыздарын толық білмеген кісі үшін нәпіл оқып тақуасынудың жөні қалай деп айыптайды.

«Дінді білмеген дымды білмейді» деген қағиданы білім алуда басты назарда ұстаған қазақ халқының бұл ұстанымы шариғат дариясынан алынған. Ислам діні мұсылмандарды білімді болуға шақырады. Нағыз байлық білім екендігін нақтылайды. Құдай туралы ілімнің, шариғат ілімінің Жаратқанның таңдаулы құлына беретін баға жетпес тартуы екендігін айтады.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَقُلْ رَبِّ زِدْنِي عِلْمًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Раббым! Білімімді арттыр**» деп айт⁵⁷.

Пайғамбардың (с.а.с.) да білімнің артықшылығы хақында айтқан өсиеттері көп.

قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «فَضْلُ الْعِلْمِ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ فَضْلِ الْعِبَادَةِ، وَخَيْرٌ دِينِكُمْ الْوَرَعُ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ وَالْبَرْزُ وَالطَّبْرَانِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) бір хадисінде: «*Мен үшін гибадаттың артықшылығынан гөрі білімнің артықшылығы сүйіктірек. Діндеріңнің ең қайырлысы – тақуалық*», – деген⁵⁸.

57 Таһа сүресі, 114-аят.

58 Хаким, Баззар, Табарани риуаят еткен.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللهُ عَنْهَا قَالَتْ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «إِنَّ اللهَ عَزَّ وَجَلَّ أَوْحَى إِلَيَّ أَنَّهُ مَنْ سَلَكَ مَسَلًا فِي طَلَبِ الْعِلْمِ سَهَّلْتُ لَهُ طَرِيقَ الْجَنَّةِ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Айшадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «*Даңқты һәм ұлық Алла маған: «Кімде-кім білім алу үшін жолға шықса, Мен оның жұмаққа баратын жолын жеңілдетемін*», – деп уахи түсірді⁵⁹.

عَنْ مُعَاوِيَةَ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ يُرِدِ اللهُ بِهِ خَيْرًا يُفَقِّهْهُ فِي الدِّينِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ، وَمُسْلِمٌ، وَالتِّرْمِذِيُّ.

Муғауиядан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Алла кімге бір қайырлылық қаласа, оның діни білімін арттырады*», – деген⁶⁰.

عَنْ عَبْدِ اللهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ، قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّ اللهَ يُعْطِي الدُّنْيَا مَنْ يُحِبُّ وَمَنْ لَا يُحِبُّ وَلَا يُعْطِي الدِّينَ إِلَّا لِمَنْ أَحَبَّ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Шындығында, Алла дүниені сүйген құлына да, сүймеген құлына да береді, ал дінді тек сүйген құлына ғана береді*», – деп айтқан⁶¹.

59 Бәйһақи риуаят еткен.

60 Бұхари, Мүслим, Термези риуаят еткен.

61 Ахмет риуаят еткен.

Қонақжайлылық – қазақы қасиет

Қонақжайлық қазақтардың ежелгі қасиеті. Бұл жөнінде ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет».

Үйге келген қонақ оларда әрқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. ХІХ ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілерінің бірі Ф. фон Хелльвальд та былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез келген жатжерлік адамның өзімді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйықтай беруіне әбден болады».

Қазақтың дархандық, жомарттық қасиеті бұрынғы көшпелі ата-бабаларынан үзілмей келе жатқан дәстүр. Ислам діні келген соң осы дәстүрлерді одан әрі бекітіп, оларға мұсылмандық реңк берді. Ардақты аяттар мен Пайғамбар (с.а.с.) өсиеттері, сахабалардың сөздері ілкіде қалыптасқан ізгілік ұстанымдарын одан әрі нақтылап, олардың басты мақсаты Жаратқанның жарылқауына жету екендігін түсіндіріп, қайта жаңғыртты. Кейіннен қазақтар сақилық қасиет сөз болғанда Атымтай жомартты мысалға келтіретін болды. Ал Атымтай персонажының түп негізі араб дәстүрінде мәшһүр болған Хатим ат-Таи, яғни Таи тайпасынан шыққан Хатим деген кісі. Арабтар оны жомарттықта мысалға келтіретін. Мұсылманшылықпен бірге келген бұл

мысалды қазақтар жатсынбай, өзінікіндей етіп өңін келтірді. Хатим ат-Таиға тілі келмегендіктен Атымтай деп қазақыландырып алды. Уақыт өте келе ол адамның араб екендігі ұмытылып, қазақы мысалға айналды.

Кең сахараны жайлаған қазақ халқында қонақ кәдесінің орны ерекше. Әр үйде қонаққа арналған сыйсияпат алдын ала дайын тұратын. Бұл үрдіс қазірге дейін сақталған. Қонақтың сыбағасы әрқашан дайын тұрады. Мейман күту қазақтың заңына айналған. Егер қонаққа лайықты құрмет көрсетілмесе, халық биі үй иесіне айып салатын. Қонаққа деген мұндай құрметтің бір негізі Ислам дінінде жатыр.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ ضَيْفَهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, қонағын құрметтесін, жақсылап күтсін», – деген⁶².

عَنْ عُقْبَةَ بْنِ عَامِرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا خَيْرَ فِيمَنْ لَا يُضِيفُ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Ұқба ибн Амирден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Қонақ күтпейтін жанда қайыр жоқ», – деген⁶³.

62 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

63 Ахмет риуаят еткен.

Қазақтар қонақты арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылқыма қонақ деп төртке бөлген. Солардың ішінде құдайы қонақ үй иесі танымайтын бейтаныс жаң, жолаушы. Отағасы оны бұрын-соңды көрмеген адамын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған.

Халық нақылында қонақтың құрметін білдіретін «қырықтың бірі – қыдыр», «қонақтың өз ырыс-несібесі, құт-берекесі бар» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Мейман бейтаныс болса да, үйдің төріне шығарылып қонақ хағы беріліп, құрмет көрсетіледі.

Қазақта қонақ болудың қатып қалған мерзімі болмайтын. Арнайы қонақтар апталап, айлап мейман болатын. Ал «үш күнге дейін қонақ» дейтін қағида көбіне құдайы қонаққа қатысты айтылатын. Оған дейін келген кісінің мақсаты сұралмайтын. Аталмыш қағиданың діннен алынғанына дау жоқ. Оған төмендегі риуаят дәлел болады.

عَنْ أَبِي شَرِيحٍ خُوَيْلِدِ بْنِ عَمْرِو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ ضَيْفَهُ جَائِزَتَهُ»، قَالُوا: وَمَا جَائِزَتُهُ؟ قَالَ: «يَوْمٌ وَلَيْلَةٌ، وَالضِّيَافَةُ ثَلَاثَةُ أَيَّامٍ، وَمَا كَانَ بَعْدَ ذَلِكَ فَهُوَ صَدَقَةٌ عَلَيْهِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әбу Шурейх Хуейлид ибн Амрдан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім Аллаға, ақырет күнінен иман келтірсе, қонағының сыйын жақсылап берсін», – дейді. Сахабалар: «Оның сыйы не?» – деп сұрағанда, ол (с.а.с.): «Оның сыйы – бір күн және түн. Қонақ ету үш күн, одан асқаны үй иесінің садақасы», – деген⁶⁴.

64 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

Ансарлықтың қонақ күтуі

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта бірде Алланың Елшісіне (с.а.с.) бір кісі келіп, өзінің ашкөндігін білдіреді. Пайғамбар (с.а.с.) оны тамақтандыруды әйелдерінің біріне тапсырмақ болғанда ол жұбайы: «Өзіңді ақиқатпен жіберген Алланың атымен ант етейін, үйде қара судан басқа ештеңе жоқ», – дейді. Сосын басқа бір әйеліне жібермек болғанда, одан да сондай жауап алады. Сөйтіп, Пайғамбардың (с.а.с.) үйінде қонақ күтерлік жағдай жоқтығы анықталады. Ақырында Алланың Елшісі (с.а.с.) сахабаларына қайырылып: «Мына кісіні кім қонақ етеді?» – деп сұрайды. Сонда ансарлардың бірі тұрып: «Мен қонақ етейін, уа, Расулалла!» – дейді. Сөйтіп, оны мейман ету үшін алдымен әйеліне барып: «Үйде бірдеңе бар ма еді?» – деп сұрайды. Әйелі: «Балалардың талғажу етіп отырған азығынан басқа ештеңе жоқ», – деп жауап береді. Күйеуі: «Оларды бірдеңемен алдандырарсың. Қонағымыз үйге кіргенде шамды сөндір. Біз бірдеңе жеп отырғанға ұқсайық. Ал ол тамақ жегенде шамды жақ», – дейді. Сөйтіп, бар тағамын қонаққа беріп, оны разы қылады да, үйде ештеңе жоқ екендігін сездірмейді. Сол ансарлық таңертең алдына келгенде Құдайдың қалауымен оның ісінен хабардар болған Пайғамбар (с.а.с.): «Алла кешегі түні жұбайыңмен екеуіңнің қонағыңа жасаған істеріңе қайран қалды», – деп, ізгі ісінің сауабымен сүйіншілейді⁶⁵.

65 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

Дастархан әдептері

Қазақ халқында сақталған әдептілік дәрістерінен нағыз мұсылман ұстанымының көрінісін көреміз. Солардың бірі дастарханда отыру, тамақтану әдебі. Енді халық санасында сақталған сол әдептерді хадис шәрифтермен ұштастырып көрелік.

Дастарханға отырғанда Алланың атын ауызға алып, тамақты табақтың жақын жерінен оң қолмен алып жеу ата-бабадан келе жатқан дәстүрлі әдеп. Бұл Пайғамбардың (с.а.с.) өсиеттерінен алынған өнегелер.

عَنْ عُمَرَ بْنِ أَبِي سَلَمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «يَا غُلَامُ سَمَّ اللَّهُ وَكُلْ يَمِينِكَ، وَكُلْ مِمَّا يَلِيكَ».

مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Омар ибн Әбу Сәләмә (р.а.) былай дейді: «Маған Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Уа, бала! Алланың атын атап, оң қолыңмен же. Өзіңе жақын жерден же*», – деп айтты»⁶⁶.

Асты ала бастағанда Алланың есімін айтуды ұмытып, кейіннен есінен түсірсе, «алдында да, аяғында да Бисмилла» десе болады.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِذَا أَكَلْتُمْ طَعَامًا فَلْيُكُلْ بِسْمِ اللَّهِ فَإِنْ نَسِيَ فِي أَوَّلِهِ فَلْيُكُلْ بِسْمِ اللَّهِ فِي أَوَّلِهِ وَآخِرِهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

⁶⁶ Бұхари мен Мұслим риуаят еткен.

Мүміндердің анасы Айша (р.а.) былай дейді: «Алланың Елшісі (с.а.с.): «*Егер де біреулерің тамақ жесе, «Бисмилла» деп айтсын. Ал егер басында ұмытса, онда «Басында да, аяғында да «Бисмилла» деп айтсын*», – деп айтты»⁶⁷.

Асқа сол қолын салған балаға үлкен кісілер оң қолмен жеуді үйреткен. Бұл келесі хадистен алынған тағылым болып саналады.

عَنِ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِذَا أَكَلْتُمْ فَلْيَأْكُلْ يَمِينِهِ وَإِذَا شَرِبْتُمْ فَلْيَشْرَبْ يَمِينِهِ فَإِنَّ الشَّيْطَانَ يَأْكُلُ بِشِمَالِهِ، وَيَشْرَبُ بِشِمَالِهِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «*Қайсыбірің тамақ жесе, оң қолымен жесін, ішсе де оң қолымен ішсін. Шындығында, шайтан сол қолымен ішіп, сол қолымен жейді*»⁶⁸.

Осы тұрғыда оң жақ пен сол жақ жайындағы халық ұғымы мен мұсылмандық дәстүрдегі пайымды түсіндіріп өтудің реті келіп тұр.

Оң жақты жақсы көру

Халқымызда барлық істерді оңшылдықты жақсы көру үрдісі бар. Игілікті іс бастағанда «Іс оң болсын!» деп тілек тілеген. Мейрам-мерекеде «Ұлыс оң болсын!» деп құттықтаған. Әрбір істі оң жақтан бастағанды дұрыс көрген. Адамдармен амандасқанда оң қолмен амандасқан, бірдеңе бергенде немесе алғанда оң қолмен,

⁶⁷ Термези риуаят еткен.

⁶⁸ Мұслим риуаят еткен.

оң жақтан бастаған. Үйге кіргенде оң аяқпен кірген. Жаңа түскен келінді босағадан оң аяғымен аттатқан. Алғаш қадам басқан балаға, жаңадан келген кісіге «Қадамың оң болсын!» деген тілек айтқан. Жағымды нәрсені «оңды» деп бағалаған. Жалпы, оң жақты жағымды, ал сол жақты теріс, жағымсыз деп ұғынған. Бұл ұғымның мұсылмандық ұстанымға қатысы бар. Құран Кәрімде Уақиға сүресінің 27-аятында жұмақтықтар «оң жақ иелері» деп сипатталған. Хаққа сүресінің 19-шы, 25-ші аяттарында жұмақтық пенденің амал дәптері оң жағынан беріліп, ал тозақтықтың амал дәптері сол жағынан берілетіндігі айтылған.

Сондай-ақ, Пайғамбар (с.а.с.) әрбір істі оң жақтан бастағанды ұнатқан әрі үмбетіне де солай үйреткен.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا ذَكَرَتْ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُحِبُّ التِّيَامُنَ مَا اسْتَطَاعَ فِي طُهُورِهِ وَتَعْلِهِ وَتَرْجُلِهِ. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ وَالنَّسَائِيُّ.

Айша анамыздың (р.а.) айтуынша Аланың Елшісі (с.а.с.) дәрет алғанда да, аяқ киім кигенде де, шашын тарағанда да оң жақтан бастағанды ұнататын⁶⁹.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: «كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُحِبُّ التِّيَامُنَ يَأْخُذُ بِيَمِينِهِ وَيُعْطِي بِيَمِينِهِ وَيُحِبُّ التِّيَامُنَ فِي جَمِيعِ أُمُورِهِ». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

69 Бұхари, Мүслим, Нәсәи риуаят еткен.

Айша анамыз (р.а.) былай дейді: «Алла Елшісі (с.а.с.) оң жақтан бастағанды жақсы көретін. Оң қолымен беріп, оң қолымен алатын. Барлық істерінде оңшылдықты жақсы көретін»⁷⁰.

Әдептілік, сыпайылық

Қазақ халқында әдептілік, сыпайылық тәрбиедегі басты ұстанымдардың бірі. Адамның қандай жағдайда да әдептілік сақтауы ұнамды қасиет. Халқымыздағы әдептіліктің, кішіпейілділіктің бір көрінісі үлкенді сыйлау, құрметтеу, «сіз» деп сөйлеу, атын атамай, есімінің соңына *еке* деген сыпайылықты білдіретін жұрнақ сөз қосып айту. Мәселен, Қазбек – Қазеке, Дәулет – Дәуке, Бауыржан – Бауке деген сияқты. Мұндай жұрнақ басқа тілдерде кездеспейді. Мұны ХХ ғасырдың бас кезінде белгілі орыс ғалымдарының бірі Л. Баллюзек те байқап былай деп жазған: «Қазақтардың сыпайылығы, кішіпейілділігі мен әдептілігінің бір көрінісі жасы үлкен кісілердің есіміне еке (әке) сөзін қосып айтуы».

Үлкен кісіге «сіз» деп сөйлеу де әдептіліктің белгісі еді. Ежелден қалыптасқан осы әдептіліктің ептеп жойылып бара жатқаны жанға батады.

Дәстүрімізде әйелдер де күйеулерінің атын атамай «отағасы», «әкесі» деп сыпайы сөйлеген. Сондай-ақ, ата-енесінің, қайын інілері мен сіңлілерінің есімдерін атамаған. Үлкен кісілердің алдарынан кесіп өтпеген. Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697-1786) бір сөзінде сыпайылықтың сынын суреттейді:

70 Нәсәи риуаят еткен.

Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бүлк етер.

Сонымен қатар, халқымызда шәкірттер де ұстаздарының алдын кесіп өтпей, көрген жерде құрмет көрсеткен. Сондай-ақ, үй иесі жоқ кезде, отауда ер адам болмағанда басқа ер адамның үйге түсуіне рұқсат етілмеген. Қазақ даласының мызғымас заңы осындай болатын.

Осы айтылған қағидалардың барлығы қазақ қоғамындағы шынайы сыпайылықтың, әдептіліктің айғағы. «Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше, шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше» деп сәлеміне қарай әдебін жасаған дала халқы кішіпейілдікті кісіліктің төресі деп санаған. Қазақтың діліне сіңісті болған осы тақылеттес салиқалылық сипаттары нағыз мұсылмандық ахлақтың аясына кіреді. Айғақ ретінде талай аят пен хадисті мысалға келтіруге болар. Солардың бірсыпырасы төмендегідей.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا عَنْ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَا كَانَ الرَّفْقَ فِي شَيْءٍ إِلَّا زَانَهُ، وَلَا يُنْرَعُ مِنْ شَيْءٍ إِلَّا شَانَهُ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ وَأَبُو دَاوُدَ.

Айшадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «Қандай істе жұмсақтық болса, ол (сол істі) көркейте түседі, ал қай істе ол болмаса, оның дәрежесін түсіреді»⁷¹.

71 Мүслім, Әбу Дәуіт риуаят еткен.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ أُعْطِيَ حَظَّهُ مِنَ الرَّفْقِ أُعْطِيَ حَظَّهُ مِنْ خَيْرِ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَمَنْ حُرِمَ حَظَّهُ مِنَ الرَّفْقِ حُرِمَ حَظَّهُ مِنْ خَيْرِ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Айша анамыздан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кімде-кім жұмсақтықтан бір үлес алса, ол дүние мен ақыреттің қайырлығына ие болады. Кімде-кім жұмсақтықтан мақұрым қалса, ол дүние мен ақыреттің қайырлығынан мақұрым қалады», – деген⁷².

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِذَا أَرَادَ اللَّهُ بِأَهْلِ بَيْتٍ خَيْرًا أَدْخَلَ عَلَيْهِمُ الرَّفْقَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَالْبَيْهَقِيُّ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Алла егерде бір үйге қайырлылық қаласа, олардың арасына жұмсақтық кіргізеді»⁷³.

Ержүректік

Қазақ халқы ержүрек, батыр халық. Ата-бабалары кең жазиралы салқар даланы кейінгі ұрпаққа мұра етіп, аманат етіп қалдырды. Отан мен жер үшін, «қара қазан, сары баланың қамы үшін» талай заманды аттың жалында, түйенің қомында өткізді. Найзаның ұшымен, білектің күшімен атамекенді анталаған дұшпандардан қорғап қалды. Сол үшін Алла Тағала оларға кең даласына лайықты кең пейіл берді, сол жерді қорғап қалу үшін ержүректілік, батырлық қасиет берді.

72 Мүслім риуаят еткен.

73 Ахмет, Бәйһақи риуаят еткен.

Қым-қуыт замандарда туған жерін, атамекенін қорғаудан аянбаған қазақ жұрты батырлықты, ержүректікті ер жігіттің ең басты қасиеті деп бағалаған. «Бағы тайған елдің батыры болмас» деген нақыл сөз қалдырған. Ерлікті бағалап, ездікті сынаған. «Ер бір өледі, қорқақ күнде өледі», «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген сықылды нақыл сөздермен жас ұрпақты батыл болып өсуге, Отан қорғауға дайын болуға баулыған.

Ұлтымыздағы осындай игі дәстүрлер дініміздегі игі өсиеттермен астасып жатыр. Оған төмендегі риуаяттар дәлел.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«سَرُّ مَا فِي الرَّجُلِ: شُحُّ هَالِعٍ، وَحُبُّ طَالِعٍ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Ер адамның бойында ең нашар қасиет: беймаза сараңдық және сужүрек қорқақтық».⁷⁴

Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне қорқақтық, сараңдық сияқты нашар сипаттардан аулақ болуды өсиет етті. Сондай теріс мінездерден сақтанудың дұғасын үйретті.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْجُبْنِ
وَالْبُخْلِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Алла Елшісі (с.а.с.) бір дұғасында: «Уа, Алла! Өзіңнің атыңмен қорқақтықтан және сараңдықтан сақтанамын», – деген⁷⁵.

74 Әбу Дәуіт риуаят еткен.

75 Бұхари, Мүслім риуаят еткен.

Адамзаттың асылы (с.а.с.) күшті, батыл мүміннің жігерсіз, әлжуаз мүміннен анағұрлым артық болатындығын айтты. Рухани дәрменсіздікке салынудан сақтандырды.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«الْمُؤْمِنُ الْقَوِيُّ خَيْرٌ وَأَحَبُّ إِلَى اللَّهِ مِنَ الْمُؤْمِنِ الضَّعِيفِ، وَفِي كُلِّ
خَيْرٍ، إِحْرَاصٌ عَلَى مَا يَنْفَعُكَ وَاسْتِعْنِ بِاللَّهِ وَلَا تَعْجِزْ، وَإِنْ أَصَابَكَ
شَيْءٌ فَلَا تَقُلْ: لَوْ أَنِّي فَعَلْتُ كَذَا وَكَذَا، وَلَكِنْ قُلْ قَدَّرَ اللَّهُ وَمَا
شَاءَ فَعَلَ، فَإِنَّ «لَوْ» تَفْتَحُ عَمَلَ الشَّيْطَانِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Күшті мүмін Алла үшін әлсіз мүміннен гөрі қайырлы әрі сүйікті. Алайда әрқайсысында да қайырлылық бар. Сондықтан да өзіңе пайда әкелетін нәрсеге тырысып, Алладан көмек сұра, әлсіздік танытпа. Егер бір нәрсе болып қалса, «егер былай істегенімде олай болмас еді» деп айтпа, «Алла солай мөлшерледі, қалағанын қылды» деп айт. Расында «егер» сөзі шайтанға жол ашады»⁷⁶.

Пайғамбар (с.а.с.) қиын-қыстау шақтарда ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Сахабалары кескілескен ұрыстарда қаһармандығына куә болды, оны өздеріне пана тұтты.

عَنْ عَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ: «كُنَّا إِذَا احْمَرَّ الْبَأْسُ،
وَلَقِيَ الْقَوْمَ الْقَوْمَ، اتَّقَيْنَا بِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَا يَكُونُ
مِنَّا أَحَدٌ أَدْنَى مِنَ الْقَوْمِ مِنْهُ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

76 Мүслім риуаят еткен.

Әли ибн Әбу Талиб (р.а.): «Майдан даласында ұрыс қызған кезде, екі топ бетте-бет кездескенде біз Алланың Елшісін (с.а.с.) қалқалап жүретін едік. Арамызда дұшпанға ең жақын тұрған адам сол кісі болатын», – деген⁷⁷.

Қарапайымдылық

«Ұлық болсаң кішік бол» деп қандай лауазымда болса да қара жұрттан бөлектенбеуге, менмендікке бой алдырмауға насихат еткен халқымыз әрдайым бетегеден биік жусаннан аласа орташа, қарапайым жолды қадірлеген, қоңырқай тіршілікті қош көрген. Ханы да, қарашасы да, байы да, кедейі де қарапайым, жұртшылықпен емен-жарқын араласқан. Мейманды күтіп, мұқтаждың қажетін өтеуге тырысқан.

Бажайлап қараған жан осы сипаттардың түп-төркіні Пайғамбардың (с.а.с.) сүннетінде жатқандығын аңғарады. Мысалы, қазақта «Жігіттіктің белгісі түзде мырза, үйде құл» деген сөз бар. Оның мағынасы ер адам түзде мырза болып, сыйлы, сырбаз көрінгенмен, үйіне келгенде үй шаруасына араласып, жанұясына қолынан келген жәрдемін аямаған. Бұл – Пайғамбардың (с.а.с.) сүннетінен алынған кісілік сипат.

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «سَيِّدُ الْقَوْمِ خَادِمُهُمْ». رَوَاهُ الْحَطِيبُ وَالسَّخَاوِيُّ.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Қауымның мырзасы – қызметшісі», – деген⁷⁸.

77 Ахмет риуаят еткен.

78 Әл-Хатиб, ас-Сахауи риуаят еткен.

عَنِ الْأَسْوَدِ قَالَ: سَأَلْتُ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا: مَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ فِي بَيْتِهِ؟ قَالَتْ: «كَانَ يَكُونُ فِي مِهْنَةِ أَهْلِهِ تَعْنِي خِدْمَةَ أَهْلِهِ فَإِذَا حَضَرَتِ الصَّلَاةُ خَرَجَ إِلَى الصَّلَاةِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әл-Асуад деген кісі Айша анамыздан (р.а.): «Алланың Елшісі (с.а.с.) үйінде не істеуші еді?» – деп сұрағанда, ол: «Үйінің қызметінде болатын, намаз уақыты келгенде дәрет алып, намазға шығатын», – деп жауап берген⁷⁹.

Адамзаттың асылы ешбір жанды алаламайтын. Мұқтаждың қажетін өтеуге дайын тұратын.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «إِنْ كَانَتْ الْأُمَةُ مِنْ أَهْلِ الْمَدِينَةِ لَتَأْخُذُ بِيَدِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَمَا يَنْزِعُ يَدَهُ مِنْ يَدِهَا حَتَّى تَذْهَبَ بِهِ حَيْثُ شَاءَتْ مِنَ الْمَدِينَةِ فِي حَاجَتِهَا». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ.

Пайғамбардың (с.а.с.) соншалықты қарапайымдылығы туралы Әнес ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Тіпті, Мәдина жұртының бір кішкентай күңінің өзі талабын орындату үшін Алла Елшісін (с.а.с.) қолынан жетектеп қалаған жағына апара алатын»⁸⁰.

عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «لَمْ يَكُنْ شَخْصٌ أَحَبَّ إِلَيْهِمْ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَكَانُوا إِذَا رَأَوْهُ لَمْ يَقُومُوا لِمَا يَعْلَمُونَ مِنْ كِرَاهِيَتِهِ لِذَلِكَ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

79 Бұхари риуаят еткен.

80 Ибн Мәже риуаят еткен.

Әнес ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Олар (сахабалар) үшін Алланың Елшісінен (с.а.с.) сүйікті адам болмаса да, олар оны (с.а.с.) көргенде орындарынан тұрмайтын. Өйткені оның (с.а.с.) ондай құрметті ұнатпайтындығын білетін»⁸¹.

عَنْ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا تُطْرُونِي كَمَا أَطْرَتِ النَّصَارَى عَيْسَى بْنِ مَرْيَمَ فَإِنَّمَا أَنَا عَبْدُهُ فَقُولُوا عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَأَحْمَدُ.

Алланың Елшісі (с.а.с.): «Мені насаралардың (христиандардың) Мариямұлы Исаны ұлықтағанындай ұлықтамаңдар. Шынында, мен – Құдайдың құлымын. Сондықтан да «Алланың құлы әрі Елшісі» деңдер», – деген⁸².

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَرَّ عَلَى غِلْمَانٍ يَلْعَبُونَ فَسَلَّمَ عَلَيْهِمْ. رَوَاهُ مُسْلِمٌ وَأَبُو دَاوُدَ.

Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) ойнап жатқан балалардың қасынан өтіп бара жатып оларға сәлем берген⁸³.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا يَدْخُلُ الْجَنَّةَ مَنْ كَانَ فِي قَلْبِهِ مِثْقَالُ ذَرَّةٍ مِنْ كِبْرٍ، قَالَ رَجُلٌ:

81 Ахмет, Термези риуаят еткен.

82 Бұхари, Ахмет риуаят еткен.

83 Мүслім, Әбу Дәуіт риуаят еткен.

إِنَّ الرَّجُلَ يُحِبُّ أَنْ يَكُونَ ثَوْبُهُ حَسَنًا، وَتَعْلُهُ حَسَنَةً، قَالَ: إِنَّ اللَّهَ جَمِيلٌ يُحِبُّ الْجَمَالَ، الْكِبْرُ بَطْرُ الْحَقِّ، وَعَمَطُ النَّاسِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ، وَالتِّرْمِذِيُّ، وَأَبُو دَاوُدَ، وَابْنُ مَاجَهَ، وَأَحْمَدُ.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Жүрегінде зәренің мысқалындай тақаппарлық бар адам жәннатқа кірмейді», – дейді. Бір адам тұрып: «Кей кісі киімінің жақсы болғанын, аяқкиімінің жақсы болғанын қалайды ғой», – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Шындығында, Алла көркем әрі көркемдікті жақсы көреді. Ал тақаппарлық – ақиқатты мойындамау, адамдарды менсінбеу», – деп жауап береді⁸⁴.

Еңбек етсең емерсің

Өз нәсібін арам жолмен емес, адал кәсіп арқылы табу күллі адамзатқа жағатын асыл қасиеттердің бірі. Қазақ халқында да еңбек етуге шақыратын, адал кәсіп етуге үндейтін сөздер жеткілікті. Кәсібінің басым бөлігі мал шаруашылығы болып табылатын дала халқында еңбек етпеген жан ескерусіз қалатын. Сондықтан қажырлылық, адал кәсіппен мал табу ер жігітке қойылатын басты талаптардың бірі саналатын. Тілімізде тірі жанды тырбанып тіршілік етуге үндейтін мынадай мақал-мәтелдер бар. «Адал еңбекпен мал іздемек арлы адамның ісі». «Бейнет, бейнет түбі – зейнет». «Еңбек етсең – емерсің». «Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды».

84 Мүслім, Термези, Әбу Дәуіт, Ибн Мәже, Ахмет риуаят еткен.

Берекесі кеткен ауылдың
Айтқаны өсек болар,
Андығаны төсек болар.
Берекесі кірген ауылдың
Айналдырғаны шаруа болар,
Еккені тары, жегені жарма болар.

Осы айтылғанның барлығы асыл дініміздің мұраттарымен сай келеді. Ислам адамзатты алдымен Құдайға иман келтіруге, сосын сол иманның аясында ізгі жұмыс істеуге шақырады. Адал еңбекпен несібесін айыру пайғамбарлардың дағдысы. Әрбір пайғамбар өз еңбегімен табыс тауып, күнелткен. Иманды жанды адал еңбек етуге үндейтін төмендегідей хадистер бар.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«خَيْرُ الْكَسْبِ كَسْبُ يَدِ الْعَامِلِ إِذَا نَصَحَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Кәсіптің ең қайырлысы ықыласты жұмысшының қол еңбегі», – деген⁸⁵.

عَنِ الْمُقَدَّادِ بْنِ مَعْدٍ يَكْرَبُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا أَكَلَ أَحَدٌ طَعَامًا قَطُّ خَيْرًا مِنْ أَنْ يَأْكُلَ مِنْ عَمَلِ يَدَيْهِ وَإِنَّ نَبِيَّ اللَّهِ دَاوُدَ عَلَيْهِ السَّلَامُ كَانَ يَأْكُلُ مِنْ عَمَلِ يَدَيْهِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Миқдад ибн Мағдиякрабтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Ешбір адам өз қол еңбегімен тапқан тағамынан қайырлы тамақ жемеген. Расында, Алланың

85 Ахмет риуаят еткен.

пайғамбары Дәуіт (а.с.) те қол еңбегімен тамақ тауып жеген», – дейді⁸⁶.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «طَلَبُ كَسْبِ الْحَلَالِ فَرِيضَةٌ بَعْدَ الْفَرِيضَةِ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Адал жолмен кәсіп іздену парыздан кейінгі парыз», – деген⁸⁷.

عَنْ رَافِعِ بْنِ خَدِيجٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قِيلَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ أَيُّ الْكَسْبِ أَطْيَبُ؟ قَالَ: «عَمَلُ الرَّجُلِ بِيَدِهِ وَكُلُّ بَيْعٍ مَبْرُورٌ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Рафиғ ибн Хадидден (р.а.) жеткен хабарда бірде адамдар Алланың Елшісінен (с.а.с.) кәсіптің ең жақсысы туралы сұрайды. Сонда ол (с.а.с.): «Ол – кісінің өз қолымен жұмыс жасауы және барлық ізгі сауда», – деп жауап береді⁸⁸.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «التَّاجِرُ الصَّدُوقُ الْأَمِينُ مَعَ النَّبِيِّينَ وَالصَّدِيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Бір риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Шыншыл, аманатқа қиянат жасамайтын саудагер (жұмақта) пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһидтермен бірге болады», – деген⁸⁹.

86 Бұхари риуаят еткен.

87 Бәйһақи риуаят еткен.

88 Ахмет риуаят еткен.

89 Термези риуаят еткен.

عَنْ الزُّبَيْرِ بْنِ الْعَوَّامِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَأَنْ يَأْخُذَ أَحَدُكُمْ حَبْلَهُ فَيَأْتِيَ بِحُزْمَةِ الْحَطَبِ عَلَى ظَهْرِهِ فَيَبِيعَهَا فَيُكْفَ اللَّهُ بِهَا وَجْهَهُ خَيْرٌ لَهُ مِنْ أَنْ يَسْأَلَ النَّاسَ أَعْطَوْهُ أَوْ مَنَعُوهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Зубәйр ибн Аууамнан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Сендердің біреулерің бір жіп алып, даладан бір құшақ отын арқалап әкеліп, сол арқылы Алланың қалауымен күнелткені адамдардан қайыр сұрағанынан қайырлы», – деген⁹⁰.

عَنِ النَّعْمَانِ بْنِ بَشِيرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى الْمِنْبَرِ: «مَنْ لَمْ يَشْكُرْ الْقَلِيلَ لَمْ يَشْكُرِ الْكَثِيرَ، وَمَنْ لَمْ يَشْكُرِ النَّاسَ لَمْ يَشْكُرِ اللَّهَ، التَّحَدُّثُ بِنِعْمَةِ اللَّهِ شُكْرٌ، وَتَرْكُهَا كُفْرٌ، وَالْجُمَاعَةُ رَحْمَةٌ، وَالْفُرْقَةُ عَذَابٌ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Нұғыман ибн Бәширден (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) мінберге шығып былай деген: «Азға шүкіршілік етпеген көпке шүкіршілік етпейді. Адамдарға алғыс айтпаған Аллаға да алғыс айта алмайды. Алланың нығметі туралы сөйлеу – шүкіршілдік. Ал оны тастау – күпірлік. Көпшілік – рахымдық, одан бөліну – азап»⁹¹.

90 Бұхари риуаят еткен.

91 Ахмет риуаят еткен.

مَرَّ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رَجُلًا، فَرَأَى أَصْحَابَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ جَلْدِهِ وَنَشَاطِهِ، فَقَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، لَوْ كَانَ هَذَا فِي سَبِيلِ اللَّهِ؟ فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنْ كَانَ خَرَجَ يَسْعَى عَلَى وَلَدِهِ صِغَارًا فَهُوَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، وَإِنْ كَانَ خَرَجَ يَسْعَى عَلَى أَبَوَيْنِ شَيْخَيْنِ كَبِيرَيْنِ فَهُوَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، وَإِنْ كَانَ يَسْعَى عَلَى نَفْسِهِ يُعْفُهَا فَهُوَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، وَإِنْ كَانَ خَرَجَ رِيَاءً وَمُفَاخَرَةً فَهُوَ فِي سَبِيلِ الشَّيْطَانِ». رَوَاهُ الطَّبْرَانِيُّ.

Бірде Пайғамбардың (с.а.с.) қасынан бір кісі өтеді. Ол адамның қайраты мен жігерін байқаған Алла Елшісінің (с.а.с.) сахабалары: «Уа, Расулалла! Мына адам Алланың жолында ма?» – деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Егер жас балаларына нәпақа табу үшін жолға шықса, ол Алла жолында. Егер жасы ұлғайған қарт ата-анасының қамы үшін шықса, ол Алла жолында. Егер өз басын (тіленішіліктен, кедейшіліктен) сақтау үшін шықса, ол Алла жолында. Ал егер адамдарға көрсету үшін, риякерлік, мақтаншылық мақсатында шықса, ол шайтанның жолында», – деп жауап береді⁹².

Ерте тұру – құт-береке нышаны

Халқымызда күнделікті тіршілікте азанмен ертерек тұрып бастау ежелден қалыптасқан үрдіс. Сонымен қатар, ғұмыр барда ізгі істерді атқаруға асығу

92 Табарани риуаят еткен.

дегдарлардың дағдысы. Қазақ нақылында «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» делінеді. Бұл мәтелдің мәні төмендегі хадистен алынғандай.

عَنْ صَخْرِ الْعَامِدِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَ: «اللَّهُمَّ بَارِكْ لِأُمَّتِي فِي بُكُورِهَا». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Сахр әл-Ғамиди (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «*Уа, Алла! Үмбетімнің ерте тұрғанына береке бер!*» – деп дұға қылған⁹³.

«Игіліктің ерте-кеші жоқ» дегенмен, «өлімнен басқаның бәрінің ерте болғаны жақсы» деген нақыл сөз де бар. Мұның мәні жақсылықтың тезірек болғаны қайырлы дегенді білдіреді. Қазақ халқында сақталған мұндай нақыл сөздердің түп-төркіні аят-хадистер мен мұсылман ғұламалары мен тақуалардың насихаттарында жатыр. Мысалы, атақты тақуа Хатим әл-Асамму былай деген екен: «Асыққан – шайтанның ісі. Тек бес жағдайда асығу: келген қонаққа ас беруге, балиғатқа толған қыз баланы ұзатуға, қарызды қайтаруға, мәйітті аттандыруға, істелінген күнәға тәубе жасауға асығу – Пайғамбардың (с.а.с.) сүннеті».

Жақсылыққа ұмтылу

Қазақ халқының табиғаты жақсы іске, қайырлыққа құштар. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деп игі жақсының ізгіліктерін насихаттап, басқаларға өнеге етеді. Өмірден өткен жандардың да жақсылықтарын 93 Әбу Дәуіт риуаят еткен.

еске алады. Сондықтан да «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген нақыл кең тараған.

Жалған өмірде қолдан келгенше жақсы іс жасауға тырысу – әрбір мұсылманның міндеті. Ал жамандыққа қарсы жақсылық істеу кез келген жанның қолынан келе бермейтін текті қасиет. Қазақта мынадай сөз бар:

Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі дүр,
Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі дүр.

Осы сөздердің негізін біз Құран Кәрімнен табамыз. Жаратқан Ие пендесін теріс пиғылдағы кісімен де тіл табысып, оның оң жолға түсуіне себепкер болуға шақырады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَلَا تَسْتَوِي الْحَسَنَةُ وَلَا السَّيِّئَةُ ادْفَعْ بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ فَإِذَا الَّذِي بَيْنَكَ وَبَيْنَهُ عَدَاوَةٌ كَأَنَّهُ وَلِيٌّ حَمِيمٌ * وَمَا يُلْقَاهَا إِلَّا الَّذِينَ صَبَرُوا وَمَا يُلْقَاهَا إِلَّا ذُو حَظٍّ عَظِيمٍ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем іспен қайтар. Сонда араларыңда дұшпандық болған біреу ең жақын достай болар. Әрі бұл (игі қасиет) тек сабыр еткендерге ғана беріледі және бұл тек зор несібеге ие болғандарға ғана беріледі**»⁹⁴.

Қоғамға қандай да бір пайда тигізу нағыз мұсылмандық қасиет. Адамдардың ең жақсысы да сол.

عَنْ عَزْبَاضِ بْنِ سَارِيَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
قَالَ: «خَيْرُ النَّاسِ أَنْفَعُهُمْ لِلنَّاسِ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ وَالطَّبْرَانِيُّ.

94 Фуссилат сүресі, 34, 35-аяттар.

Ирбад ибн Сариядан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Адамдардың ең қайырлысы – адамдарға көбірек пайда әкелгені», – деп жауап берген⁹⁵.

Тәуекел түбі жел қайық

Қысылтаяң шақтарда Жаратқанға жалбарынып, тәуекел ету нағыз мұсылмандықтың белгісі. «Ер жолдасы – тәуекел» деп Тәңірге шынайы тәуекел етуді тіршіліктің басты негізі етіп алған ата-бабаларымыз хақиқи иманның үлгісін көрсетті. Тіршілікте Алла Тағаланың қолдауына үміт артып, «нар тәуекел» деп білекті сыбана әрекет ету қазаққа тән қажырлылық қасиеті. Содан болар ел аузында мынадай ұлағатты сөздер кең тараған. «Уайым түбі – тұңғыық, батасың да кетесің, тәуекел түбі – жел қайық, мінесің де өтесің». «Тәуекелсіз іс бітпейді, тәуекел етпеген арықтан өтпейді». «Ер жолдасы – тәуекел». «Тәуекелшіл тау жығар».

Мұндай шынайы имани ұстаным діннен алынған тағылымның нәтижесінде пайда болған. Ардақты аяттар мен хадистер осыны айғақтайды.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿فَإِذَا عَزَمْتَ فَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَوَكِّلِينَ﴾

Алла Тағала: «Егер бекінсең, Аллаға тәуекел ет. Ақиқатында, Алла (Өзіне) тәуекел еткендерді жақсы көреді», – дейді⁹⁶.

عَنْ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

95 Бәйһақи мен Табарани риуаят еткен.

96 Әли Имран сүресі, 159-аят.

يَقُولُ «لَوْ أَنَّكُمْ تَوَكَّلْتُمْ عَلَى اللَّهِ حَقَّ تَوَكُّلِهِ لَرَزَقْنَاكُمْ كَمَا يَرْزُقُ الطَّيْرَ: تَعْدُو خِمَاصًا، وَتَرْوِحُ بِطَانًا». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَه.

Омар (р.а.) Алланың Елшісінің (с.а.с.): «Егер сендер Аллаға нық тәуекел етсеңдер, онда Ол сендерге таңертең қарындары қабысып шығып, кешке қампайып қайтатын құстарды ризықтандырағанындай ризық берер еді», – дегенін естігендігін айтады⁹⁷.

Тәңірге тәуекел етумен бірге лайықты әрекет ету де қатар жүреді. Әйтпесе, «алма піс, ауызға түс» деп босқа үміттеніп жата берудің еш жөні жоқ.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ: قَالَ رَجُلٌ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَعْقِلْهَا وَأَتَوَكَّلْ، أَوْ أَطْلِقْهَا وَأَتَوَكَّلْ؟ – لِنَاقَتِهِ، فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اعْقِلْهَا وَتَوَكَّلْ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта бір кісі Пайғамбардан (с.а.с.): «Уа, Расулалла! Түйемді байлап, сосын Аллаға тәуекел етейін бе, жоқ әлде бос жібере салып, тәуекел етейін бе?» – деп сұрайды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Алдымен байлап қой, сосын тәуекел ет», – деген екен⁹⁸.

97 Ибн Мәже риуаят еткен.

98 Термези риуаят еткен.

§4 ИМАНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Сәлем – сөздің анасы

Қазақтың қанға сіңген дәстүрі бойынша екі кісі жолыға қалғанда алдымен жасы кішісі «Ассалаумағалейкум!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкені «Уағалайкумассалам!» деп жауап қатады. Содан соң мал-жан амандығы сұралады. Мұсылманша сәлемдесу бір-бірін танымайтын бейтаныс адамдар үшін де міндетті саналған. Кейіннен атеизмді ту еткен коммунистер қоғамы сәлемдесудің бұл түрін ұлт жадынан өшіріп, архаизмге айналдыруға тырысты. Алайда дегендері болмай, өздері құрдымға кетті.

Қазірде біз сәлемдесуге аса мән бермейтін ұрпақ қалыптасты. Қоғамда қалыптасып бара жатқан сәлемдесу үлгілері бір-біріне тілек тілеуден гөрі, бір-біріне жауапсыз сұрақ қойғандай әсерде қалдырады. Мысалы, «сәлеметсіз бе?» жауабы «сәлеметсіз бе?» немесе «қалайсың?» жауабы «қалайсың?»

Қазақ халқындағы амандасу үлгісі нағыз мұсылманша болатын. Кездескен кезде оң қолын жүрек тұсына қойып: «Ассалаумағалейкум!» – деп дауыстап сәлем берген. Оң қолын беріп, қос қолдап амандасқан. Жас үлкенге, жалқы адам жалпы көпшілікке бірінші болып сәлем берген. Ал әйел кісілермен «Есенсіз бе?» деп хал сұрасқан. Осылай сәлемдесу әдебін балаларына да үйреткен. Сол тәрбие арқылы шынайы мұсылманшылық болмысын сақтай алған. Бұхар жыраудың мынадай үлгілі нақыл сөзі бар:

Өзек қуа ағады,
Өзен судың сағасы.

Алыстан сәлем береді,
Әдепті елдің баласы.

«Ассалаумағалейкум» арабша «Ассаламу алейкум» – «сізге Құдайдың тыныштығы болсын» деген мағынаны білдіреді. Демек, мұсылманшылықта сәлем берудің негізі – тілек, екі мүмін кездескен жерден бір-біріне Тәңірінің тыныштығын тілеп, дұға етеді. Мұсылмандардың сәлемдесу формуласы Құран аяттарымен және Пайғамбар (с.а.с.) хадистерімен бекітілген.

Жаратқан Ие мұсылмандарға бір-бірінің үйлеріне барғанда жақсылап амандасуларын бұйырады. Есендеспей кірмеуді ескертеді.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَدْخُلُوا بُيُوتًا غَيْرَ بُيُوتِكُمْ حَتَّى تَسْتَأْنِسُوا وَتُسَلِّمُوا عَلَى أَهْلِهَا ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен үйлеріңнен басқа үйлерге қашан үйренісіп, иелеріне сәлем бермейінше кірмеңдер. Солай еткендерің өздеріңе жақсы, бәлкім, үгіт аларсыңдар».⁹⁹

Сондай-ақ, ардақты аяттарда сәлем берген адамға сәлем қайтарудың маңыздылығы айтылады.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَإِذَا حُيِّتُمْ بِتَحِيَّةٍ فَحَيُّوا بِأَحْسَنَ مِنْهَا أَوْ رُدُّوهَا إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ حَسِيبًا﴾

⁹⁹ Нұр сүресі, 27-аят.

Алла Тағала былай дейді: «Және егер сендерге сәлем берілсе, одан да жақсы сәлем беріңдер не солай қайтарыңдар. Шындығында, Алла әрбір нәрсені есептеуші»¹⁰⁰.

Мұсылманша амандасудың түп-төркіні атамыз Адамнан басталған. Хақ Тағала әу баста оған осылай сәлемдесуді үйреткен.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خَلَقَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ آدَمَ عَلَى صُورَتِهِ طُولُهُ سِتُونَ ذِرَاعًا، فَلَمَّا خَلَقَهُ قَالَ لَهُ: اذْهَبْ فَسَلِّمْ عَلَى أَوْلِيكَ النَّقَرِ، وَهُمْ نَفَرٌ مِنَ الْمَلَائِكَةِ جُلُوسٌ، وَاسْتَمِعْ مَا يُجِيبُونَكَ، فَإِنَّهَا تَحِيَّتُكَ وَتَحِيَّةُ ذُرِّيَّتِكَ، قَالَ: فَذَهَبَ فَقَالَ: السَّلَامُ عَلَيْكُمْ، فَقَالُوا: السَّلَامُ عَلَيْكَ وَرَحْمَةُ اللَّهِ، فَزَادُوهُ رَحْمَةَ اللَّهِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Даңқты да ұлық Алла Адам атаны алпыс шын тақ бейнесінде жаратты. Жаратып болған соң оған: «Ана отырған топқа бар да, сәлем бер. Олардың өзіңе не деп жауап қайтаратынын тыңдап көр. Бұл сенің және ұрпақтарыңның сәлемдесуі», – дейді. Ол жерде бір топ періштелер отырған болатын. Адам ата оларға барып: «Ассаламу алейкум!» – деп амандасады. Олар: «Ассаламу алайка уа рахматуллаһ!» – деп, «рахматуллаһ» сөзін қосып жауап қайтарады»¹⁰¹.

Пайғамбар (с.а.с.) саналы ғұмырында ізгі сахабаларына мұсылманшылық әдептің қыр-сырын баяндап түсіндірген. Бір-біріне Тәңірдің тыныштығы мен бейбітшілігін тілеудің түбі құт-береке әкелетіндігін айтып өткен.

100 Ниса сүресі, 86-аят.

101 Ахмет риуаят еткен.

عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «يَا بُنَيَّ إِذَا دَخَلْتَ عَلَى أَهْلِكَ فَسَلِّمْ، يَكُونُ بَرَكََةً عَلَيْكَ وَعَلَى أَهْلِكَ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әнес (р.а.) былай дейді: «Алланың Елшісі (с.а.с.) маған: «Уа, балам! Отбасыңа кірген кезде оларға сәлем бер. Ол өзіңе де, отбасыңа да береке әкеледі», – деді»¹⁰².

Пайғамбардың (с.а.с.) осы тәлімі кейінгі үмбетіне керемет үлгі. «Жасында көргені жоқтың өскенде айтары жоқ» дегендей, баланы жасынан мұсылманша сәлем беруге үйрету оның болмысына имани құндылықтарды сіңірудің бір жолы. Сондықтан бүлдіршін кезінен «атаңа сәлем бер», «әжеңмен амандас», «оң қолыңды беріп амандас» деп үйретіп, балауса шақтан ізеттілікке баулыған жөн.

Сондай-ақ, екі адам емен-жарқын амандасса, іштегі көңіл кірі, бір-біріне деген өкпе-реніші кетеді. Сонымен бірге оларға Жаратқан Ие де разы болып, күнә-қателіктерін кешіреді. Шарифатта шынайы сәлемдесудің осындай қырлары бар.

عَنِ الْبَرَاءِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا مِنْ مُسْلِمَيْنِ يَلْتَقِيَانِ فَيَتَصَافَحَانِ إِلَّا غُفِرَ لَهُمَا قَبْلَ أَنْ يَفْتَرِقَا». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Барадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Қандай да бір екі мұсылман бір-бірімен кездескенде

102 Термези риуаят еткен.

қол берісіп амандасса, олардың күнә-қателіктері кешіріледі», – деген¹⁰³.

Араздасып қалған мұсылмандардың арасын жарастыруға сеп болатын да осы сәлемдесу.

عَنْ أَبِي أَيُّوبَ الْأَنْصَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: لَا يَحِلُّ لِمُسْلِمٍ أَنْ يَهْجُرَ أَخَاهُ فَوْقَ ثَلَاثِ لَيَالٍ، يَلْتَقِيَانِ فَيُعْرَضُ هَذَا وَيُعْرَضُ هَذَا، وَخَيْرُهُمَا الَّذِي يَبْدَأُ بِالسَّلَامِ». مَتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Аййуб әл-Ансариден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Ешбір мұсылманға бауырымен үш күннен артық араздасуына, екеуі кездескенде бір-бірінен бет бұруларына болмайды. Олардың ең ізгісі – алғаш сәлем бергені»¹⁰⁴.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَا تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ حَتَّى تُؤْمِنُوا، وَلَا تُؤْمِنُوا حَتَّى تَحَابُّوا، أَوْ لَا أَدُلُّكُمْ عَلَى شَيْءٍ إِذَا فَعَلْتُمُوهُ تَحَابَبْتُمْ؟ أَفْسُوا السَّلَامَ بَيْنَكُمْ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта бірде Пайғамбар (с.а.с.): «Жаным қолында болғанмен ант етейін, жәннатқа қашан иман келтіргендеріңше кірмейсіңдер, ал қашан бір-бірлеріңді жақсы көрмегендеріңше толық иман келтірмейсіңдер. Сендерге соны нығайтатын нәрсені айтайын ба? Өз араларыңда сәлемді таратыңдар (яғни, бір-бірлеріңе сәлем беріңдер)», – деген¹⁰⁵.

103 Әбу Дәуіт риуаят еткен.

104 Бұхари, Мүслім риуаят еткен.

105 Мүслім риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَجُلًا مَرَّ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ فِي مَجْلِسٍ فَقَالَ: السَّلَامُ عَلَيْكُمْ، فَقَالَ: «عَشْرَ حَسَنَاتٍ». فَمَرَّ رَجُلٌ آخَرَ فَقَالَ: السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ، فَقَالَ: «عِشْرُونَ حَسَنَةً». فَمَرَّ رَجُلٌ آخَرَ فَقَالَ: السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، فَقَالَ: «ثَلَاثُونَ حَسَنَةً». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَالبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) бірде сахабаларымен бірге мәжіліс құрып отырған Алланың Елшісінің (с.а.с.) жанынан бір кісі өтіп бара жатып: «Ассаламу алейкум!» – деп сәлем береді. Пайғамбар (с.а.с.): «Он жақсылық», – дейді. Сосын басқа бір кісі өтіп бара жатып: «Ассаламу алейкум уа рахматуллаһ!» – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): «Жиырма жақсылық», – дейді. Сосын тағы бір кісі өтіп бара жатып: «Ассаламу алейкум уа рахматуллаһ уа бәрәкәтуһ!» – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Отыз жақсылық», – дейді¹⁰⁶.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «يُسَلِّمُ الرَّكِيبُ عَلَى الْمَاشِي، وَالْمَاشِي عَلَى الْقَاعِدِ، وَالْقَلِيلُ عَلَى الْكَثِيرِ». مَتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Аттылы жаяуға, жаяу отырғанға, азшылық көпшілікке сәлем береді», – деген¹⁰⁷.

106 Термези, Бұхари риуаят еткен.

107 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «يُسَلَّمُ
الصَّغِيرُ عَلَى الْكَبِيرِ، وَالْمَأْرُ عَلَى الْقَاعِدِ، وَالْقَلِيلُ عَلَى الْكَثِيرِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кіші үлкенге, жүргінші отырған адамға, азшылық көпшілікке сәлем береді», – деген¹⁰⁸.

Ата-ананы құрметтеу

Барша адамзат баласы үшін ата-ананың орны ерекше. Әрбір жан өзінің өмірге келуіне себепші болған қымбат жандарды барынша құрметтеп, қадірлейді. Қазақ халқында да ата-ананың мәртебесі айрықша. «Алланың разылығы – ата-ананың разылығында», «Жұмақ ананың аяғының астында», «Ананың сүтін ақтамаған адам Аллаға жақпайды», «Анаңды Меккеге арқалап апарсаң да перзенттік борышыңнан құтылмайсың» деген сияқты мақал-мәтелдер халық арасында кең тараған. Ислам діні ата-ананы құрметтеуді Құдайдың хағымен қатар қояды. Осы тұрғыда қазақ халқында қалыптасқан ұғымдардың түп-төркіні де келесі аят-хадистерде жатыр десек еш қателеспейміз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا
إِذَا بَلَغْنَ عِنْدَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا أُفٍّ وَلَا
تَنْهَرُهُمَا وَقُلْ لَهُمَا قَوْلًا كَرِيمًا * وَاخْفِضْ لَهُمَا جَنَاحَ الذَّلِّ مِنَ
الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا رَبَّيَانِي صَغِيرًا﴾

108 Бұхари риуаят еткен.

Алла Тағала былай бұйырады: «Раббың Өзінен басқаға құлшылық қылмауларыңа және ата-анаға ізгілік жасауларыңа бұйырды. Егер олардың біреуі не екеуі де қартайса, ол екеуіне «түһ» деп те айтпа, оларға дауыс та көтерме, оларға тек жақсы сөз сөйле. * Оларға мейірімділік пен кішіпейілділіктің қанатын жайып: «Раббым! Кішкентайымда мені тәрбиелегені секілді оларға Сен де рахым ет» деп айт»¹⁰⁹.

Қасиетті аятта Құдай Тағала ата-анаға «түһ» деп айтудың өзіне тыйым салып тұр. Кішкене кейістіктің өзі ата-ананы жәбірлеудің ең жеңіл түрі саналады.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ قَالَ: «رَضِيَ الرَّبُّ فِي رِضَى الْوَالِدِ وَسَخَطُ الرَّبِّ فِي سَخَطِ
الْوَالِدِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абдулла ибн Амрден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Алланың разылығы ата-ананың разылығында, Алланың ашуы ата-ананың ашуында»¹¹⁰.

Ата-ананың алдындағы перзенттік борыш өтелуі мүмкін емес міндеттердің бірі.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ: «لَا يُجْزَى وَلَدٌ وَالِدًا إِلَّا أَنْ يَجِدَهُ مَمْلُوكًا فَيَشْتَرِيهِ فَيَعْتِقَهُ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

109 Ибра сүресі, 23, 24-аяттар.

110 Термези риуаят еткен.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Бала әкесінің ақысын әкесі құл болып, оны құлдықтан босатқанда ғана өтей алады»¹¹¹.

Абдулла ибн Омар (р.а.) анасын мойнына салып алып Қағбаны тауап етіп жүрген бір кісіні көреді. Ол кісі бұған: «Уа, Омардың ұлы! Не айтасың? Мен осы қызметіммен анамның алдындағы борышымды өтедім бе?» – деп сұрайды. Сонда Абдулла ибн Омар (р.а.): «Жоқ. Сені босанарда қысқан толғағының біреуін де өтемедің. Алайда үлкен ізгілік жасадың. Алла қаласа, аз ісіңе көп сауап жазылар», – деп жауап берді.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: أَقْبَلَ رَجُلًا إِلَى نَبِيِّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: أَبَايَعُكَ عَلَى الْهَجْرَةِ وَالْجِهَادِ، أَبْتَغِي الْأَجْرَ مِنَ اللَّهِ، قَالَ: فَهَلْ مِنْ وَالِدَيْكَ أَحَدٌ حَيٌّ؟ قَالَ: نَعَمْ، بَلْ كِلَاهُمَا، قَالَ: فَتَبْتَغِي الْأَجْرَ مِنَ اللَّهِ؟ قَالَ: نَعَمْ، قَالَ: فَارْجِعْ إِلَى وَالِدَيْكَ فَأَحْسِنْ صُحْبَتَهُمَا». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Абдулла ибн Амр (р.а.) басқа бір риуаятта былай деген: «Бір кісі Алланың Пайғамбарына (с.а.с.) келіп: «Саған *хижра* мен *жиһад* жасауға серт беремін. Алладан мол сауап қалаймын», – дейді. Сонда Алланың Елшісі (с.а.с.): «Ата-анаңның біреуі тірі ме?» – деп сұрайды. Кісі: «Иә, екеуі де», – дейді. Алланың Елшісі (с.а.с.): «Алладан мол сауап қалайсың ба?» – деп сұрайды. Кісі: «Иә», – деп жауап береді. Сонда Алланың Елшісі (с.а.с.): «Олай болса, ата-анаңа бар да, ол екеуімен жақсы қарым-қатынаста бол», – деп бұйырады»¹¹².

111 Мүслім риуаят еткен.

112 Мүслім риуаят еткен.

Ата-анасы тірі бола тұрып оларға лайықты қызмет көрсете алмау үлкен қасірет болып есептеледі. Оған төмендегі хадис дәлел.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «رَغِمَ أَنْفُهُ ثُمَّ رَغِمَ أَنْفُهُ ثُمَّ رَغِمَ أَنْفُهُ – أَيُّ لَصِيقٍ بِالرَّعَامِ وَهُوَ التُّرَابُ مِنَ الدُّلِّ – قِيلَ مَنْ يَا رَسُولَ اللَّهِ؟ قَالَ: مَنْ أَدْرَكَ وَالِدَيْهِ عِنْدَ الْكَبَرِ أَوْ أَحَدَهُمَا ثُمَّ لَمْ يَدْخُلِ الْجَنَّةَ أَوْ لَا يُدْخِلَانِهِ الْجَنَّةَ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта бірде Пайғамбар (с.а.с.): «Қор болды! Қор болды! Қор болды!» – дейді. Сахабалар: «Уа, Расулалла! Ол кім?» – деп сұрайды. Сонда ол (с.а.с.): «Ол жасы ұлғайған ата-анасы болып, сосын жәннатқа кіре алмаған немесе ол екеуі оны жәннатқа кіргізе алмаған адам», – деп жауап береді¹¹³. Демек, ата-анаға дер кезінде қызмет ете алмай, сондай мүмкіндікті пайдалана алмау, сондай ізгі істі істеп, соның сауабымен жәннатқа жете алмау орны толмас қасірет екен.

عَنْ أَنَسٍ قَالَ: ذَكَرَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الْكَبَائِرَ فَقَالَ: «الشُّرْكُ بِاللَّهِ، وَعُقُوقُ الْوَالِدَيْنِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ، وَمُسْلِمٌ.

Әнестен (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) үлкен күнәлар туралы: «Олар – Аллаға серік қосу және ата-ананы құрметтемеу», – деген¹¹⁴.

113 Мүслім риуаят еткен.

114 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ قَالَ: قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْجَنَّةُ تَحْتَ أَقْدَامِ الْأُمَّهَاتِ». رَوَاهُ أَبُو بَكْرِ الشَّافِعِيُّ.

Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Жұмақ – аналардың аяқтарының астында», – деген¹¹⁵.

عَنْ مُعَاوِيَةَ بْنِ جَاهِمَةَ السَّلْمِيِّ، أَنَّ جَاهِمَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ جَاءَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَرَدْتُ أَنْ أَعْرُزَ وَقَدْ جِئْتُ أَسْتَشِيرُكَ. فَقَالَ: هَلْ لَكَ مِنْ أُمَّ؟ قَالَ: نَعَمْ. قَالَ: «فَالزَّمْهَا فَإِنَّ الْجَنَّةَ تَحْتَ رِجْلَيْهَا». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

Муғауия ибн Жаһима ас-Саламидің әкесі Жаһима (р.а.) Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Расулалла! Ғазауатқа қатысуды қалап, сізбен кеңесуге келдім», – дейді. «Анаң бар ма?» – деп сұрайды Пайғамбар (с.а.с.). Жаһима: «Иә», – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Анаңның қасында бол. Расында, жұмақ соның аяғының астында», – дейді¹¹⁶.

Ынтымақ-бірлік

«Ырыс алды – ынтымақ» деген қағиданы басты назарда ұстаған қазақ халқы ел арасындағы ынтымақ-бірлікті, татулықты ерекше бағалаған. «Ынтымақты ел озады, ынтымақсыз ел тозады» деп әлеумет арасында

115 Әбу Бәкір әш-Шафиғи риуаят еткен.

116 Нәсеи риуаят еткен.

бірліктің сақталуына басымдық берген. Сондықтан қоғамдағы ынтымақты күшейтетін іс-шараларға қатты көңіл бөлген. Бір-бірінің жетпей жатқан жерлерін жалғап, қолынан келгенше жәрдем көрсетуге тырысқан. Сөйтіп, ұлы Абайдың «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ұлағатын іс жүзіне асырған. Қазақ қоғамындағы ынтымақтың көрінісін біз жәрдем шараларында көреміз. Енді соларға тоқталып өтейік. Олардың кейбірі қазіргі күнге дейін сақталған.

Мысалы, бұрынғы қазақ даласында **жұртшылық** деген әдет-ғұрып кеңінен тараған. Онда қарызға, шығынға батқан, одан шығатын жағдайы болмаған жақын-жұрағатқа ағайындары, ауылдастары көмектесетін. Бұл жәрдем ағайындардың мәслихат-кеңесінен кейін жасалады. Жұртшылық салты Алаш жұртының ауызбірлігінің, бір-біріне жанашырлығының айқын дәлелі.

Дәстүрлі әдет-ғұрыптардың бірі – **асар**. Бір адамның, не отбасының әлі келмейтін күрделі істі бүкіл жұртшылық бірлесе жұмылып, бір-екі күнде бітіріп береді. Оған ешқандай ақы сұрамайды, міндет етпейді. Асарға шақырылғандар Алла жолында жәрдемдесу үшін өз еріктерімен келеді. Мысалы, баспана салу, шөп ору, пісіп тұрған егінді дер кезінде жинап алу, құдық қазу сынды жұмыстарда көпшіліктің күші қажет болады. Сондай жағдайға тап болған кісілер ағайын-тума, көрші-көлемді жинап асар жасайды. Кей кездерде асарды үйінде ауыр жұмыс істей алмайтын ересек адамдары жоқ отбасылар үшін жанашыр жандар өздері ұйымдастырып, істерін атқарып береді. Сондай-ақ, көпшілікке қажетті нысандар да кей кездері асардың күшімен аяқталған. Кезінде осындай

сауабы көп салауатты салттың арқасында талай мешіт-медреселер бой көтерген.

Қазақ халқында сақталған игі дәстүрлердің бірі – *жылу жинау*. Ағайынның, не ауылдастың немесе кез келген адамның басына күн туғанда оған жанашырлық танытып, қаржы, көмек жинап береді. Мысалы, су тасқыны, зілзала, өрт сияқты табиғи апаттарда, не бір адам ауыр науқастан емделуге қаржы таппағанда және тағы басқа да жалғыз өзі шеше алмайтын қиындықтарға тап болғанда қоғам болып бірге көтерісіп, жәрдем берген. Зардап шеккен отбасыларға қолдан келгенше көмек көрсетіп, мал жинап беріп, ыдыс-аяқ, киім-кешек, көрпе-төсек апарып, қол ұшын созған.

Зұлмат жылдарында Қазақстанға жер аударылған мұсылман һәм мұсылман емес өзге халық өкілдерінің көпшілігі осындай көмектің себебінен аман-сау қалды. Диаспоралардың жасы үлкендері «аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» деп қазақ халқының сондай қайырымдылығын әлі күнге дейін ұмытпай, еске алып отырады.

Қоғамдағы ынтымақ-бірлікті бас пайдадан биік қойған қазақ халқында мынадай мақал-мәтелдер бар. «Байлық байлық емес, бірлік байлық». «Ынтымақсыз елді ұрысы билейді, ынтымақты елді дұрысы билейді».

Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

Қазақ қазақ болғалы ел сыйлаған игі жақсылары мен ақылман абыздары әлеуметті мұсылманшылық қағидаларын бұлжытпай орындауға шақырып отырған. Сонау XV ғасырдағы дала данасы Асан Қайғы Сәбитұлы

ынтымақ-татулықтың жайын былай деп толғайды:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу - дұспан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!
Атақты Бұхар жырау мұсылманшылықты ту етіп,
бір-бірімен кеңесіп іс қылуға шақырады:
Мұсылманның баласы,
Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз,
Қалған елді тастаңыз.

Сыр бойында туылған атақты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939) бірліктің берекеге бастайтындығын былайша баяндаған:

Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болуы тайдан-дағы.

Алда - аға, артта - іні жетіп тұрса,
Жігітке ол бір құрал, сайман-дағы.

Деген бар: «төртеу түгел - төрге шығар!»
Төрің сол - бақыт құстың айналғаны.

Алтау боп - аузың ала бола қалса,
Дұшпанға құл боп анық байланбағы.

Ғасырлардан жалғасып келе жатқан осы игі дәстүрлердің негізі Ислам дінінде жатыр. Асыл дініміз ынтымақ-бірлікті имани қоғам құруға шақырады. Адамдарды бір-біріне жәрдемдесуге үндейді.

قال الله تعالى: ﴿واعتصموا بحبلِ اللهِ جميعاً ولا تفرقوا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Алланың жібінен (дінінен) бекем ұстаныңдар да, бөлінбеңдер!»¹¹⁷

قال الله تعالى: ﴿وتعاونوا على البرِّ والتقوى ولا تعاونوا على الإثمِ

وَالْعُدْوَانِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «...Әрі ізгілік пен тақуалық жолында ынтымақтасыңдар, күнә мен дұшпандық жолында сыбайласпаңдар!»¹¹⁸

عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:

117 Әли Имран сүресі, 103-аят.

118 Мәида сүресі, 2-аят.

﴿إِنَّ الْمُؤْمِنَ لِلْمُؤْمِنِ كَالْبُنْيَانِ يَشُدُّ بَعْضُهُ بَعْضًا﴾، وَشَبَّكَ أَصَابِعَهُ.
رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Мұсадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Расында, мүмін мүмін үшін (біртұтас) құрылыс сияқты, бірін-бірі бекітіп тұрады», – деп, саусақтарын айқастырған¹¹⁹.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَحَبُّ النَّاسِ إِلَى اللَّهِ أَنْتَفَعَهُمْ، وَأَحَبُّ الْأَعْمَالِ إِلَى اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ سُورٌ تُدْخِلُهُ عَلَى مُسْلِمٍ، أَوْ تَكْشِفُ عَنْهُ كُرْبَةً، أَوْ تَقْضِي عَنْهُ دَيْنًا، أَوْ تَطْرُدُ عَنْهُ جُوعًا وَلِأَنَّ أُمَّشِيَّ مَعَ أَخِي الْمُسْلِمِ فِي حَاجَةٍ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْ أَنْ أَعْتَكِفَ فِي الْمَسْجِدِ شَهْرًا، وَمَنْ كَفَّ غَضَبَهُ، سَتَرَ اللَّهُ عَوْرَتَهُ، وَمَنْ مَشِيَ مَعَ أَخِيهِ الْمُسْلِمِ فِي حَاجَتِهِ حَتَّى يُنْتَهَى لَهُ، أَثْبَتَ اللَّهُ تَعَالَى قَدَمَهُ يَوْمَ تَزُلُّ الْأَقْدَامُ، وَإِنَّ سُوءَ الْخُلُقِ لَيُفْسِدُ الْعَمَلَ، كَمَا يُفْسِدُ الْخَلُّ الْعَسَلَ». رَوَاهُ الطَّبْرَائِيُّ وَابْنُ أَبِي الدُّنْيَا.

Алланың Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Алла үшін адамдардың ең сүйіктісі адамдарға пайдалы болғаны. Даңқты һәм Ұлы Алла үшін іс-амалдардың ең сүйіктісі бір мұсылманды қуанышқа бөлеуің, не оның бір қайғы-мұңын сейілтуің, не оның бір қарызын өтеп беруің, не оның бір аштығын кетіріп, тамақтандыруың. Мен үшін бір

119 Бұхари риуаят еткен.

мұсылман бауырымның қажетімен жүруім мешітте бір ай бойы иғтикафта (құлшылықта) болғаннан артық. Кімде-кім ашу-ызасын басса, Алла оның кемшілігін жасырады. Кімде-кім мұсылман бауырының қажетінде қашан оны өтегенше жүрсе, Алла Тағала қадамдар таятын күні оның қадамын нықтайды. Расында жаман мінез жасалған қайыр амалдарды сірке суының балды бұзғанындай бұзады»¹²⁰.

Алғыс айту

Қазақ халқы қайырымдылықтың қадіріне жете білген халық. Жақсылық жасаған жанға лайықты алғысын айта білген жұрт. Алғыс айтудың бірнеше формалары бар. Қазірде кең тарағаны «рахмет» деп айту. Бұл сөздің түп-төркіні «сізге Алланың рахымы жаусын!» деген тіркес. Уақыт өте келе қысқаша нұсқасы қалыптасқан. Ұлтымыздың бұрынғы мұраларына зер салсақ, көпшілік арасында қайыр қылған жанға «Құдай жарылқасын», «Алла алдыңнан жарылқасын», «Жолыңды ашсын», «Жағың қисамай жамандық көрме» деген сияқты игі тілектерді жаудыратынын көреміз. Соңдай-ақ, алғыс алған адамның жаман болмайтындығын білдіретін мынадай мақал-мәтелдер де бар. «Алғыс алған арымас, қарғыс алған жарымас». «Алғыс алған жігіттің аты бәйгеден келеді». «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас». «Баталы құлға бақ қонар».

Зер салып қарасақ, осынау салихалы сипаттың негізі асыл дінімізде жатқандығын аңғарамыз. Хадистерде бір-біріне алғыс білдіру шынайы мұсылман белгісі екендігі баяндалады.

120 Табарани, Ибн Әбу Дүния риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا يَشْكُرُ اللَّهُ مَنْ لَا يَشْكُرُ النَّاسَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ، وَأَبُو دَاوُدَ، وَالتِّرْمِذِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Адамдарға алғыс білдірмейтін адам Аллаға шүкір етіп жарытпайды», – деген¹²¹.

Алғыс айтудың түрлі формалары бар. Қазақта «Құдайдан қайтсын», «Құдай жарылқасын» деген сияқты алғыс түрлері бар. Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне алғысты солай айтуға бұйырған.

عَنْ أُسَامَةَ بْنِ زَيْدٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ صُنِعَ إِلَيْهِ مَعْرُوفٌ فَقَالَ لِفَاعِلِهِ: جَزَاكَ اللَّهُ خَيْرًا فَقَدْ أَبْلَغَ فِي الثَّنَاءِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَالنَّسَائِيُّ.

Усәма ибн Зейден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Кімге бір жақсылық жасалып, жақсылық жасаған жанға: «Алла қайырлы сауап берсін!» деп айтса, алғыс, мақтауын жеткізген болып саналады», – деген¹²².

Тарту – татулық белгісі

Алаш жұртында «Орамал тон болмайды жол болады» деген мәтел бар. Мағынасы азды-көпті сый тарту арқылы бір-бірінің көңілін аулау, адамдар арасындағы татулық қарым-қатынасты бекіту. Қазақта сыйдың түрі көп. Қонақ кәде, нағашының жиенге

121 Ахмет, Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

122 Термези, Нәсәи риуаят еткен.

беретін тартуы сияқты толып жатқан кәде-сыйлар бар. Бұл игі дәстүр ықылым заманнан ұласып келе жатқан түркі халықтарына тән ұлттық құндылық. Сонымен қатар, мұсылманшылық негізі де бар. Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне бір-бірімен тонның ішкі бауындай тату болуды, бір-бірін туыс-бауырдай көруді өсиет еткен. Ондай бауырмалдыққа жетудің жолы өзара тарту-таралғы беру, жақсы қарым-қатынастарды нығайту жолында дүние сарп ету екендігін баса айтқан.

Енді қазақ халқында қалыптасқан сол тарту-таралғы, сый-сияпаттың бірнеше түріне тоқталайық.

Алыс сапардан немесе базардан, жәрмеңкеден қайтып оралған адам өзінің жақын туыстары мен көршілері үшін әр түрлі сыйлықтар әкелетін. Оны **базарлық** деп атайды. Ауыл ақсақалдары тамақ үстінде үлкен табақтан жасы кішілерге ағалардан тәбәрік ретінде **асату** жасайтын. Тойдан не соғым етінен кешігіп қалған жақын туысқа арнайы **сыбағасын** алып қалып, келген кезде алдына тартатын. Қандай да бір жаңа киімге, бағалы дүниеге, көлікке қол жеткізген адамға жақын-туыстары, дос-жарандары **байгазы** беретін.

Әйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойларда болған жерлерінен **сарқыт** ала келетін. Мұның өзі болып өткен мереке-тойлардан үйде қалғандардың дәм татып, сол арқылы игі шараға қатыстылықты сезінуге тәрбиелейді.

Көптен көрмеген жақын-жұрағат, құда-жекжатқа бағалы заттардан, қазы-қарта, сүр еттен **сәлемдеме** беріп жіберу әдет-ғұрпы да болған.

Дүниеге келген ұл балаға әкесі, ағалары, не нағашысы құлын-тай, не бота атайтын. Бұл тартуды

бәсіре деп айдарлаған. Ат жалын тартып мінетін жасқа жеткенде сол бала бәсіресіне мініп шығатын.

Қазақ халқында бір-біріне қуанышты хабар жеткізгенде **сүйінші** сұрайтын әдет-ғұрпы да бар. Жақсы хабарды жеткізген жанға арнайы сыйлық берілетін.

Жұртымызда бұдан да басқа сый-сияпат түрлері көп. Мұндай игі жоралғылар ағайын арасындағы ауызбірлікті, туыстық-бауырмалдық қарым-қатынасты нығайтады. Әрі бұл Пайғамбардың (с.а.с.) өсиетіне дөп келетін дәстүрлер болып саналады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«تَهَادُوا تَحَابُّوا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне: «**Бір-біріңе сый беріңдер, сүйіспеншіліктерің артады**», – деп өсиет еткен¹²³. Араб тілінде сый-сияпат «Һәдия» деп аталады.

Жаратқан Иенің Өзі қандай да бір жақсылық жасаған пендеге жақсы сауап болатындығын уәде еткен. Ал игіліктің қарымтасы жұмақ болады.

قال الله تعالى: ﴿هَلْ جَزَاءُ الْإِحْسَانِ إِلَّا الْإِحْسَانُ﴾

Алла Тағала былай дейді: «**Ізгіліктің тартуы тек ізгілік емес пе?**»¹²⁴

Өзіне бір сый жасалған мұсылман оған қарымта сый қайтаруға тырысады. Олай ете алмаған жағдайда сый берген кісіге жақсы тілек айтады.

123 Бұхари риуаят еткен.

124 Рахман сүресі, 60-аят.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ صَنَعَ إِلَيْكُمْ مَعْرُوفًا فَكَافِئُوهُ، فَإِنْ لَمْ تَجِدُوا مَا تُكَافِئُونَهُ فَادْعُوا لَهُ حَتَّى تَرَوْا أَنَّكُمْ قَدْ كَفَّيْتُمُوهُ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Абдулла ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Өздерің бір игілік жасаған жанға паранар игілік етіңдер. Ал егер қарымта игілік ете алмасаңдар, онда қашан игілігін қайтардым деп ойлағандарыңша сол кісі үшін жақсы тілек тілеңдер»¹²⁵.

Бауырмалдық

Қазақты басқа халықтан ерекшелеп тұратын игі қасиеті – бауырмалдығы. Жеті атаға дейін бір-бірін туыс көретін халқымыз жақынға да, жатқа да жанашырлық танытады. Қаріп-қасер, мүсәпір жолаушыға көмек қолын созады. Қиын жағдайда қалған жандарға жәрдем етуді адамдық борыш деп санайды. Осындай мол пейіліне қарай Жаратқан Ие де қазақ жұртын жарылқауынан кенде етпеген. Оның бір дәлелі мынадай мақал-мәтелдері десе болады. «Жатырқау жаттың ісі, жақындау Хақтың ісі». «Жақсы адамда жаттық жоқ, жақсы жарда қарттық жоқ». «Жақсы адам жатырқамайды».

Халқымызда қалыптасқан бауырмалдық, жанашырлықтың негізі қасиетті аяттар мен хадистерде жатыр десек қателеспейміз.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ﴾

125 Әбу Дәуіт риуаят еткен.

Алла Тағала былай дейді: «Шындығында, мүміндер – бауырлар»¹²⁶.

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَكْمَلُ الْمُؤْمِنِينَ إِيمَانًا أَحْسَنُهُمْ خُلُقًا، الْمُوْطِئُونَ أَكْنَافًا الَّذِينَ يَأْلُقُونَ وَيُؤْلُقُونَ». رَوَاهُ الطَّبْرَانِيُّ.

Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Мүміндердің ішіндегі иманы толығы – ең жақсы мінез-құлықты, кішіпейіл, тез достасқыш тартымдылары»¹²⁷.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «الْمُؤْمِنُ مَأْلُفٌ، وَلَا خَيْرَ فِيمَنْ لَا يَأْلُفُ وَلَا يُؤْلَفُ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَابْنُ أَبِي عَاصِمٍ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Мүмін адам достасқыш. Достаспайтын, тіл табыспайтын жаннан қайыр жоқ», – деген¹²⁸.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الْمُسْلِمُ أَخُو الْمُسْلِمِ لَا يَظْلِمُهُ وَلَا يُسْلِمُهُ، وَمَنْ كَانَ فِي حَاجَةٍ أَخِيهِ كَانَ اللَّهُ فِي حَاجَتِهِ، وَمَنْ فَرَّجَ عَنْ مُسْلِمٍ كُرْبَةً فَرَّجَ اللَّهُ

126 Хужурат сүресі, 10-аят.

127 Табарани риуаят еткен.

128 Ахмет, Бөйінақи риуаят еткен.

Туыстық байланыс

عَنْهُ كُرْبَةً مِنْ كَرَاتِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ، وَمَنْ سَتَرَ مُسْلِمًا سَتَرَهُ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Абдулла ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) былай дейді: «Мұсылман – мұсылманның бауыры, оған зұлымдық та қылмайды, оны құрдымға да тастамайды. Кімде-кім бауырының қажеті үшін жүрсе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Қиямет күні Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді. Кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Алла оның айыбын жасырады»¹²⁹.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «حَقُّ الْمُسْلِمِ عَلَى الْمُسْلِمِ خَمْسٌ: رُدُّ السَّلَامِ، وَعِيَادَةُ الْمَرِيضِ، وَاتِّبَاعُ الْجَنَائِزِ، وَإِجَابَةُ الدَّعْوَةِ، وَتَشْمِيتُ الْعَاطِسِ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Алла Елшісі (с.а.с.) Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта былай дейді: «Мұсылманның мұсылмандағы хағы бесеу: сәлеміне сәлем қайтару, ауру болса халін сұрап бару, қайтыс болса жаназасына қатысу, қонаққа шақырса бару, түшкірсе «Алла рахым етсін» деп айту»¹³⁰.

129 Бұхари, Мүслим риуаят еткен.

130 Бұхари, Мүслим риуаят еткен.

Қазақ халқы туыстық байланысты ерекше бағалайтын ел. Тіпті, туыстық қарым-қатынасты дәл қазақтай сақтайтын ел әлемде кемде-кем. Халқымыздың болмысын басқалардан ерекшелейтін бірден-бір қасиеті осы туыстық байланыс деуге де болады. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деп ағайын арасындағы татулықтың сақталуын қоғам бірлігінің басты алғышарты деп қараған.

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» деп туыстық қатынастың басқа іс түскенде танылатындығын түсінген.

«Ай көрмесең туысың жат, жыл көрмесең жолдасың жат», «Мал қонысын іздейді, ер жігіт туысын іздейді» деп туыстық қатынасты қандай жағдайда да үзіп алмауға, оны қайта жалғап, жаңдандыруға шақырған.

«Ағайынның азары болса да, безері болмас» деп туыс жаман болса да безінуге болмайтындығын ескерткен.

Туыстық байланысты осылай қадірлеудің бір негізі шарифатта жатыр. Асыл дініміз адамдар арасындағы туыстық қатынастың берік болуын қолдайды, ағайыннан ажырамауға шақырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін төменде туыстық байланысқа бекем болуға шақыратын хадистердің бір парасын бердік.

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَحَبُّ الْأَعْمَالِ إِلَى اللَّهِ إِيمَانٌ بِاللَّهِ، ثُمَّ صَلَاةُ الرَّحْمَنِ، ثُمَّ الْأَمْرُ بِالْمَعْرُوفِ وَالنَّهْيُ عَنِ الْمُنْكَرِ، وَأَبْعَضُ

الأَعْمَالِ إِلَى اللَّهِ الْإِشْرَاكَ بِاللَّهِ، ثُمَّ قَطِيعَةُ الرَّحِمِ». رَوَاهُ أَبُو يَعْلَى.

Алланың Елшісі (с.а.с.) бір хадисінде: «Алла үшін ең сүйікті іс – Аллаға иман келтіру, сосын туыстық байланысты сақтау, сосын жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю. Алла үшін ең жаман іс – Аллаға серік қосу, сосын туыстық байланысты үзу», – деген¹³¹.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «مَنْ سَرَّهُ أَنْ يُبْسَطَ لَهُ فِي رِزْقِهِ أَوْ يُنْسَأَ لَهُ فِي أَثَرِهِ فَلْيَصِلْ رَحْمَهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әнес ибн Мәліктен (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім ырзық-несібесінің молаюын немесе гұмырының ұзақ болуын қаласа, туыстық байланысын жалғасын», – дейді¹³².

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «تَعَلَّمُوا مِنْ أَنْسَابِكُمْ مَا تَصِلُونَ بِهِ أَرْحَامَكُمْ، فَإِنَّ صِلَةَ الرَّحِمِ حَبَّةٌ فِي الْأَهْلِ، مَثْرَاءٌ فِي الْمَالِ، مَنْسَأَةٌ فِي الْأَثَرِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَالتِّرْمِذِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта былай дейді: «Шежірелеріңнен туыстық қатынастарыңды жалғайтын нәрселерді үйреніңдер. Шындығында, туыстық қатынасты жалғау әулетке сүйіспеншілік, малға өсім, гұмырға ұзақтық әкеледі»¹³³.

131 Әбу Яғла риуаят еткен.

132 Бұхари, Мүслим риуаят еткен.

133 Ахмет, Термези риуаят еткен.

عَنْ سَهْلِ بْنِ مُعَاذِ بْنِ أَنَسٍ عَنِ أَبِيهِ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَفْضَلُ الْفَضَائِلِ أَنْ تَصِلَ مَنْ قَطَعَكَ، وَتُعْطِيَ مَنْ مَنَعَكَ، وَتَصَفِّحَ عَمَّنْ شَتَمَكَ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Сәһл ибн Мұғаз ибн Әнестен жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Артықшылықтардың ең биігі – қатыспай қойғанмен қатысу, бермегенге беру, өзіңді балағаттағанды кешіру», – дейді¹³⁴.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ سَلَامٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «يَا أَيُّهَا النَّاسُ، أَفْشُوا السَّلَامَ، وَأَطْعِمُوا الطَّعَامَ، وَصِلُوا الْأَرْحَامَ، وَصَلُّوا وَالنَّاسُ نِيَامًا، تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ بِسَلَامٍ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Абдулла ибн Сәләмнан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Уа, адамдар! Араларыңдан сәлемді таратыңдар, бір-біріңді тамақтандырыңдар, туыстық қатынасты жалғаңдар және адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар! Сонда жұмаққа аман-есен кіресіңдер!» – деген¹³⁵.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الصَّدَقَةُ عَلَى الْمَسْكِينِ صَدَقَةٌ، وَالصَّدَقَةُ عَلَى ذِي الرَّحِمِ اثْنَتَانِ، صَدَقَةٌ وَصِلَةٌ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

134 Ахмет риуаят еткен.

135 Термези риуаят еткен.

جَبَّانٌ فِي صَحِيحِهِ وَالْحَاكِمُ.

Пайғамбар (с.а.с.) тағы бір хадисінде былай дейді: «Міскінге берілген садақа бір садақа, ал туыстық қатынасы бар мұқтажға берген садақа екі садақа: садақа және туыстық қатынас (сауабы)», – деген¹³⁶.

عَنْ أَبِي أَيُّوبَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَجُلًا قَالَ لِلنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَخْبِرْنِي بِعَمَلٍ يُدْخِلُنِي الْجَنَّةَ. قَالَ: «تَعْبُدَ اللَّهَ لَا تُشْرِكُ بِهِ شَيْئًا، وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ، وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ، وَتَصِلَ الرَّحِمَ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Аййубтан (р.а.) жеткен риуаятта бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Мені жұмаққа кіргізетін іс туралы айтшы», – дегенде Пайғамбар (с.а.с.): «Ол – Аллаға еш серік қоспай құлшылық етуің, намаз оқуың, зекет беруің және туыстық байланысты жалғастыруың», – деген¹³⁷.

قَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ سَرَّهُ أَنْ يُمَدَّ لَهُ فِي عُمُرِهِ وَيَزَادَ فِي رِزْقِهِ فَلْيُبِرَّ وَالِدَيْهِ وَلْيَصِلْ رَحِمَهُ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Алланың Елшісі (с.а.с.) бір хадисінде былай дейді: «Кімде-кім өмірінің ұзаруын, ризығының кеңеюін қаласа, ата-анасына ізгілік жасап, туыстық қатынасын жалғасын»¹³⁸.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «ثَلَاثَةٌ لَا يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ: مُدْمِنُ الْخَمْرِ، وَقَاطِعُ الرَّحِمِ، وَمُصَدِّقُ بِالسَّحْرِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ وَأَبُو يَعْلَى وَابْنُ

136 Ахмет риуаят еткен.

137 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

138 Ахмет риуаят еткен.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Үш адам жәннатқа кірмейді. Олар: арақ ішуші, туыстық байланысты үзуші және сиқырға сенуші», – дейді¹³⁹.

عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَنْصُرُ أَخَاكَ ظَالِمًا أَوْ مَظْلُومًا»، فَقَالَ رَجُلٌ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَنْصُرُهُ إِذَا كَانَ مَظْلُومًا، أَرَأَيْتَ إِنْ كَانَ ظَالِمًا كَيْفَ أَنْصُرُهُ؟ قَالَ: «تَحْجِرُهُ أَوْ تَمْنَعُهُ مِنَ الظُّلْمِ فَإِنَّ ذَلِكَ نَصْرُهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әнестен (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Бауырыңа ол зұлым болса да, зұлымдыққа ұшыраса да көмек бер», – дейді. Бір кісі: «Уа, Расулалла! Егер қиянат көрсе, көмек берермін. Ал ол зұлым болса қалай көмек беремін?» – деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Оны зұлымдықтан тоқтатасың. Оған көмек етуің солай болады», – деп жауап береді¹⁴⁰.

Көрші ақысы

Қазақ халқы көрші ақысын жете түсінген. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деп қоңсылықты ерекше қадірлеген. Жан-жағында тіршілік етіп жатқан жандармен әрдайым тату тұрған. Сондықтан да бауырды да, басқаны да жанына жақын тартып, көмек берген.

139 Ахмет, Әбу Яғла, Ибн Хиббан, Хакимдер риуаят еткен.

140 Бұхари риуаят еткен.

Ел аузында «Алыстағы туысыңнан қасыңдағы көршің артық» деген нақыл сақталған. Расымен де, басқа іс түскенде жырақтағы ағайыннан гөрі жәрдем беруге жүгіретін де, қайғымен, қуанышпен алдымен бөлісетін де жанашыр көрші. Сондықтан да оның орны ерекше. Халқымыз «Көршіні ешкім таңдамайды, Құдай қосады» деп, қоңсыны Жаратушының Өзі белгілейтіндігіне сенген. Сондықтан да жақын көршіні «Құдайы көрші» деп атаған. Мұның мағынасы «Құдайдың Өзі қосқан, үйімізді, малымызды, жанымызды жапсарлас әрі жақын еткен» дегенге саяды. Тәңірді Өзі таңдап қоңсы қылған соң ол жақсы болсын, жаман болсын, тату-тәтті тұрып, көршілік ақысын лайықты түрде өтеу керек деген наным қалыптасқан. Бұл нанымның негізі мұсылманшылықта жатыр. Өйткені көршімен жақсы мәміледе болу – шынайы мұсылмандық қасиет. Бұл жайында қасиетті аяттар мен хадистерде көп айтылады.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَبِذِي الْقُرْبَىٰ وَالْيَتَامَىٰ وَالْمَسَاكِينِ وَالْجَارِ ذِي الْقُرْبَىٰ وَالْجَارِ الْجُنُبِ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Аллаға ғана құлшылық етіңдер. Оған еш нәрсені серік қоспаңдар. Әрі ата-анаға, жақын туыстарға, жетімдерге, міскіндерге, туыс көршіге және бөгде көршіге жақсылық жасаңдар».¹⁴¹

Міне, осы аятта айтылғандай әлемдерді Жаратушы Хақ Тағала Өзінің құлдарын басқалармен бірге көршілерге де жақсылық жасауға бұйырады.

¹⁴¹ Ниса сүресі, 36-аят.

Осылайша көршінің ақысы, көршіге қайырлық жасау асыл дінімізде Құран аяттары мен хадис шәрифтермен нақты бекітілген бұлжымас қағида.

Шариғатымызда көршілердің бірнеше түрлері айтылып өткен. Мысалы:

1. Туысқан әрі мұсылман көрші.
2. Туыс бірақ мұсылман емес көрші.
3. Туыс емес, бөгде мұсылман көрші.
4. Мұсылман емес көрші.

Туысқан болып келетін көршінің үш ақысы бар: туыстық ақысы, мұсылмандық ақысы және көрші ақысы.

Туыс болғанымен мұсылман болмаған көршінің екі ақысы бар: туыстық және көршілік ақысы.

Туыс емес бөгде мұсылман көршінің екі ақысы бар: мұсылман бауырлық ақысы және көрші ақысы.

Ал мұсылман емес көршінің бір ақысы, яғни тек көршілік ақысы ғана бар.

Осылайша Ислам шариғаты мен әдебі барша мұсылмандарды көршілерімен жақсы болуға шақырады. Ол көрші мейлі мұсылман, мейлі кәпір болсын бәрібір. Яғни көршіге қандай жағдайда да ізгі ниетте болып, егер көмек керек болса, көмек беріп, қиыншылыққа тап болса, жәрдемдесіп тұру қажет. Тым болмағанда көршіні көргенде сәлем беріп, оқта-текте үйлеріне бас сұғып, хал-жағдайларын сұрап тұру керек. Өйткені Алланың Елшісі (с.а.с.) өзінің бір хадисінде көршінің туыстай болатындығын айтқан.

عَنِ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللهُ عَنْهُمَا قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا زَالَ جَبْرِيْلُ يُوصِيْنِي بِالْجَارِ حَتَّى ظَنَنْتُ أَنَّهُ سَيُورَثُنِي». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Маған Жебірейіл періштенің көрші ақысы туралы көп өсиет айтқандығы соншалықты мен көршім мұрагеріме айналатын шығар деп ойладым», – деген¹⁴².

Халқымызда көрші ақысы туралы нағыз мұсылмандық ұстаным қалыптасқан. «Қиямет күні алдымен көрші ақысы сұралады екен» деген ұғым да бар. Бұл ұғымның мұсылманшылықта негізі бар.

عَنْ عُمَبَةَ بْنِ عَامِرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَوَّلُ حَصْمَيْنِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ جَارَانِ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Ұқба ибн Амирден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Қиямет күні ең бірінші дауласатындар – көршілер», – деген¹⁴³.

Көрші адам мұсылман не кәпір, тақуа не пасық, дос не дұшпан, жергілікті не шетелдік, пайдалы не пайдасыз болуы ықтимал. Қалай болғанда да олардың ішіндегі қайыр жасауға ең лайықтысы ең жақын тұратын көрші.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنَّ لِي جَارَيْنِ فَإِلَى أَيِّهِمَا أُهْدِي؟ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِلَى أَقْرَبِهِمَا مِنْكَ بَابًا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Бірде Айша (р.а.) Алла Елшісінен (с.а.с.): «Уа, Расулалла! Менің екі көршім бар, сыйды соның қайсысына берейін?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі

142 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

143 Ахмет риуаят еткен.

(с.а.с.): «Есігі ең жақын орналасқанына», – деп жауап берген¹⁴⁴.

Жақсылық жасауға ең жақын көршінің лайықты болуының себебі әдетте ол жапсарлас көршісінің үйінде не болып жатқанынан хабардар болады. Үйге кіріп, кім шығып жатқандығын көреді. Және қандай да бір қиыншылыққа тап болғанда қасынан табылатын жақын адам. Сондықтан да ол жақсылық жасауға бірден-бір лайықты көрші. Көрші ауырып қалғанда зиярат етіп, хал-жағдайын сұрап, ол жоқта бала-шағасы мен мал-мүлкіне бас-көз болып, қарайласу керек. Көршінің қуанышында да, қайғысына да ортақ болу керек.

Құрылыс салғанда көршісімен ақылдасып салу, оған зиян тигізбеуге тырысу да көрші ақысына жатады. Ал құрылыс салып жатқан көршіге көмектесу керек.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا يَمْنَعُ جَارٌ جَارَةً أَنْ يَغْرِزَ خَشْبَهُ فِي جِدَارِهِ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Сендердің біреулерің өзінің жапсарлас қабырғасына көршісінің арқалық бөренесін қоюына тыйым салмасын», – деген¹⁴⁵. Яғни егер бір зиян келмейтін болса, көршінің құрылысы үшін өзінің үйінің, не сарайының қабырғасын немесе дуалын тірек етуге рұқсат беруі тиіс екен.

Қазақ халқы: «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, жаман кісіге мал бітсе, жанына қоңсы қоңдырмас», – деп көрші ақысын белден басатындарды қатты сынаған. Оның адамгершілікке де, мұсылманшылыққа да сыймайтындығын ескерткен.

144 Бұхари риуаят еткен.

145 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

Мұның өзі мұсылманшылық қағидаларынан алынған. Ислам дінінде көршіге қандай да бір зарар, жамандық жасауға қатаң түрде тыйым салынған.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ: فَلَا يُوْذِ جَارَهُ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деп ескерткен: «Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне сенген болса көршісін еш зарар бермесін».¹⁴⁶

عَنْ أَبِي شَرِيحٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «وَاللَّهِ لَا يُؤْمِنُ، وَاللَّهِ لَا يُؤْمِنُ، وَاللَّهِ لَا يُؤْمِنُ» قِيلَ وَمَنْ يَا رَسُولَ؟ قَالَ: «الَّذِي لَا يَأْمَنُ جَارُهُ بَوَائِقِهِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Шурейхтен (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Уаллаһи, ол иман келтірмеді! Уаллаһи, ол иман келтірмеді! Уаллаһи, ол иман келтірмеді!» – деп үш рет айтады. Сонда сахабалар: «Уа, Расулалла! Ол кім?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі (с.а.с.): «Зиянынан көршісін аман қалдырмаған жан», – деген¹⁴⁷. Яғни, көршісін өзінің жамандықтарынан, зиянды істерінен сақтай алмаған жан толық иман келтірген болып есептелмейді. Ондай жанның жасаған ғибадаттары мен жақсылықтарының да сауабы аз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) басқа бір хадисінде күндіз ораза тұтып, түнде намаз оқып, тақуалықпен

146 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

147 Бұхари риуаят еткен.

тіршілік етіп, бірақ көршісіне зарар беретін әйелдің тозаққа кіретіндігі туралы ескертіп өткен.

Екінші жағынан көрші қандай жаман адам болса да, қандай зарар зиян беріп жатса да оған сабырлық еткен дұрыс. Ондай көршіні тура жолға үгіттеп, жақсылыққа үндеу керек.

عَنْ أَنَسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا أَمَّنَ بِي مِنْ بَاتٍ شَبَعَانَ وَجَارُهُ جَائِعٌ إِلَى جَنْبِهِ، وَهُوَ يَعْلَمُ بِهِ». رَوَاهُ الْبَرْزَاءُ.

Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Жанындағы көршісінің аш жатқандығын біле тұра өзі тоқ болып жатқан адам маған нақ иман келтірген емес», – дейді¹⁴⁸.

Пайғамбар (с.а.с.) басқа хадисінде, тіпті, үйді, қораны сатарда әуелі қабырғалас көршісімен ақылдасуға бұйырады. Көрші ақысы туралы Алла Елшісі (с.а.с.) өзі үлкен өнеге көрсеткен. Өзіне жәбір беріп, жолына нәжіс заттарды төсеп қоятын иман келтірмеген көршісі ауырып қалғанда оның хал-жағдайын сұрап барады. Сондай керемет жақсы қарым-қатынасы арқылы сол көршісінің иман келтіруіне себепкер болады.

Сыйластық

Сыйластық – қазақ халқында ежелден қалыптасқан, қанға сіңген қасиет. Баланың ата-ананы, жиеннің нағашысын, келіннің қайын жұртын сыйлауы және құдалар, бажалар, құрдастар, абысын-келіндер

148 Әл-Баззар риуаяты.

арасында қалыптасқан өзара құрмет, сыйластық бұрыннан бар. «Адам сыйлағанның құлы» деген қазақ өзін сыйлап, құрметтеген жанға төрден орын ұсынып, сұрағанын береді. Ал сыйлағанды түсінбеген жанға «сиыр сипағанды білмейді» деп сәлеміне лайықты әдебін жасаған. «Сыйлап берген су да тәтті» деп алдына қойылған асқа емес, пейілдің адалдығы мен көңілдің тазалығына баса мән берген.

Жалпы халық арасында «сыйластыққа, татулыққа жететін ештеңе жоқ» деген жақсы мәтел бар. «Жақсы сыйлағанның құлы, жаман қорыққанның құлы» деп сыйластықты сырбаздықтың сыны етіп қарастырған. Ал Саққұлақ би сыйластықтың мәртебесі турасында: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – адал өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық», – деген екен.

Сыйластық «сіз, бізден» басталады да, шынайы адал қарым-қатынасқа, сырластыққа, достыққа ұласады. Бұл достардың арасында болатын сыйластық. Халық нақылында «Сырласуға дос жақсы, сыйласуға жат жақсы» делінеді.

Сондай-ақ, ағайын адамдардың, мақсат-мұраты бір жандардың бір-бірін құрметтеп, сыйлауы жақсы тәрбиенің белгісі. Қазақ халқында «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген мәні терең өсиет сөз бар. Яғни жақын адамдардың араздастыруға, бір жамандық қылуға ниеттенген пиғылы бұзық адам олардың бір-бірін жат адамдай сыйлағанын көргенде арам ойынан айнып, қастық қарекетінен түк шықпайтындығын ұғынады. Өйткені

олардың арасындағы өзара құрмет, сыйластық күшті. Араларынан ат алдырмайтын татулықтары берік. Бір-біріне «сіз-біз» десіп, жайылып жастық, иіліп төсек болып тұрады. Жақсысын асырады, жаманын жасырады. Ендеше осы өсиетті орындаған жандар ешқашан жағымсыз жағдайда қалмайды. «Өзіңді өзің сыйламасаң, өзгеден сый күтпе» деген мақал да осындай мағынада айтылған.

Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697-1786) сыйластыққа былай деп шақырады:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз,
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!

Қазақ арасында қалыптасқан осындай сыйластық пен құрметтің бір негізі төл діні – Исламда жатыр.

عَنْ أَبِي مُوسَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«إِنَّ الْمُؤْمِنَ لِلْمُؤْمِنِ كَالْبُنْيَانِ يَشُدُّ بَعْضُهُ بَعْضًا»، وَشَبَّكَ أَصَابِعَهُ.
رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Мұсадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Расында, мүмін мүмін үшін (бір тұтас) құрылыс

сияқты, бірін-бірі бекітіп тұрады», – деп, саусақтарын айқастырған¹⁴⁹.

عَنْ أَبِي ذَرِّ الْغِفَارِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ، وَاتَّبِعِ السَّبِيلَةَ الْحَسَنَةَ تَمَحُّهَا، وَخَالِقِ النَّاسَ بِخُلُقٍ حَسَنٍ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әбу Зар әл-Ғифариден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Қайда болсаң да Алладан қорық, жамандығыңның артын оны өшіретін жақсылықпен ұластыр әрі адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса», – деп өсиет еткен¹⁵⁰.

Дос-жаран

Қазақ халқы достықты ерекше құрметтейтін халық. Бұрынғы қазақтар достасу, достық сөздерімен бірге тамыр болу, анда дос болу деген сөз тіркестерін де көбірек қолданған. Екі жігіт қылыштың не қанжардың жүзін сүйіп, мәңгі адал дос болуға серттесіп, ант ішкен. Айнымас достықтың белгісі болсын деп бір-біріне қымбат бағалы бұйымдар ұсынған. Дәйім тығыз қарым-қатынаста болып, арадағы байланыс үзілмеген. Жақсы жолдастар кейде өзара байланысты одан әрі нығайту үшін ұл-қыздарын үйлендіріп, құдандалы адамдарға айналған. Абыз жырауларымыздан мынадай өлең шумақтары қалған:

Екі жақсы дос болмас,

Дос болса түбі бос болмас.

149 Бұхари риуаят еткен.

150 Термеzi риуаят еткен.

Екі сырттан ит болса,
Қой жібермес қорадан,
Екі жігіт тең болса,
Ат жібермес арадан.

Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697-1786) жолдас сынын былай деп жырлайды:

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер.
Жатқа тізгін берсеңіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер.

Сондай-ақ, халық арасында достықтың қадірі жайлы мынадай мақал-мәтелдер тараған. «Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа». «Айтулы достың малы бір, кемедегінің жаны бір». «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». «Досың көңіліңді суытып айтады, қасың ойыңды жылытып айтады».

Осы айтылған ер-азаматтар арасындағы алғаусыз адал достық пейіл, мәрттік мінез жалпы мұсылмандық пайымдағы мүмін атаулыға меймандос көңілмен бір арнада тоғысады. Алла жолында дос болып, бауырласқан жандар түбінде жұмаққа да бірге кіреді. Оның ең ұлы мысалы ретінде Меккеден көшіп келген мүһәжірлер мен Мәдиналық ансарлар арасындағы бауырмалдықтан алға тартуға болады.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَالَّذِينَ تَبَوَّءُوا الدَّارَ وَالْإِيمَانَ مِنْ قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِمَّا أُوتُوا وَيُؤْتُونَ

عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ وَمَنْ يُوقِ شُحَّ نَفْسِهِ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿١٥١﴾

Алла Тағала былай дейді: «Ал жұртты (Мәдинаны) және иманды тұрақ еткендер (ансарлықтар) болса, өздеріне көшіп келгендерді жақсы көреді де, оларға берілген нәрселер үшін көңілдерінде дық сақтамайды. Тіпті, өздерінде таршылық болса да, оларды өздерінен артық көреді. Ал кімде-кім өзінің сараңдығынан сақтанса, солар – табысқа жеткендер!»¹⁵¹

Пайғамбар (с.а.с.) дос таңдауды қателеспеуге, жақсы жанмен жолдас болуға шақырады. Өйткені «мұсылман – мұсылманның айнасы», дос арқылы адамның ғұмырлық ұстанымын, қадір-қасиетін бағамдауға болады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «الرَّجُلُ عَلَىٰ دِينِ خَلِيلِهِ، فَلْيَنْظُرْ أَحَدُكُمْ مَنْ يُخَالِلُ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ وَالتِّرْمِذِيُّ.

Әбу һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Әрбір адам жолдасының дінінде болады. Сондықтан да сендердің әрбірің кіммен жолдас екендігіне қарасын», – деген¹⁵².

Жақсы жолдас қасыңда болса, көмегі мен кеңесін аямайды, сыртта болса, сыртыңнан тілеулес болады.

151 Хашр сүресі, 9-аят.

152 Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

سَأَلَ رَجُلٌ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَيُّ الْأَصْحَابِ أَفْضَلُ؟ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الَّذِي إِذَا ذُكِرْتَ أَعَانَكَ، وَإِذَا نُسِيَتْ ذِكْرُكَ». رَوَاهُ ابْنُ أَبِي الدُّنْيَا.

Бір кісі: «Уа, Расулалла! Жолдастардың ең жақсысы қандай?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): «Ең жақсысы – егер атың аталса, саған болысып, ал егер ұмытылсаң есіне алатыны», – деген¹⁵³.

Ал жолдастың нашарынан қазақ сақтана білген. Қара өлеңде айтылғандай:

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,

Ішпедім арықтан су лай ма деп.

Қорқамын дос болуға жаманменен,

Тар жерде ер-тоқымын сұрай ма деп.

«Жақсы жігіт – жаныңа жолдас, жаман жігіт – малыңа жолдас» делінеді халық мақалында. Байлық пен билік барда жолдас болып, одан айрылғанда алыстайтын мал-мүлік, мүдде, дүние үшін немесе күнә жолында дос болғандар Қиямет күні бір-біріне дұшпан болады. Бір-бірінен ақысын даулап, бірін-бірі айыптайды. Ол туралы қасиетті аяттарда айтылған.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿الْأَخِلَاءُ يَوْمَئِذٍ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ عَدُوٌّ إِلَّا الْمُتَّقِينَ﴾

Алла Тағала былай дейді: «Достардың тақуаларынан басқалары сол күні (Қиямет күні) бір-біріне дұшпан болады»¹⁵⁴.

Арақ ішу, құмар ойыны және басқа да Алланы

153 Ибн Әбу Дуния риуаят еткен.

154 Зухруф сүресі, 67-аят.

еске алудан алыстататын күнәлі істер жолындағы достық ақиретте опық жегізеді.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا وَيْلَتَى لَيْتَنِي لَمْ أَتَّخِذْ فُلَانًا خَلِيلًا * لَقَدْ أَضَلَّنِي عَنِ الذِّكْرِ بَعْدَ إِذْ جَاءَنِي وَكَانَ الشَّيْطَانُ لِلْإِنْسَانِ خَذُولًا﴾

Алла Тағала былай деген: «(Қиямет күні залымдар былай дейді) Қап, әттеген-ай! Пәленшені дос тұтпаған болсам еді. Ол мен өзіме жеткен зікірден (Құраннан) алыстатты. Шайтан адамға опық жегізеді»¹⁵⁵.

Ал бір-бірімен Алла разылығы үшін бауырларға айналған тақуа мүмін жандар Қияметте сол имани байланыстарының пайдасын көреді.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «سَبْعَةٌ يُظِلُّهُمُ اللَّهُ فِي ظِلِّهِ يَوْمَ لَا ظِلَّ إِلَّا ظِلُّهُ: إِمَامٌ عَادِلٌ، وَشَابٌّ نَشَأَ فِي عِبَادَةِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ، وَرَجُلٌ مَعَلَّقٌ بِالْمَسَاجِدِ وَرَجُلَانِ تَحَابَّا فِي اللَّهِ اجْتَمَعَا عَلَيْهِ، وَتَفَرَّقَا عَلَيْهِ، وَرَجُلٌ دَعَتْهُ امْرَأَةٌ ذَاتُ مَنْصِبٍ وَجَمَالٍ، فَقَالَ: إِنِّي أَخَافُ اللَّهَ، وَرَجُلٌ تَصَدَّقَ بِصَدَقَةٍ، فَأَخْفَاهَا حَتَّى لَا تَعْلَمَ شِمَالُهُ مَا تُنْفِقُ يَمِينُهُ، وَرَجُلٌ ذَكَرَ اللَّهَ خَالِيًا فَفَاضَتْ عَيْنَاهُ».

مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді: «Қиямет күні ешқандай көлеңке болмаған кезде Алла Тағала жеті адамға

155 Фүркан сүресі, 28, 29-аяттар.

көлеңке береді. Олар: әділ имам (басшы да жатады), Даңқты һәм Ұлық Аллаға құлшылықпен есейген жас жігіт, жүрегі мешітке байланған кісі, бір-бірін Алла жолында жақсы көріп, сол жолда жиналып, сол жолда тарқасқан екі жолдас, сұлу әйел күнәлі іске шақырғанда «Мен Алла Тағаладан қорқамын» деп бас тартқан ер, садақаны жасырын түрде көп беріп, оның санын білмейтін бай, оңашада Алланы есіне алып, қорқыныштан көзіне жас алған адам»¹⁵⁶.

Хикмет пен даналыққа толы хадис жинақтарында достық жайлы төмендегідей риуаяттар бар.

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّمَا مَثَلُ الْجَلِيسِ الصَّالِحِ وَالْجَلِيسِ السَّوِّءِ كَحَامِلِ الْمِسْكِ وَنَافِخِ الْكَبِيرِ، فَحَامِلُ الْمِسْكِ إِمَّا أَنْ يُجْذِبَكَ وَإِمَّا أَنْ تَبْتَاعَ مِنْهُ وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ مِنْهُ رِيحًا طَيِّبَةً، وَنَافِخُ الْكَبِيرِ إِمَّا أَنْ يُحْرِقَ ثِيَابَكَ وَإِمَّا أَنْ بَجِدَ رِيحًا خَبِيثَةً». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әбу Мұса Ашғариден (р.а.) риуаят етілген хадисте Алла Елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Жақсы сұхбаттас пен жаман сұхбаттастың мысалы миск тасушы мен көрік үрлеушінің мысалындай. Миск тасушы не саған (әтірін) тарту етеді, не өзің одан сатып аласың, тіпті болмағанда (қасыңнан өткенде) жағымды жұпар иісті сезінесің. Ал көрік үрлеуші не киіміңді күйдіреді, не одан жағымсыз нашар иісті сезінесің»¹⁵⁷.

156 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

157 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خَيْرُ الْأَصْحَابِ عِنْدَ اللَّهِ خَيْرُهُمْ لِصَاحِبِهِ وَخَيْرُ الْجِيرَانِ عِنْدَ اللَّهِ خَيْرُهُمْ لِجَارِهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ وَالدَّارِمِيُّ.

Абдулла ибн Ғамырден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.): «Алланың дәргейінде жолдастардың ең қайырлысы – жолдасына қайырлы бола білгені. Алланың дәргейінде көршілердің ең қайырлысы – көршісіне қайырлы бола алғаны», – деген¹⁵⁸.

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا تُصَاحِبِ إِلَّا مُؤْمِنًا، وَلَا يَأْكُلْ طَعَامَكَ إِلَّا تَقِيًّا». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ، وَالتِّرْمِذِيُّ.

Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Иман келтірген жанмен ғана жолдас бол! Асыңды да тек тақуалар ғана жесін!» – деп өсиет еткен¹⁵⁹.

Нағашы-жиен

Халқымызда нағашы мен жиеннің қарым-қатынасы ерекше. «Үйдің жақсы болмағы ағашынан, баланың жақсы болмағы нағашыдан» деп осы бір туыстық қатынасқа айрықша мән беріп, әрбір балаға анасының туыстарына құрмет көрсетуді үйреткен.

158 Термези, Дарими риуаят еткен.

159 Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

Нағашы-жиендік жақсы қарым-қатынас Ислам дінінде де құпталған игілікті іс.

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ أَقْبَلَ سَعْدُ فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «هَذَا خَالِي فَلْيُرِنِي أَمْرُؤُ خَالَهُ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Жәбір ибн Абдулладан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) сахабасы Сағьдты (р.а.) көргенде: «Мынау – менің нағашым. Қанеки, кім маған осындай нағашысын көрсетеді?» – дейді екен¹⁶⁰. Өйткені Сағьд (р.а.) Пайғамбардың (с.а.с.) анасы Әмина бинт Уаһб шыққан Құрайыш тайпасының Бәни Зуһра аталығынан болатын. Пайғамбар (с.а.с.) Сағьдты (р.а.) ержүректігі мен жақсы мінез-құлқы үшін мақтайтын. Әрі оның атқан жебесі ешқашан мүлт кетпейтін. Сондай-ақ, Бәни Зуһра руының әйелдері де: «Біз Пайғамбардың (с.а.с.) нағашы жұртымыз», – деп мақтаныш ететін. Нағашы жұртқа деген құрмет арабтардың арасында қазірде де сақталған. Анасы жағынан жақын туыстарына қатысты нақ қазақтардағыдай мақал-мәтелдері бар.

«طِيبُ الْوَالِدِ مِنْ طِيبِ خَوَالِهِ»

«Баланың жақсы болуы нағашысының жақсы болмағынан»

«الْوَالِدُ يَجْذِبُهُ عِرْقُ الْخَالِ»

«Бала нағашысына тартады»

«الْخَالُ وَالِدٌ»

«Нағашы ата әкемен тең».

160 Термези риуаяты.

Пайғамбар (с.а.с.) өзі де қызы Фатимадан туған Хасан мен Хүсейнге нағашы ата болды. Негізгі әулеті де осы екі жиен немерелерінен тарайды.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар болатын. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екендігіне қарамай көрсетілетін. XIX ғасырдың аяқ кезінде неміс ғалымдарының бірі Ф. Фон Шварц былай деп жазған болатын: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді». Олар барлық мерекелерде, жиын-тойларда құрметті орындарға, төрге шығарылады. Жиналыстарда олар елеулі рөл атқарады. Жастар олардың айтқан сөздерін жерге тастамай, мүлтіксіз орындайды. Жас жігіт үшін үлкен табақтан ақсақалдың өз қолынан ет асау ең жоғары марапаттың белгісі саналады. Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешқашан отырмайды.

Жас адамның үлкен кісінің алдын көлденең кесіп өтуі көргенсіздік деп есептелінетін. Бұл ереже әйел адамның ер азаматтың алдын кесіп өтпеуіне де қатысты болатын. Жасы кішілердің жасы үлкендерге дауыс көтеруі сорақы әдепсіздік саналып, оған үзілді-кесілді тыйым салынған. Әңгіме үстінде жасы үлкен кісінің сөзін бөлуге ешқашан рұқсат етілмеген.

Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдардың

алдынан өтіп, ақ батасын алатын. Қазақтар жасы үлкен әрі құрметті адамдардан мұндай батаны жауға аттанарда да сұрайтын.

Әйгілі Қашаған ақын былай деген:

Жетпістен жасы асқанда,
Сексенге аяқ басқанда,
Жастар елеп келмесе,
Келіп сәлем бермесе,
Күнде асыл кисе де,
Қартайғанда ер жетім.

Яғни жақсы сөз жанды жылытады, аяғы ауырып, жүрістен қалған шақта, қатары азайып көңілі жүдеген кезде қарттарға бұрылып сәлем беру, ол кісілер үшін үлкен құрмет. Олар бір жасап қалады, рахмет айтып, батасын береді.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«يُسَلِّمُ الصَّغِيرُ عَلَى الْكَبِيرِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кіші үлкенге сәлем беру керек», – деген¹⁶¹.

Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне айтқан өсиеттерінде үлкендерді сыйлап, жастарға мейірімді болуды тапсырған.

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَيْسَ مِنَّا مَنْ لَمْ يَرْحَمْ صَغِيرَنَا وَيُقَرِّبْ كَبِيرَنَا». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

161 Бұхари риуаят еткен.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Кішілерімізге мейірімді болмаған, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген адам бізден емес», – дейді¹⁶².

Адамдардың қарттарын қадірлеуі уахимен бекітілген.

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَمْرِي جَبْرِيْلُ أَنْ أُقَدَّمَ الْأَكْبَرَ». رَوَاهُ أَبُو بَكْرٍ الشَّافِعِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.): «Жебірейіл періште маған үлкендерді алға шығар деп бұйырды», – деген¹⁶³.

Түркі халықтарының ортақ тұлғасы Махмұд әл-Қашғари: «Жасы үлкенді қадірлесе құт болар», – деген екен. Отырыстарда үлкендерге төрден орын беру, ақсақалдардан бата сұрау қазақ халқының сүйегіне сіңген әдеті. Ал бұл әдеттің негізі хадисте жатыр.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا تَوْسَعُ الْمَجَالِسُ إِلَّا لِثَلَاثَةٍ: لِذِي الْعِلْمِ لِعِلْمِهِ، وَلِذِي السِّنِّ لِسِنِّهِ، وَلِذِي السُّلْطَانِ لِسُلْطَانِهِ». رَوَاهُ الطَّبْرَانِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Отырыста үш адамға орын беріп ығысуға болады: білімі үшін білімдіге, жасы үшін үлкен кісіге және билігі үшін басшыға», – деген¹⁶⁴.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деп халқымыз қалп айтпаған. Төмендегі хадисте де жасамысқа

162 Термези риуаяты.

163 Әбу Бәкір аш-Шафиғи риуаяты.

164 Табарани риуаяты.

жақсылық жасаған жастың қартайғанда қарымтасыз қалмайтындығы нақтыланған.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَا أَكْرَمَ شَابٌّ شَيْخًا لِسِنِّهِ إِلَّا قَيَّضَ اللَّهُ لَهُ مَنْ يُكْرِمُهُ عِنْدَ سِنِّهِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әнес ибн Мәлік (р.а.) жеткізген риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Қандай да бір жас жігіт үлкен кісіге жасы үшін құрмет көрсетсе, Алла оған жасы ұлғайғанда құрмет көрсететін адамды жолықтырады», – деген¹⁶⁵.

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِنَّ مِنْ إِحْلَالِ اللَّهِ إِكْرَامَ ذِي الشَّيْبَةِ الْمُسْلِمِ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ، وَابْنُ أَبِي شَيْبَةَ، وَابْنُ أَبِي شَيْبَةَ، وَابْنُ أَبِي شَيْبَةَ.

Әбу Мұса әл-Ашғариден (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.): «Шашы агарған мұсылманның құрметтелуі Алланың ұлықтығының бір белгісі», – деген¹⁶⁶.

وَقَدْ أَمَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يُبَدَأَ الْكَبِيرُ بِتَقْدِيمِ الشَّرَابِ وَخَوْهُ لِأَكْبَرٍ، فَقَالَ: «إِبْدَأُوا بِالْكُبْرَاءِ أَوْ قَالَ: بِالْأَكْبَرِ». رَوَاهُ أَبُو يَعْلَى.

165 Термези риуаяты.

166 Әбу Дәуіт, Ибн Әби Шейба, Бәйһақи риуаят еткен.

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарға сусын не тамақ таратқанда жасамыстардан бастауды бұйырып: «Үлкендерден бастаңдар», – деген¹⁶⁷.

Үлкен кісі бар үйде береке бар. Ғұмырлық тәжірибесімен басқаларға ғибратты сөзін, ақыл-кеңесін аямайтын, ұрпағын имандылыққа баулитын аталар мен әжелер бар жерде құт-береке де бар. Хадис шәрифте де солай айтылған.

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ:
«الْبِرْكَةُ مَعَ أَكْبَارِكُمْ». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): «Береке сендердің үлкендеріңмен бірге», – деген¹⁶⁸.

Тілеуқорлық

Ата-бабаның тілеуімен, дұға-тілектерімен келе жатқан ұрпақпыз. Олай дейтін жөніміз де бар. Баһадүр бабаларымыз елі мен жерінің тұтастығы үшін аянбай тер төкті, болашақ ұрпағына берекелі батасын беріп, өнеге қалдырды. Ал бұл өнеге пайғамбарлардан жалғасып келе жатқан игі дәстүр еді. Ибраһим пайғамбар (а.с.) ұрпақтары үшін құт-береке, тура жол тіледі. Пайғамбар (с.а.с.) әрбір намазынан кейін Жаратқан Иеден үмбеті үшін жарылқау сұрап, тура жол тіледі.

Қазірге дейін үлкен кісілерден «Көсегең көгерсін», «Жасың ұзақ болсын», «Қатарыңның алды бол» деген сияқты игі тілектерді көп естиміз. Санамызда үлкендер

167 Әбу Яғла риуаят еткен.

168 Бәйһақи риуаяты.

солай болу керек деген ұғым қалыптасқан. Дегенмен, дәстүрлі тәрбиеден, рухани қайнарлардан сусындамаған кейбір кейінгі толқын өкілдерінен мұндай тілеуқорлық сипатты байқай алмаймыз.

Шындығында, жастарға әрдайым жақсы тілек тілеп отыру жасамыстарға, ақсақалдарға тән қасиет. Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697-1786) айтқандай:

Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы.

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы.

Ақсақалға жарасар

Тілеуқорлық айласы.

Халық арасында кең тараған осынау ізгі әдеттердің түп-қазығы Пайғамбар (с.а.с.) сүннетінде жатыр.

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرُدُّ مَعْرُوفَ الْمُقَابِلِ بِمَعْرُوفٍ
أَجْزَلَ وَأَوْفَى، فَلَمَّا وَضَعَ لَهُ ابْنُ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَضُوءَهُ، قَالَ:
«اللَّهُمَّ فَفِّهِهِ فِي الدِّينِ وَعَلِّمُهُ التَّأْوِيلَ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Алла Елшісі (с.а.с.) өзіне жасалған жақсылықтың қарымтасын молынан қайтаратын. Абдулла ибн Аббас (р.а.) дәрет алатын суын дайындап бергенде Пайғамбар (с.а.с.): «Уа, Алла! Оның діни түсінігін арттыр, оған тәуил ілімін үйрет гөр!» – деп дұға еткен¹⁶⁹. Алланы Елшісінен (с.а.с.) алған осы берекелі бата арқылы Абдулла ибн Аббас (р.а.) сахабалардың ішіндегі ең білгірі болды, «Құран түсіндірушісі» атанды.

169 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

وَلَمَّا دَعَّمَهُ أَبُو قَتَادَةَ فِي مَسِيرِهِ بِاللَّيْلِ لَمَّا مَالَ عَنْ رَاحِلَتَيْهِ، قَالَ لَهُ
النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «حَفِظَكَ اللَّهُ بِمَا حَفِظْتَ بِهِ نَبِيَّهِ». رَوَاهُ
مُسْلِمٌ.

Сахаба Әбу Қатада (р.а.) бір жорықта келе жатып көлігінің үстінде қалғып, бір жағына қарай қисайған Пайғамбарды (с.а.с.) үш мәрте демдеп жіберіп, сүйеніш болады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оянып кетіп: «Пайғамбарын (с.а.с.) қорығаның үшін Алла сені қорысын», – дейді¹⁷⁰.

وَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لِحَسَّانَ بْنِ ثَابِتٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ حِينَ
كَانَ يُدَافِعُ عَنْهُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَهْجُهُمْ وَجَبْرِيْلُ مَعَكَ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Пайғамбар (с.а.с.) өзін және мұсылмандарды өлеңмен қорғап, мүшріктерге қарсы шумақтар шығарған ақын сахабасы Хассан ибн Сәбитке (р.а.): «Оларды әжуалап өлең шығар, Жебірейіл періште сенімен бірге!» – деген¹⁷¹.

Тілеуқорлықтың бір түрі бата беру үрдісі қазақ халқының қанына сіңген ерекше дәстүрлерінің бірі. Әрбір айтулы шараның алдында үлкеннің батасын алу міндетті саналады. Батаны, негізінен, үлкен кісілер, көпті көрген қариялар береді. Жастарға игі тілектерін жаудырып, Жаратқаннан алдағы істің сәтті болуын

¹⁷⁰ Мүслім риуаят еткен.

¹⁷¹ Бұхари риуаят еткен.

тілейді. Ондай кісілер аузы дуалы, дұғасы қабыл алынатын адамдар деп құрметтеледі. Бата алушы «әумин» деп, айтылған бата-тілектің қабыл болуына сенеді. Елге аты мәлім кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысу ел арасында кең тараған игі дәстүр.

«Бата» деген сөздің өзі «Фатиха» сөзінен шыққан. Фатиха – Құран Кәрімдегі ең бірінші сүренің аты. «Фатиха» сөзі «ашушы, беташар» деген мағынаны білдіреді. Яғни, аталмыш сүре – Құдай Тағаланың Кітабының алғашқы сүресі болғандықтан солай аталған.

Батаның Фатихадан өрбитіндігіне бұл сөздің қазақ тіліндегі нұсқалары дәлел. Қазақта «бата оқыр» деп бір елге не қабірге барып, марқұмға Құран оқып қайтуды айтқан. Демек, бата сөзінің түп-төркіні – «Фатиха». Соған қарағанда ертеректе дінімізден ажырамай, мұсылмандығымызға мығым кезімізде ізгі адамдар елге айтатын бата-тілегін Фатиха сүресінен бастаған болса керек.

Бата, тілек, өсиет айту – мұсылмандық болмыстың бір сынығы десе болғандай. Қазақ халқындағы сан ғасырлардан бері қалыптасып кеткен бата сұрау, бата беру үрдісінің түп-төркінін асыл дініміз – Исламнан іздегеніміз жөн. Мысалы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабалары оған барып, өздері үшін Алла Тағаладан дұға тілеуін сұрайтын. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) дұғасы әрқашан да қабыл. Бірде қатты қуаңшылық болып, адамдар Пайғамбардан (с.а.с.) Алладан жауын сұрауын өтінеді. Ол (с.а.с.) дұға еткен сәтте-ақ көктен көптен бері жаумаған нөсер жауын құйып кетеді. Сол секілді ізгі пенделердің, ұстаздардың, ата-аналардың дұғалары қабыл етіледі. Олардан барып, бата-дұға сұрауға болады.

حديث أَنَسٍ عَنِ أُمِّ سُلَيْمٍ قَالَتْ: يَا رَسُولَ اللَّهِ أَنْتَ خَادِمُكَ، ادْعُ اللَّهَ لَهُ قَالَ: «اللَّهُمَّ أَكْثِرْ مَالَهُ وَوَلَدَهُ وَبَارِكْ لَهُ فِيمَا أَعْطَيْتَهُ». مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ.

Әнес сахабаның (р.а.) анасы Умму Суләйм (р.а.) Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Расулалла! Мынау – Әнес, сіздің қызметшіңіз. Ол үшін Алладан дұға тілеңізші» – деп өтінеді. Сонда Алланың Елшісі (с.а.с.): «Уа, Алла! Оның малы мен жанын көбейте гөр! Оған бергеніңнің құт-берекесін бере гөр», – деп тілек тілейді¹⁷². Кейінірек Әнес сахаба (р.а.) расымен де дәулетті болып, немере-шөбере, шөпшектерінің қызығын көріп, ұзақ өмір сүрген.

عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «يَأْتِي عَلَيْكُمْ أَوْسُ بْنُ عَامِرٍ مَعَ أُمَّدَادِ أَهْلِ الْيَمَنِ، مِنْ مُرَادٍ تَمَّ مِنْ قَرْنٍ، كَانَ بِهِ بَرَصٌ فَبَرَأَ مِنْهُ إِلَّا مَوْضِعَ دِرْهَمٍ، لَهُ وَالِدَةٌ هُوَ بِهَا بَرٌّ، لَوْ أَفْسَمَ عَلَى اللَّهِ لِأَبْرَهُ، فَإِنْ اسْتَطَعْتَ أَنْ يَسْتَعْفَرَ لَكَ فَاَفْعَلْ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Омар ибн Хаттаб (р.а.) былай дейді: «Мен Алла Елшісінің (с.а.с.) былай дегенін естідім: «Сендерге Йеменнен келетін көмекші әскерлермен бірге Қаран тайпасының Мурад аталығынан Уәйіс ибн Амир деген адам келеді. Оның алапес ауруы бар болған, кейін денесінің дирхем ділдәсы мөлшеріндегі бөлігінен өзге жері түгел жазылған. Оның қатты құрмет тұтатын анасы бар. Ол

172 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

Аллаға ант ішсе, Алла оның дұғасын қабыл етеді. Егер одан өзі үшін Алладан жарылқау тілеуін сұрағың келсе сұрап қал»¹⁷³.

Айтылған кісі Пайғамбар (с.а.с.) өмірден озған соң Омардың (р.а.) халифалығының тұсында келеді. Мұсылмандардың халифасы одан өзі үшін, мұсылмандар үшін дұға етуін өтінеді.

Басқа бір хадисте мұсылман адамның басқа мұсылман үшін еткен тілегінің қабыл болатындығын, періштелердің «саған да сондай жақсылық болғай» деп «әмин» айтып тұратындығы туралы айтылады.

عَنْ أَبِي الدَّرْدَاءِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَقُولُ: «دَعْوَةُ الْمَرْءِ الْمُسْلِمِ لِأَخِيهِ بِظَهْرِ الْغَيْبِ مُسْتَجَابَةٌ، عِنْدَ رَأْسِهِ مَلَكٌ مُوَكَّلٌ كُلَّمَا دَعَا لِأَخِيهِ بِخَيْرٍ قَالَ الْمَلَكُ الْمُوَكَّلُ بِهِ: آمِينَ، وَلَكَ بِمِثْلِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.


Әбу Дардадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Мұсылман адамның бауырына сырттай жасаған дұға-тілегі қабыл болады. Оның басында арнайы белгіленген періште тұрады. Кісі бауырына қайырлық тілеген кезде белгіленген періште: «Әмин! Саған да сондай қайырлық болсын», – деп тілейді»¹⁷⁴.

173 Мүслим риуаят еткен.

174 Мүслим риуаят еткен.

Имам Ағзамның әкесінің Әлиден (р.а.) бата алуы

Әбу Ханифаның атасы Зұта ардақты сахаба Әлимен (р.а.) кездеседі. Сонда баласы Сәбитке игі тілек тілеуін өтінеді. Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) Жаратқаннан оның ұлына жақсылық, құт-береке тілеп дұға етеді. Сол дуалы сөзден шыққан ізгі тілектер қабыл алынып, Сәбиттен әлемге Әбу Ханифа атымен мәшһүр болған Нұрман есімді ұл дүниеге келеді. Бұл да болса «жақсыдан – шарапат» деген сөздің дәлелі болса керек. Кейіннен Әбу Ханифа да Әли (р.а.) ұрпақтарын айрықша құрметтеген екен.



§5 ТІЛДЕГІ АЙҒАҚТАР

Ислам діні қазақ халқына тікелей уағыз-насихаттан гөрі ел арасында ауызба-ауыз жеткізілген діни әдебиет, қисса-дастандар мен жыр-термелер арқылы жақсы тараған. Бұл тұрғыда халық фольклорын жете зерттеген заңғар жазушы Мұхтар Әуезов былайша ой толғаған екен: «Қазақ ортасына Ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан да мұсылманшылық діні де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан қиссалар дәлел. Жарамазан өлеңі де сондайлық дін мағынасы мен дін үгіті болып шығып, бері келген соң қыдырма жарамазаншылар әнге салып айтатын болды».

Ал ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған»,– деп тұжырымдайды.

Қазақ даласында кең тараған күні-түні жастанып оқитын, кешкілік бір үйге жиналып, шамның жарығымен хат танытындарға оқытып, ел болып тыңдайтын жырлар, қисса-дастандар көп болды. Солардың көпшілігі діни жырлар болатын әрі бәрінде де имани үгіт-насихат кездесетін.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Радлов діни дастандардың уағыздық қасиеті жайлы былай деп жазған екен: «Қазақтар арасында Исламды орнықтыруға бір

«Жұм-жұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді».

Қазақ хандығы құрылмастан бұрынғы Алтын Орда дәуірінде дүниеге келіп, ел арасында танымал болған жыр-дастандардың дені дін тақырыбында еді. Солардың қатарында «Зарқұм», «Салсал», «Қаһарман», «Кесікбастың қиссасы», «Мұхаммед пайғамбар» т.б. атауға болады. Кейінгі шығарылған жырлар да осы сара жолдан айныған жоқ. Қандай жыр болмасын, адамгершілік, имандылық принциптерін насихаттады.

Расында да, тіл – ділдің айғағы. Оның ішінде халық жадында ықылым замандардан сақталып келген жыр-өлеңнің орны ерекше. Абайша айтқанда «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы». Халықтың атадан балаға ауызба-ауыз жеткен әдебиетінде мұсылмандық ұғымдар мен ұстанымдарды білдіретін сөз оралымдары молынан кездеседі. Жыр-термелер, толғаулардың басты мақсаты да халықты адалдыққа, ынтымақ-бірлікке, имандылыққа шақыру болатын. Мақал-мәтелдердің де дені адамгершілік һәм мұсылманшылық ұстанымдарынан туған десек қателеспейміз. Қазақтың хақ жолын қалай ұстанғанын, сенімі қандай болғандығын білу үшін халық санасында жатталып, ауыздан-ауызға көшіп отырған тағылымды мұраларға, сөз патшасы – өлең-жырларына, тән шымырлатқан терме-өсиеттеріне зер салсақ жеткілікті.

Күллі түркінің рухани ұстазы Қожа Ахмет Иассауи өз хикметтерін өлең жолдарымен жеткізіп, кейінгілерге діни-уағыздың сара жолын салып кеткен.

«Бісімілә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен «дәптер сәни» сөзін аштым, міне, – деп бастапты сөз басын Әзірет Сұлтан.

Түркі халқына ортақ тұлға Жүсіп Баласағұни баба (шамамен 1017-1075) әңгіменің әлқиссасын былай бастапты:

Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір Тәңірім!
Рақымды Ием пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Ал одан кейінгі келген Ахмет Иүгінеки (XIII ғ.) былай деп жырлайды:

Бір Алла өлтіретін тірілтетін,
Көресің сен де оны көзің жетіп.
Иесі құдіреттің жалғыз Құдай,
Өлгендерді тірілту оған оңай.
Айтайын артықтығын Пайғамбардың,
Ұғып ал толғауымен ой мен ардың.

Абылай ханның ақылшысы Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) мақтау-мадаққа Құдай Тағаланың лайық екендігін, әңгіменің абзалы иманды түгендеу екендігін жалпақ жұртқа ұғынықты жыр жолдарымен жеткізген.

Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шадияр Мұстафа,
Мұсқаф ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі – Фұрқанды айт,
Кәләм Алла – Құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың – иманды айт.
Жамандыққа жақсылық
Көктемеген Еділді айт.

Қара қылды қақ жарған
Наушаруандай әділді айт.
Аршы менен Күрсіні айт.
Лаухы менен Кәләмді айт.
Құдыретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт.
Ақтан сия танытқан
Дәуіт пенен қаламды айт.
Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді айт.
Тірілікте сыйласқан
Ата менен анаңды айт.
Адам үшін жаратқан
Қызықты нәубет балаңды айт.
Өлгеннен соң жер жұтқан
Қараң қалған денеңді айт.

Жыраулар поэзиясының тағы бір көрнекті өкілі Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560) әр ісін Хаққа тапсырғандығын айтады.

Күпшек санды тіл жалмаған күреңді
Тілеген достан аяман!
Тілекті бірге тілеген
Малымды достан аяман!
Тайғақ кешу, тар жерде,
Менім достым бар-ды һәр жерде,
Іздесем табылмайды тар жерде.
Табылмаса қайтейін,
Мен ісімді Хаққа тапсырғанмын һәр жерде!

Үмбетей жырау (1697-1786) шынайы мұсылман мен тілімен ғана мұсылман болған жанның ара-жігін өлеңмен ажыратқан.

Дін пұсырман баласы
Адамдықтан жерімес,

Тіл пұсырман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес.
Дәніккесін бұл шіркін,
Адал бір дәм жегізбес!

Алдыңғы жыраулардың ізімен жүрген ақын Шортанбай Қанайұлы (1808-1881) халықты ақыретке амал етуге шақырып, насихат айтқан.

Үлкендер, саған айтайын,
Мал басына бармаңдар,
Ақырет қамын қармаңдар!
Дүниенің боғы үшін
Сірә, тіпті азбаңдар!
Тентек болма балаға,
Безер болма келінге,
Қадірің кетер еліңе,
Қарауыл қой сөзіңе!
Қанша нәрсе ереді
Өлгеннен соң өзіңе?!
Қарай алмай жүрерсің
Таңда махшар күнінде
Құдайыңның жүзіне!
Атаның тілін ұл алмас,
Ананың тілін қыз алмас.
Айта беріп қайтейін,
Өлінің тілін тірі алмас!
Жақыннан шыққан жақсыны
Ағайын-туған көре алмас.
Ақыр заманның белгісі –
Бірге туған бауырың
Тату да болып жүре алмас!
Дұғай сәлем дегейсің
Ташкент пенен Бұхарға,
Бір Құдайдан қорыққанға!

Қызмет етпей мен өттім
Ата менен анаға.
Қарнақтағы, сәлем айт,
Үш қайтара бабама!

Сыр сүлейлерінің бірі Базар жырау Оңдасұлы
(1842-1911) шынайы иманның тілмен емес, ділмен
мойынсұну арқылы көрінуі керектігін ескертеді.

Айдан ару нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ.
Тілде бар да, ділде жоқ.
Көшпелі бейнет, көп дәулет
Біреуде бар да, бірде жоқ.

Кейіннен Маңғыстаудың марқасқасы Қашаған
Күржіманұлы (1841-1929) қазақ даласында діни дәстүрді
қалыптастырып кеткен ұлы тұлғаларды былайша еске
алады.

Мұсылман кемдік көрген жоқ,
Әзірет Сұлтан – Қожа Ахмет
Шайтанға соғыс ашқалы.
Зікірмен зарлап ерте-кеш,
Нәпсісін байлап тастады.
Соңынан өтті Бақырған
Мүшкілін айтқан бастағы.
Кәміл инсан – шын асыл
Мүрсәлім өткен Бастамы.

Данышпан Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-
1904) да өле өлгенше жамиғы жұртты хақ жолына,
өнер-білімге шақырып өткені баршаға аян. Өресі биік
кемеңгер былай деп насихаттайды:

Алла – мінсіз әуелден, Пайғамбар – хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі-дүр ол,
Тәуилін білерлік ғылымың шақ.

Алланың, Пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз.
Пайда мақтан, әуесқой шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Діннен терең білімі болған Мәшһүр Жүсіп те
өмір бойы имани жолды насихаттап өтті. Ойшыл ақын
былай деп жырлайды:

Бисмилләһир-рахманир-рахим дейін,
Құдайға хамд айтамын мұнан кейін.
Айырған тіл мен жақты заман болар,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, оған дейін.

Ташкенттегі «Көкелташ» медресесінің түлегі,
шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939) өз шумақта-
рында Жаратқанға мінәжат әсте естен шығармаған:

Ей, Кәрім, көңілін көркейт мұсылманның!
Қуандыр қайбірін де қысылғанның!
Таупық бер біреуі емес, бәріне де,
Көңілінен иман нұрын ұшырғанның!
Серігің жоқ бір Алла,
Өлмейтін тіпті тірі, Алла.
Қастық қылған Ханнастың,
Тұмсығына ұр, Алла.
«Үмітіңді үзбе!» деп
Айтқансың Өзің Құранда.

Қызыл империяның атеистік идеологиясы
үстемдік құрып тұрған кездің өзінде де қазақ ақыны
Мұқағали Мақатаев мұсылман екендігін ұмытпайды.
Ғылым-білімнің түбі дінде жатқандығын еске салады.

Дін – ғылымның атасы,
Дін – ғылымның анасы,
Ғылым – діннің баласы.

Келесі өлең жолдарында қандай жағдайда да мұсылман болып қалатындығын айтып, жар салады.

Сатпаймын дінімді мен,
Сатқан емен.

Өлмейтұғын, өшпейтін күнім білем,
Алла есімі – жүрегім жұдырықтай,
Жүрегімнің соққанын біліп жүрем.
Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын,
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.
Алсын Тағалам, ант етем, ант етемін,
Алла есімін кеудемнен ұшырған күн!

Алла – ақиқат.
Аллаға сеніп өтем,
Адалдық пен ақиқат серігі екен.
Адаспаймын, Аллама сеніп өтем,
Алла есімін баспаймын – жолы бөтен!

Келтірілген мысалдар мол мұраның бір бөлігі ғана. Өйтпесе, қазақ әдебиетінде мұсылмандық танымнан туған туыңдылар толып жатыр. Тегінде, халықтың ұлттық санасы мен болмысы Ислам дінімен тонның ішкі бауындай астасып, жымдасып кеткен. Тіпті, қазақ халқының болмыс-бітімін, мәдениет-әдебиетін Ислам дінінен ажыратып қарау мүмкін емес. Дәлел ретінде халқымыздың ауызекі тілінде қалыптасқан сөз оралымдарын да келтіруге болады. Өйткені сөз – адамның айнасы, ішкі сана-сезімінің сыртқа шыққан көрінісі.

Сайып келгенде, «Алла - бір, Құран - шын, Пайғамбар - хақ» деген қағиданы ертелі-кеш айтып

жүрген кең сахара жұртының жадында ислами қағидалар берік орнаған еді. Олар тіршілігінде, өлімінде мұсылманшылық шарттарына сай ету тырысып бақты. Халқымыздың сана-салтында Құдайды мадақтау, зікір ету үлгілері ерекше сақталып қалды. Бабадан атаға, атадан әкеге, әкеден балаға, баладан кейінгі толқынға жетіп, ұрпақ жадының түбінде жатталған зікір үлгісінің бірі мынадай.

Лә иләһә иллаллаһ!

Иллалада пайда бар.

Білмеген құлға не айла бар?

Жатар жерің қараңғы,

Шамшырағың сайлап ал!

Төсекке жатқанда кәлимасын қайталап, тілек тілегенде «Алла құлым дегей, Пайғамбар үмбетім дегей» деп қайырды. Сол арқылы мұсылмандықтың сара жолынан сырт кетпеді. Тілектің төресін де текті бабаларымыз қалдырып кетті:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа!

Діни сенімге дәлел сөздер

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінен, ел аузында жүрген сөз оралымдары мен өлең шумақтарынан имани ұғымдар мен ұстанымдардың жарқын мысалдарын таба аламыз. Мұның өзі Алаш жұртының салт-санасының, ақыл-ойының асыл діннен ажырамағандығын көрсетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін діни мәтіндерді, нақыл сөздерді мән-мағынасы жағынан олармен бірдей немесе ұқсас ел арасында кең тараған мақал-мәтелдермен, сөз оралымдармен салыстыра ұсынып отырмыз. Ұлттың

ұтқыр ойлау жүйесінде ойып тұрып орын алатын осы айтылымдар дәстүрлі қазақ мәдениетінің Ислам дінімен біте қайнасып жатқандығын айғақтайды. Салт-сананың шынайы сеніммен сабақтасып жатқандығын білдіреді.

«كُلُّ كَلَامٍ أَوْ أَمْرٍ ذِي بَالٍ لَا يَفْتَحُ بِذِكْرِ اللَّهِ فَهُوَ أَبْتَرٌ».

Хадис: «Алланың атымен басталмаған әрбір маңызды сөз бен іс шолақ»¹⁷⁵. Қазақ мәтелі: «Сөздің басы бісміллә, бісмілләсіз іс қылама».

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ﴾

Құран Кәрімде: «Мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән»¹⁷⁶.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Мақтауға Алла ғана лайық»; «Кірсіз – ай, мінсіз – бір Құдай»; «Ей, айташы, Алланы айт».

«إِنَّ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتُمْ».

Хадисте: «Қайда болсаң да Алладан қорық»¹⁷⁷.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Халықтан ұял, Құдайдан қорық»; «Құдайдан қорықпағаннан қорық»; «Қорқуға Құдай ғана лайық».

175 Әбу Дәуіт, Ахмет Әбу һурайран (р.а.) риуаят еткен.

176 Фатиха сүресі, 2-аят.

177 Термези риуаят еткен.

«إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعْنَتْ فَاسْتَعْنِي بِاللَّهِ».

Хадисте: «Бірдеңе сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесең, Алладан тіле»¹⁷⁸.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады»; «Аллаға сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады».

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

Құран Кәрімде: «Әлемдердің Раббысы Алла қаламаса, қалай алмайсыңдар»¹⁷⁹.

Қазақ мақалы: «Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады».

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

Құран Кәрімде: «Оған (Аллаға) ұқсас ештеңе жоқ! Әрі Ол – Естуші һәм Көруші!» (Шура, 11).

«كَانَ اللَّهُ وَلَمْ يَكُنْ شَيْءٌ غَيْرُهُ».

Хадисте: «Алла болды, Одан басқа ештеңе де болған жоқ»¹⁸⁰.

178 Термези риуаят еткен.

179 Тәкуир сүресі, 29-аят.

180 Бұхари риуаят еткен.

Қазақ өлеңдері:

Мәшһүр Жүсіп иләһи сипаттар туралы былай деген:

Ол – Алла жисм, жауһар, ғариз емес,
Боларға басқа басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге ұқсатуға,
Еш нәрсе Оған ұқсап жөні келмес.
Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,
Мекенін бір Алланың ешкім білмес.
Сипаты сегіз болған, бірі – кәләм,
Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам
Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам
Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ,
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсеге ұқсамайды Ол һәм еш нәрсе де,
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.
Данышпан Абай Құнанбайұлы қазаққа ортақ
мұсылманшылық танымды былай жеткізеді:

Мекен берген, халық қылған Ол – лә мәкән,
Түп Иесін көксемей бола ма екен?
Және Оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَسْقُطُ مِنْ وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا﴾

Құран Кәрімде: «...Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі...»¹⁸¹

Қазақ мақалы: «Құдайсыз қурай сынбас»; «Тағдыр – Тәңір ісі».

181 Әнғам сүресі, 59-аят.

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ مَّاذَا تَكْسِبُ غَدًا وَمَا تَدْرِي

نَفْسٌ بِأَيِّ أَرْضٍ تَمُوتُ﴾

Құран Кәрімде: «Ешбір жан ертең не істейтінін білмейді, ешбір жан қашан өлетінін білмейді»¹⁸².

Қазақ мақал-мәтелдері: «Алдағыны Алла біледі»; «Ертең не боларын ешкім білмейді»; «Өлім айтып келмейді».

رُفِعَتِ الْأَقْلَامُ وَجَفَّتِ الصُّحُفُ».

Хадисте: «Қаламдар көтерілді, парақтар кеуіп кетті (яғни тағдыр тақтасына бәрі жазылды)»¹⁸³.

Қазақ мақал-мәтелі: «Қуған жетпес, бұйыртқан кетпес»; «Тағдырдан қашып құтыла алмайсың».

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿لَا تَقْنَطُوا مِنْ رَحْمَةِ اللهِ﴾

Құран Кәрімде: «...Алланың рахымынан күдер үзбеңдер...»¹⁸⁴

Қазақ мақал-мәтелдері: «Үмітсіз – шайтан»; «Күніне тоқсан пәле көрсең-дағы, Сонда да күдер үзбе бір Алладан»; «Тәңір ісінен түңілу – күпірлік».

«الْجَنَّةُ تَحْتَ أَقْدَامِ الْأُمَّهَاتِ».

182 Лүкман сүресі, 34-аят.

183 Термези риуаят еткен.

184 Зүмәр сүресі, 53-аят.

Хадисте: «Жұмақ – аналардың аяқтарының астында»¹⁸⁵.

Қазақ мақалы: «Жұмақ – ананың аяғының астында».

«رَضِيَ الرَّبُّ فِي رِضَى الْوَالِدِ وَسَخَطُ الرَّبِّ فِي سَخَطِ الْوَالِدِ».

Хадисте: «Алланың разылығы ата-ананың разылығында, Алланың ашуы ата-ананың ашуында»¹⁸⁶.

Қазақ мақалы: «Ата-ана разы болмай, Алла разы болмас».

«طَلَبَ الْعِلْمَ فَرِيضَةً عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ وَمُسْلِمَةٍ».

Хадисте: «Білім іздену әрбір мұсылман ер мен мұсылман әйелге парыз»¹⁸⁷.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ»; «Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен»; «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады»; «Білім таппай мақтанба, өнер таппай баптанба»; «Ақыл азбайды, білім тозбайды».

«أَطْلُبُوا الْعِلْمَ مِنَ الْمَهْدِ إِلَى اللَّحْدِ».

Риуаятта: «Білімді бесіктен табытқа дейін іздеңдер».

Қазақ мақал-мәтелдері: «Білімді тал бесіктен, жер бесікке дейін іздеңдер»; «Жүз жыл өмір сүр, жүз жыл үйрен».

185 Әбу Бәкір әш-Шафиғи риуаят еткен.

186 Термези риуаят еткен.

187 Ибн Мәже риуаят еткен.

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عِلْمٍ لَا يَنْفَعُ».

Хадисте: «Уа, Алла! Өзіңмен пайдасыз білімнен сақтанамын»¹⁸⁸.

«قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ الْمُعْتَرِّ: «عِلْمٌ بِلَا عَمَلٍ كَشَجَرَةٍ بِلَا ثَمَرٍ».

Нақыл сөз: «Амалсыз білім жеміссіз ағаш»¹⁸⁹.

Қазақ мақалы: «Еңбегі жоқ ғалым – ыстығы жоқ жалын».

«الْعِلْمُ نُورٌ وَالْجَهْلُ ظِلَامٌ».

Нақыл сөз: «Білім – нұр, надандық – қараңғылық».

Қазақ мақалы: «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп»; «Білім – гауһар, бағасы жоқ, надандық – кесел, дауасы жоқ».

«قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو الْأَلْبَابِ﴾»

Құран Кәрімде: «(Аяттардан) ақыл иелері ғана үгіт алады»¹⁹⁰.

«مَا اِكْتَسَبَ رَجُلًا مَا اِكْتَسَبَ مِثْلَ فَضْلِ عَقْلِ يَهْدِي صَاحِبَهُ إِلَى هُدًى، وَيُرُدُّهُ عَنْ رَدًى، وَمَا تَمَّ اِيْمَانُ عَبْدٍ وَلَا اسْتَقَامَ دِيْنُهُ حَتَّى يَكْمُلَ عَقْلُهُ».

188 Нәсәи, Ибн Хаббан Өне сахабадан (р.а.) жекізген.

189 Аббасидтер халифасы Абдулла ибн әл-Муътаз (861-909) айтқан.

190 Әли Имран сүресі, 7-аят.

Хадисте: «Адам дәл ақылдан асқан артықшылыққа ие болған емес. Ақыл иесін тура жолға салады, жамандықтан қайтарады. Ақылы кемелденбейінше пенденің иманы толықпайды, діні түзелмейді».¹⁹¹

Қазақ мақал-мәтелдері: «Ақылмен алтын табылар, алтынмен ақыл табылмас»; «Ақыл – адам көрігі, сабыр – ақыл серігі»; «Ақыл азбайды, әділдік тозбайды»; «Ақыл айнымас, алтын шірімес»; «Ақылдының сөзі – дарияның өзі»; «Ақыл – алтын сандық, адамына қарай ашылар»; «Ақыл көпке жеткізеді, өнер көкке жеткізеді».

«الْكَلِمَةُ الْحِكْمَةُ ضَالَّةُ الْمُؤْمِنِ فَحَيْثُ وَجَدَهَا فَهُوَ أَحَقُّ بِهَا».

Хадисте: «Даналық сөз – мүміннің жоғалтқаны, егер тапса, оны алуға басқадан гөрі хақылы»¹⁹².

Қазақ мәтелдері: «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез»; «Нақыл сөз – ниеті аққа жақын сөз».

«إِنَّ مِنَ الْبَيِّنَاتِ لَسِحْرًا».

Хадисте: «Сөздің сиқырлы күші бар»¹⁹³.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Өнер алды – қызыл тіл»; «Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады»; «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады»; «Ақынның тілі қылыштан өткір».

191 Әл-Һәйсәми риуаят еткен.

192 Термези, Ибн Мәже жеткізген.

193 Бұхари Абдулла ибн Омардан (р.а.) жеткізген.

«لِكُلِّ مَقَامٍ مَقَالٌ».

Хадисте: «Әрбір мақамның, орынның өз сөзі бар».¹⁹⁴

Қазақ мақал-мәтелдері: «Орынды айтылған сөз орнына қағылған шегедей»; «Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар»; «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

«قَالَ عَلِيُّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ: «خَيْرُ الْكَلَامِ مَا قَلَّ وَدَلَّ».

Нақыл сөз: «Сөздің қайырлысы – аз әрі саз болғаны». Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) айтқан.

Қазақ мақал-мәтелі: «Көп сөз ұтпайды, дөп сөз ұтады»; «Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын».

«إِذَا دَخَلْتَ عَلَى أَهْلِكَ فَسَلِّمْ، يَكُونُ بَرَكَةً عَلَيْكَ وَعَلَى أَهْلِكَ».

Хадисте: «Отбасыңа кірген кезде оларға сәлем бер. Ол өзіңе де, отбасыңа да береке әкеледі»¹⁹⁵.

Қазақ мәтелдері: «Сәлем сөздің – анасы»; «Сәлем беру – сүннет, қайтару – міндет».

«مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُتْلُ خَيْرًا أَوْ لِيَصْمُتْ».

Хадисте: «Кімде-кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, жақсы сөз сөйлесін, не үндемесін».¹⁹⁶

Қазақ мақалдары: «Байлауы жоқ шешеннен,

194 Әл-Хатиб, Ибн Адий риуаят еткен.

195 Термези риуаят еткен.

196 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

үндемеген есті артық, бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық»; «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер».

«مَنْ كَثُرَ كَلَامُهُ كَثُرَ سَقَطُهُ».

Нақыл: «Сөзі көбейгеннің қателігі көбейеді». Омар ибн Хаттабтың (р.а.) сөзі.

Қазақ мақалдары: «Кісі қызыл тілден өледі, түлкі қызыл жүннен өледі»; «Мал басынан байланады, адам тілінен байланады»; «Айтпас жерде тілің тарт».

«مَنْ صَمَتَ بِنَجَا».

Хадисте: «Кім үндемесе, құтылады».¹⁹⁷

Қазақ мақалы: «Үндемеген үйдей бәледен құтылады».

«أَكْثَرُ خَطَايَا ابْنِ آدَمَ مِنْ لِسَانِهِ».

Хадисте: «Адам баласының қателіктерінің көбісі – тілінен»¹⁹⁸

Қазақ мақалдары: «Басқа бәле – тілден»; «Адам көңілінен азады, тілінен жазады»;

«أَفْضَلُ الْجِهَادِ كَلِمَةٌ عَدْلٍ عِنْدَ سُلْطَانٍ جَائِرٍ».

197 Термези риуаят еткен.

198 Хайсами, Мәжмәуз-Зәуәид, 302.

Хадисте: «Жиһадтың ең абзалы – қатыгез сұлтанның алдында әділ сөз айту».¹⁹⁹

Қазақ мақалдары: «Ала сөйлеп ұлыққа жаққанша, адал сөйлеп халыққа жақ».

«قُلِ الْحَقُّ لَوْ كَانَ مُرًّا».

Хадисте: «Ащы болса да хақты айт».²⁰⁰

Қазақ мақалы: «Ащы болса да шындықты айт».

«لَيْسَ الْخَبِيرُ كَالْمُعَايِنَةِ».

Хадис: «Естіген хабар көзбен көргендей болмайды»²⁰¹.

Қазақ мақалдары: «Көзбен көрген шындық, құлақпен естіген өтірік»; «Мың естігеннен бір көрген артық».

«بَيْنَ الصِّدْقِ وَالْكَذِبِ أَرْبَعُ أَصَابِعٍ».

Әли ибн Әбу Талибтен (р.а.) жеткен риуаятта: «Шындық пен өтіріктің арасы төрт саусақ».

Қазақ мәтелі: «Өтірік пен шындықтың арасы төрт елі».

«الرَّجُلُ عَلَى دِينِ خَلِيلِهِ».

199 Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

200 Ибн Хиббан риуаят еткен.

201 Ахмет, Табарани, Хаким риуаят еткен.

Хадисте: «Әрбір адам жолдасының дінінде болады»²⁰².

Қазақ мақалдары: «Ері жігіт жолдасымен танылады»; «Ағаш тамырымен мықты, адам дос-жарымен мықты».

«التَّمِسُّوا الرَّفِيقَ قَبْلَ الطَّرِيقِ ، وَالْجَارَ قَبْلَ الدَّارِ».

Хадисте: «Жолдан бұрын жолдас ізде, үйден бұрын көрші ізде»²⁰³.

Қазақ мақалы: «Жолға шықпас бұрын, жолдасыңды сайла, үй салмас бұрын көршіңді ойла».

«إِنَّمَا مَثَلُ الْجَلِيسِ الصَّالِحِ وَالْجَلِيسِ السَّوِّءِ كَمَثَلِ الْمِسْكِ وَنَافِخِ الْكَبِيرِ، فَحَامِلُ الْمِسْكِ إِمَّا أَنْ يُخْذِيكَ وَإِمَّا أَنْ تَبْتَاعَ مِنْهُ وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ مِنْهُ رِيحًا طَيِّبَةً، وَنَافِخُ الْكَبِيرِ إِمَّا أَنْ يُحْرِقَ ثِيَابَكَ وَإِمَّا أَنْ تَجِدَ رِيحًا خَبِيثَةً».

Хадисте: «Жақсы сұхбаттас пен жаман сұхбаттастың мысалы миск тасушы мен көрік үрлеушінің мысалындай. Миск тасушы не саған (әтірін) тарту етеді, не өзің одан сатып аласың, тіпті болмағанда (қасыңнан өткенде) жағымды жұпар иісті сезінесің. Ал көрік үрлеуші не киіміңді күйдіреді, не одан жағымсыз нашар иісті сезінесің»²⁰⁴.

202 Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

203 Табарани, Хатиб, әл-Аскари риуаят еткен.

204 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Қазақ мақалы: «Жақсыменен сөйлессең, құма-рыңды қандыраар, жаманменен сөйлессең, көңіліңді қалдыраар».

«الرَّجُلُ الصَّالِحُ يَجِيءُ بِالْخَيْرِ الصَّالِحِ، وَالرَّجُلُ السَّوِّءُ يَجِيءُ بِالْخَيْرِ السَّوِّءِ».

Хадисте: «Игі кісі игі хабар әкеледі, нашар кісі жаман хабар әкеледі»²⁰⁵.

Қазақ мақалы: «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат».

«أَطْلُبُوا الْخَيْرَ عِنْدَ حَسَنِ الْوَجْهِ».

Хадисте: «Игілікті түсі игілерден іздеңдер»²⁰⁶.

Қазақ мәтелі: «Түсі игіден түңілме».

«الْمُؤْمِنُ مِرَاةُ الْمُؤْمِنِ».

Хадисте: «Мүмін – мүміннің айнасы»²⁰⁷.

Қазақ мәтелі: «Мұсылман – мұсылманның айнасы».

«رُؤْيُ عِبَادٍ تَرَدَّدُ حُبًّا».

205 Ас-Суюти риуаят еткен.

206 Табарани риуаят еткен.

207 Әбу Дәуіт, Термези риуаят еткен.

Хадисте: «Аз барсаң, ардағың артады»²⁰⁸.

Қазақ мақалдары: «Ағайынмен алыстан сыйласқан жөн»; «Жиі барсаң, жалықтырасың».

«اللَّهُمَّ بَارِكْ لَأُمَّتِي فِي بُكُورِهَا».

Хадисте: «Уа, Алла! Үмбетімнің ерте тұрғанына береке бер!»²⁰⁹

Қазақ мақал-мәтелдері: «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық»; «Өлімнен басқаның ертесі жақсы».

«مَا مِنْ يَوْمٍ يُصْبِحُ الْعِبَادُ فِيهِ إِلَّا مَلَكَانِ يَنْزِلَانِ، فَيَقُولُ أَحَدُهُمَا: اللَّهُمَّ

أَعْطِ مُنْفِقًا خَلْفًا، وَيَقُولُ الْآخَرُ: اللَّهُمَّ أَعْطِ مُمْسِكًا تَلْفًا».

Хадисте: «Пенделер аман-сау тұрған әрбір күні таңертең екі періште түседі. Бірі: «Уа, Алла! Қайыр шығарғанға қарымта бер!» – дейді, ал екіншісі: «Уа, Алла! Шығармағанға шығын бер!» – дейді»²¹⁰.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Қолы ашықтың жолы ашық»; «Қайырлы іс адамнан қайтпаса, Құдайдан қайтады».

«قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَأْمُرُهُمْ شُورَى بَيْنَهُمْ﴾»

208 Табарани риуаят еткен.

209 Әбу Дәуіт риуаят еткен.

210 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Алла Тағала былай дейді: «..Олардың (мүміндердің) істері кеңеспен бітеді..»²¹¹.

«قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿وَشَاوِرْهُمْ فِي الْأَمْرِ﴾»

Алла Тағала былай дейді: «..(Уа, Мұхаммед) Іс туралы олармен (мүміндермен) кеңес..»²¹².

Қазақ мақалдары: «Кеңесіп тіккен тон келте болмас»; «Кең киім тозбайды, кеңесті ел азбайды»; «Бір кісінікі мақұл, екі кісінікі ақыл».

«قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ

وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ﴾»

Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Аллаға бойсұныңдар, Елшіге және әміршілеріңе бойсұныңдар!»²¹³.

Қазақ мақалы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды».

«لَيْسَ الْغِنَى عَنِ كَثْرَةِ الْعَرَضِ، وَلَكِنَّ الْغِنَى عَنِ النَّفْسِ».

Хадисте: «Расында байлық дегеніміз заттың көптігі емес, байлық дегеніміз жанның байлығы»²¹⁴, – деген.

Қазақ мәтелі: «Басты байлық – көңіл байлығы».

211 Шура сүресі, 38-аят.

212 Әли Имран сүресі, 159-аят.

213 Ниса сүресі, 59-аят.

214 Бұхари риуаят еткен.

«الْفَنَاءَةُ مَالٌ لَا يَنْفَدُ وَكَثْرٌ لَا يَفْنَى».

Хадисте: «Қанағат – таусылмайтын байлық, жойылмайтын қазына»²¹⁵.

Қазақ мақалдары: «Қанағат – сарқылмас қазына»; «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар»; «Азға қанағат, көпке шүкір».

«الْاِقْتِصَادُ نِصْفُ الْعَيْشِ».

Хадисте: «Үнемдеу – тіршіліктің жартысы»²¹⁶.

Қазақ мақалдары: «Есептемегенге бәрі түгел»; «Базары жақын байымас»; «Шашу оңай, жинау қиын»; «Теңге тиыннан құралады».

«فَعَلَيْكُمْ بِالْجَمَاعَةِ، فَإِنَّمَا يَأْكُلُ الذُّبُّ مِنَ الْعَنَمِ الْقَاصِيَةَ».

Хадисте: «Көпшілікпен бірге болыңдар! Шынында, қасқар да шетке шыққан қойды жейді»²¹⁷.

Қазақ мақалдары: «Бөлінгенді бөрі жейді»; «Жалғыздың шаңы шықпас»; «Жалғыз ағаш орман емес»; «Айырылсаң азарсың, қосылсаң озарсың».

«حُبُّكَ الشَّيْءِ يُعْمِي وَيُصِمُّ».

215 Бәйһақи, әл-Асфһани риуаят еткен.

216 Ас-Суюти Әнес ибн Мәліктен риуаят еткен.

217 Нәсәи Нұғман ибн Бәширден риуаят еткен.

Хадисте: «Бір нәрсені қатты жақсы көруің (жамандығын) көрсетпейді, естірпейді»²¹⁸.

Қазақ мақалдары: «Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер».

«كُلُّ مَعْرُوفٍ صَدَقَةٌ».

Хадисте: «Әрбір ізгілік – садақа»²¹⁹.

Қазақ мақалдары: «Жақсы сөз – жарым ырыс».

«تَهَادُوا تَحَابُّوا».

Хадисте: «Бір-біріңе сый беріңдер, сүйіспеншіліктерің артады»²²⁰.

Қазақ мақалы: «Орамал тон болмайды, жол болады».

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا﴾

Алла Тағала былай дейді: «Расында, жеңілдік қиындықпен бірге болады»²²¹.

Қазақ мақалдары: «Ер тарықпай, молықпайды»; «Таршылық болмай, кеңшілік болмайды».

«إِنَّ مِنْ خِيَارِكُمْ أَحْسَنُكُمْ أَخْلَاقًا».

218 Әбу Дәуіт Әбу Дардадан риуаят еткен.

219 Бұхари, Мүслім риуаят еткен.

220 Бұхари риуаят еткен.

221 Шарх сүресі, 6-аят.

Хадисте: «Асылы, сендердің ең қайырлыларың – мінез-құлқы ең жақсыларың».²²²

Қазақ мақалдары: «Кішіпейілділік – кісінің көркі»; «Кішіпейілдік – кішілік емес, кісілік»; «Әдептілік ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі».

«إِنَّ لِكُلِّ دِينٍ خُلُقًا وَإِنَّ خُلُقَ الْإِسْلَامِ الْحَيَاءُ».

Хадисте: «Әрбір діннің өзіне тән мінезі бар, Исламның мінезі – ұяттылық».²²³

«الْحَيَاءُ خَيْرٌ كُلُّهُ».

Хадисте: «Ұяттың барлығы да қайырлы».²²⁴

Қазақ мақалдары: «Ұят кімде болса, иман сонда»; «Ұят – иманнан»; «Өлімнен ұят күшті».

«إِنَّ مِمَّا أَدْرَكَ النَّاسُ مِنْ كَلَامِ النَّبِيِّ الْأُولَى: إِذَا لَمْ تَسْتَحِ فَاصْنَعْ مَا شِئْتَ».

Хадисте: «Адамдардың алғашқы пайғамбарлықтан үлгерген үлесі «Егер (Құдайдан) ұялмасаң, білгеніңді істе» деген (нақыл сөз)»²²⁵.

Қазақ мақалдары: «Ұялмасаң білгеніңді істе»

222 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

223 Ибн Мәже риуаят еткен.

224 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

225 Бұхари Әбу Масғұдтан риуаят еткен.

«مَا زَادَ اللَّهُ عَبْدًا بِعَفْوٍ إِلَّا عِزًّا».

Хадисте: «Алла кешірім еткен пенденің мерейін асырады»²²⁶.

Қазақ мақал-мәтелі: «Кешіре білу – күштілік»; «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш».

«لَيْسَ الشَّدِيدُ مَنْ غَلَبَ النَّاسَ وَلَكِنَّ الشَّدِيدَ مَنْ غَلَبَ نَفْسَهُ».

Хадисте: «Адамдарды жыққан күшті емес, өз нәпсісін жеңген күшті»²²⁷.

Қазақ мақал-мәтелі: «Өз нәпсісін жеңген – батыр».

«مَنْ عَرَفَ نَفْسَهُ عَرَفَ رَبَّهُ».

Нақыл сөз: «Кім өзін, нәпсісін таныса, Раббысын таниды».

Қазақ мақалдары: «Өзін-өзі таныған Құдайын таниды».

«رَحِمَ اللَّهُ امْرَأًا عَرَفَ قَدْرَهُ».

Нақыл сөз: «Өз шамасын білген ерге Алланың рахымы жаусын». Омар ибн Абдулазиздің сөзі.

Қазақ мақалдары: «Өзін өзі білген ер бақытты, өзін өзі билеген ел бақытты»; «Көтере алмайтын қылышты бөліңе байлама»; «Өлін білмеген әлек»; «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл».

226 Мүслим риуаят еткен.

227 Ибн Хиббан риуаят еткен.

«إِنَّ اللَّهَ تَجَاوَزَ عَنْ أُمَّتِي الْخَطَأَ وَالنَّسْيَانَ وَمَا اسْتَكْرَهُوا عَلَيْهِ».

Хадисте: «Ақиқатында, Алла менің үмбетімнен қателесіп, ұмытып, не мәжбүрлікпен жасаған қателіктерін кешіреді»²²⁸.

Қазақ мақалдары: «Жаңылысқанға жаза жоқ»; «Адасқанның айыбы жоқ қайтып үйірін тапқан соң»; «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ».

«سَيِّدُ الْقَوْمِ خَادِمُهُمْ».

Хадисте: «Қауымның мырзасы – қызметшісі».²²⁹

Қазақ мақалдары: «Ер азамат белгісі: түзде мырза, үйде құл».

«مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكْرِمْ ضَيْفَهُ».

Хадисте: «Кімде-кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, қонағын құрметтесін».²³⁰

Қазақ мақалдары: «Қонақтың асын Тәңірі өтейді»; «Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық кешікпе».

«الضَّيْفَةُ ثَلَاثَةٌ أَيَّامٍ، وَمَا كَانَ بَعْدَ ذَلِكَ فَهُوَ صَدَقَةٌ عَلَيْهِ».

228 Ибн Мәжә риуаят еткен.

229 Әл-Хатиб, ас-Сахауи риуаят еткен.

230 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Хадисте: «Қонақ ету үш күн, одан асқаны үй иесінің садақасы»²³¹.

Қазақ мақал-мәтелі: «Қонақ үш күнге дейін құт».

«مَنْ يَهْدِهِ اللَّهُ فَلَا مُضِلَّ لَهُ، وَمَنْ يُضِلَّنْ فَلَا هَادِيَ لَهُ».

Хадисте: «Алла кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, кімді адастырса, оны ешкім тура жолға салмайды».²³²

Қазақ мәтелі: «Алла адастырғанды адам тура жолға сала алмас».

«لَوْ أَنَّكُمْ تَوَكَّلْتُمْ عَلَى اللَّهِ حَقَّ تَوَكُّلِهِ لَرَزَقْنَاكُمْ كَمَا يَرْزُقُ الطَّيْرَ: تَعْدُوا

خِمَاصًا، وَتَتْرُوخُ بِطَانًا».

Хадисте: «Егер Аллаға нық тәуекел етсеңдер, онда Ол сендерге таңертең қарындары қабысып шығып, кешке қампайып қайтатын құстарды ризықтандырганындай ризық берер еді».²³³

Қазақ мақалдары: «Тәуекелді тау жығар»; «Құдайға шын сенген құстай ұшар»; «Уайым түбі – тұңғиық, батасың да кетесің, тәуекел түбі – жел қайық, мінесің де өтесің»; «Ер жолдасы – тәуекел»; «Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас»; «Алла деп барсаң, аман келерсің».

231 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

232 Ахмет, Нәсәи риуаят еткен.

233 Ибн Мәже риуаят еткен.

«أَطْعِمُوا الطَّعَامَ، وَأَفْشُوا السَّلَامَ، وَصَلُّوا بِاللَّيْلِ وَالنَّاسُ نِيَامٌ، تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ بِسَلَامٍ».

Хадисте: «Адамдарды тамақтандырыңдар, сәлемді таратыңдар және түнде жұрт ұйықтап жатқанда тәһәжүд намазын оқыңдар, сонда жұмаққа аман-есен кіресіңдер».²³⁴

Қазақ мақалы: «Аллаға жағам десең азанды бол, адамға жағам десең қазанды бол».

«مَا آمَنَ بِي مَنْ بَاتَ شَبَعَانَ وَجَارُهُ جَائِعٌ إِلَى جَنْبِهِ، وَهُوَ يَعْلَمُ بِهِ».

Хадисте: «Жанындағы көршісінің аш жатқандығын біле тұра өзі тоқ болып жатқан адам маған нақ иман келтірген емес».²³⁵

Қазақ мақалы: «Көрші ақысы – Тәңір ақысы».

«أَوَّلُ خَصْمَيْنِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ جَارَانِ».

Хадисте: «Қиямет күні ең бірінші дауласатындар – көршілер», – деген²³⁶.

Қазақ мәтелі: «Ақыретте алдымен көршіден сұраласың».

«لَا يُلْسَعُ الْمُؤْمِنُ مِنْ جُحْرِ مَرَّتَيْنِ».

234 Ибн Өбу Дуния риуаят еткен.

235 Әл-Базар риуаяты.

236 Ахмет риуаят еткен.

Хадисте: «Мүмін адам бір іннен екі рет шақтырмайды».²³⁷

Қазақ мақалдары: «Ақылды бір жерде ер екі рет сүрінбес»; «Ақылды бір рет мүдіреді, ақылсыз мың рет сүрінеді».

«إِنَّ الصَّبْرَ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى».

Хадисте: «Шын мәніндегі сабыр алғашқы соққыда көрінеді».²³⁸

Қазақ мақалы: «Ер сасқанда белгілі, ат шапқанда белгілі».

«الْبِرْكَةُ مَعَ أَكَابِرِكُمْ».

Хадисте: «Береке сендердің үлкендеріңмен бірге».²³⁹

Қазақ мақалы: «Қариясы бар үйдің қазынасы бар».

«الْيَدُ الْعُلْيَا خَيْرٌ مِنَ الْيَدِ السُّفْلَى وَالْيَدُ الْعُلْيَا هِيَ الْمُنْفِقَةُ وَالْيَدُ

السُّفْلَى هِيَ السَّائِلَةُ».

Хадисте: «Берермен қол аларман қолдан қайырлы. Өйткені берермен қол – садақа беруші, ал аларман қол – сұраушы».²⁴⁰

237 Бұхари риуаят еткен.

238 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

239 Бәйһақи риуаяты.

240 Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

Қазақ мақалдары: «Қолы ашықтың жолы ашық»;
«Береген қол алаған қолдан қайырлы».

«التَّائِي مِنَ اللَّهِ وَالْعَجَلَةُ مِنَ الشَّيْطَانِ».

Хадисте: «Байсалдылық – Алладан, асығу – шайтаннан».²⁴¹

Қазақ мақалдары: «Асыққан – шайтанның ісі»;
«Асыққан қалар ұятқа, сарғайған жетер мұратқа».

«النَّصْرُ مَعَ الصَّبْرِ».

Хадисте: «Жеңіс сабырмен келеді».²⁴²

Қазақ мақалдары: «Сабыр түбі – сары алтын»;
«Бейнет түбі – зейнет».

«الْحَرْبُ خَدَعَةٌ».

Хадисте: «Соғыс қулықтан тұрады».²⁴³

Қазақ мақал-мәтелдері: «Айлалы батыр алдырмас»; «Ұрыста тұрыс жоқ»; «Найзамен ала алмағанды айламен ал»; «Айла мен ақыл қосылса, алдырмайтын екеу»; «Арыстандай айбатың болсын, түлкідей айлаң болсын».

«السَّفَرُ قِطْعَةٌ مِنَ الْعَذَابِ».

241 Әбу Яғла, Термези риуаят еткен.

242 Ахмет, Хаким риуаят еткен.

243 Бұхари риуаят еткен.

Хадисте: «Сапар – азаптың бір бөлігі».²⁴⁴

Қазақ мақалдары: «Жол азабы – көр азабы»;
«Жолаушыны жол сынайды»; «Жол асусыз болмайды, той шашусыз болмайды».

«نِعْمَتَانِ مَعْبُودٌ فِيهِمَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ: الصَّحَّةُ وَالْفَرَاغُ».

Хадисте: «Адамдардың көпшілігі екі нығметтің: денсаулық пен бос уақыттың қадірін білмейді».²⁴⁵

Қазақ мақал-мәтелдері: «Денсаулық – қадірсіз»; «Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің»; «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені»; «Қолда барда алтынның да қадірі жоқ»; «Ауруыңа ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде».

«مَا أَنْزَلَ اللَّهُ دَاءً إِلَّا أَنْزَلَ لَهُ دَوَاءً أَوْ شِفَاءً».

Хадисте: «Алла қандай дерт түсірмесін, оның шипасы мен дауасын да түсірген».²⁴⁶

Қазақ мақал-мәтелдері: «Әр дерттің дауасы бар».

«الدُّنْيَا مَتَاعٌ وَخَيْرٌ مَتَاعِ الدُّنْيَا الْمَرْأَةُ الصَّالِحَةُ».

Хадисте: «Дүние – қызықтау, ондағы қызықтардың ең қайырлысы – ізгі әйел».²⁴⁷

Қазақ мақал-мәтелдері: «Жақсы әйел – зейнет,

244 Бұхари мен Мүслим риуаят еткен.

245 Бұхари, Термези риуаят еткен.

246 Ибн Әбдул-Бирр риуаят еткен.

247 Мүслим риуаят еткен.

жаман әйел – бейнет»; «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас»; «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді. Жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді»; «**Жақсы болса әйелің – үйіңдегі ырысың**».

«اسْتَعِينُوا عَلَىٰ قَضَاءِ حَوَائِجِكُمْ بِالْكِتْمَانِ، فَإِنَّ كُلَّ ذِي نِعْمَةٍ حَسُودٌ».

Хадисте: «Қажет-мақсаттарыңа жасырын қол жеткізіңдер, өйткені әрбір нығмет иесі қызғанышқа тап болады».²⁴⁸

Қазақ мақал-мәтелдері: «Жаман досқа сыр ашпа»; «Жақынға өтірік айтпа, жатқа сыр айтпа»; «Бар болса көре алмас, жоқ болса бере алмас».

«إِنَّ قَامَتِ السَّاعَةُ وَبَيَدِ أَحَدِكُمْ فَسِيلَةٌ، فَإِنْ اسْتَطَاعَ أَنْ لَا يَقُومَ حَتَّىٰ يَغْرَسَهَا فليُفْعَلْ».

Хадисте: «Қиямет күні болғанда біреуіңнің қолыңда бір бұтақ болып, оны отырғыза алатындай мұршасы болса, отырғызсын».²⁴⁹

«اعْمَلْ لِدُنْيَاكَ كَأَنَّكَ تَعِيشُ أَبَدًا وَاَعْمَلْ لِآخِرَتِكَ كَأَنَّكَ تَمُوتُ غَدًا».

Риуаятта: «Дүниең үшін мәңгі өмір сүретіндей қарекет ет, ақыретің үшін ертең өлетіндей амал ет».

Қазақ мақал-мәтелдері: «Түстік өмірің болса,

248 Бәйһақи, Табарани риуаят еткен.

249 Ахмет риуаят еткен.

кештік мал жина»; «Дүние – ақыреттің егіні»; «Ертеңін ойламаған ер емес»; «Жағың талғанша жақсылық жаса».

«مَا مِنْ مُسْلِمٍ يَغْرِسُ غَرْسًا، أَوْ يَزْرَعُ زَرْعًا فَيَأْكُلُ مِنْهُ طَيْرٌ أَوْ إِنْسَانٌ أَوْ بَيْمَةٌ إِلَّا كَانَ لَهُ بِهِ صَدَقَةٌ».

Хадисте: «Қандай да бір мұсылман көшет отырғызып, не егін егіп, одан құс, адам, жануар жесе, ол үшін садақа болады».²⁵⁰

Қазақ мақал-мәтелдері: «Артыңда мал қалғанша тал қалсын»; «Бір тал кессең, он тал ек».

«مَنْ اسْتَطَاعَ مِنْكُمْ أَنْ يَكُونَ لَهُ نَخِيَةٌ مِنْ عَمَلٍ صَالِحٍ فَلْيُفْعَلْ».

Хадисте: «Сендердің біреулерің жасырын ізгі амал жасауға шамасы жетсе, жасасын».²⁵¹

Қазақ мақал-мәтелі: «Жақсылық қылсаң жасыр, жақсылық көрсең асыр»; «Жақсылығыңды санама, сауабы кетеді».

«إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ إِذَا عَمِلَ أَحَدُكُمْ عَمَلًا أَنْ يَتَّقِنَهُ».

Хадисте: «Ақиқатында, Алла біреулерің бір іс істесе, оны мүлтіксіз жасағанын жақсы көреді».²⁵²

Қазақ мақал-мәтелі: «Қайыр қылсаң, бүтін қыл».

250 Бұхари, Мүслим риуаят еткен.

251 Әл-Хатиб риуаят еткен.

252 Әбу Яғла, Табарани риуаят еткен.

«خَيْرِ النَّاسِ أَنْفَعُهُمْ لِلنَّاسِ».

Хадисте: «Адамдардың ең қайырлылары – адамдарға көбірек пайда әкелгендері»²⁵³.

Қазақ мақал-мәтелі: «Ер жігіттің белгісі – еліне тиген пайдасы»; «Би жігітке жарасар – халқына тиген пайдасы».

«أَرْبَعٌ مِنَ السَّعَادَةِ: الْمَرْأَةُ الصَّالِحَةُ، وَالْمَسْكِنُ الْوَاسِعُ، وَالْجَارُ الصَّالِحُ،
وَالْمَرْكَبُ الْهَيِّئُ، وَأَرْبَعٌ مِنَ الشَّقَاءِ: الْمَرْأَةُ الشَّوْءُ، وَالْجَارُ الشَّوْءُ،
وَالْمَرْكَبُ الشَّوْءُ، وَالْمَسْكِنُ الضَّيِّقُ».

Хадисте: «Төрт нәрсе бақттылықтың белгісі: жақсы әйел, кең үй, жақсы көрші, жайлы көлік. Төрт нәрсе кесірліктің белгісі: жаман әйел, нашар көрші, нашар көлік, тар баспана».²⁵⁴

Қазақ мақал-мәтелдері: «Атың жақсы болса – пырағың, алғаның жақсы болса – шырағың»; «Атың жаман болса, арманың кетеді, алғаның жаман болса, мейманың кетеді»; «Жақсы көрші жақыныңнан артық»; «Үйі жаманның күйі жаман»; «Үйі жоқтың күйі жоқ».

قَالَ اللهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ
وَالْأَزْلَامُ رِجْسٌ مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ *
إِنَّمَا يُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُوقِعَ بَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةَ وَالْبَغْضَاءَ فِي الْخَمْرِ

²⁵³ Бәйһақи, Табарани риуаят еткен.

²⁵⁴ Ибн Хиббан, Табарани риуаят еткен.

وَالْمَيْسِرِ وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَعَنِ الصَّلَاةِ فَهَلْ أَنْتُمْ مُنْتَهُونَ
* وَأَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَاحْذَرُوا فَإِنْ تَوَلَّيْتُمْ فَأَعْلَمُوا أَنَّمَا
عَلَى رَسُولِنَا الْبَلَاغُ الْمُبِينُ ﴿

Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Ақиқатында, арақ, құмар ойындары, пұттар және (бал ашуға тігілетін) жебелер – шайтанның лас ісі. Одан аулақ болыңдар, бәлкім, мұратқа жетерсіңдер! Шайтан сендердің араларыңа арақ пен құмар ойындары арқылы дұшпандық пен жеккөрушілік салуды және Алланың зікірінен, намаздан тоқтатқысы келеді. Енді сендер доғарасыңдар ма? Аллаға бойсұныңдар, Елшіге бойсұныңдар һәм сақ болыңдар! Ал егер теріс бұрылсаңдар, онда Елшімізге жүктелгені анық жеткізу ғана екендігін біліңдер»²⁵⁵.

«لَا تَشْرَبْ الْخَمْرَ فَإِنَّهَا مِفْتَاحُ كُلِّ شَرٍّ».

Хадисте: «Арақ ішпе! Асылында, ол – барлық жамандықтың кілті».²⁵⁶

Қазақ мақал-мәтелдері: «Арақ – барлық бәленің басы»; «Арақ атаңнан қалған ас емес»; «Арақ ақылдан айырады, азапқа сай қылады»; «Апаттан өлсең амал жоқ, арақтан өлсең обал жоқ»; «Арақтың құмырасы – албастының құжырасы»; «Арлы адам адамдыққа құмар, арсыз адам араққа құмар».

²⁵⁵ Мәида сүресі, 90-92-аяттар.

²⁵⁶ Ибн Мәже риуаят еткен.

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿مَا جَعَلَ اللَّهُ لِرَجُلٍ مِنْ قَلْبَيْنِ فِي جَوْفِهِ﴾

Құран Кәрімде: «Алла бір адамның кеудесінде екі жүрек жаратпады»²⁵⁷.

Қазақ мақал-мәтелдері: «Бір адамда екі жүрек болмас, бір көңілге екі тілек сыймас».

قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَوْفُوا بِالْعُقُودِ﴾

Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Келісімдеріңде (уағдаларыңда) тұрыңдар!»²⁵⁸.

Қазақ мақал-мәтелі: «Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы»; «Уәде – Алланың сөзі»; «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені»; «Аманат, аманатқа қылма қиянат».

«وَلَا تُكْثِرِ الضَّحِكَ ، فَإِنَّ كَثْرَةَ الضَّحِكِ تُمِيتُ الْقَلْبَ».

Хадисте: «Көп күлме, көп күлу жүректі өлтіреді»²⁵⁹.

Қазақ мақал-мәтелі: «Көп күлген бір жылдар»; «Адам көңілден азады, тілден жазады».

«انظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ أَسْفَلَ مِنْكُمْ وَلَا تَنْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ فَوْقَكُمْ فَإِنَّهُ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزِدُّوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ».

Хадисте: «Өздеріңнен төменге қараңдар, жоғарыларға

257 Ахзаб сүресі, 4-аят.

258 Мәида сүресі, 1-аят.

259 Ахмет, Термези риуаят еткен.

қарамаңдар. Солай еткендерің өздеріңдегі Алланың нығметін кемсінуден сақтайды»²⁶⁰.

Қазақ мақал-мәтелі: «Алғыға қарап пікір ет, артқыға қарап шүкір ет».

«فِي الْحُرْكََةِ بَرَكَةٌ».

Нақыл сөз: «Әрекетте берекет бар».

Қазақ мақал-мәтелі: «Әрекет түбі берекет»; «Жүргенге жөргем ілінер»; «Кәсібі бардың нәсібі бар»; «Қайраттансаң, қайыр бар»; «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар».

260 Ахмет, Мүслім, Термези, Ибн Мәже риуаят еткен.


Пайдаланылған әдебиет

- Құран Кәрім
Хадис жинақтары
Ат-Тағрифат, Әл-Журжани.
Әл-Маусуа әл-фиқһия әл-куәйтия, 30-том, 53-бет;
Әл-Урф уал-адат фи раи әл-фуқаһа, Ахмад Фаһми
Әбу Сунна, Каир, 1947.
Бабалар аманаты, Ахметова З., Алматы, 2012.
Дәстүрлі қазақ этнографиясы, жауапты редакторы
Артықбаев Ж. О. – Павлодар, 2008.
Дурар әл-хуккам шарх маджаллат әл-ахкам, Али
Хайдар, Эр-Рияд, 2003.
Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары,
ред. проф. Әжіғали С., – Алматы, 2006.
Қазақ халқының салт-дәстүрлері, Кенжеахметұлы
С., Алматы, 2004.
Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті,
Кенжеахметұлы С., Алматы, 2007.
Қазақ энциклопедиясы, 7-том
Қазақтың әдет-ғұрып заңдары, Смағұлова А.С.,
Ақтөбе, 2004.
Мағрифат әл-худжжә әл-усул, әл-Баздауи, Бейрут,
2000.
Мажмуъат расаил, Ибн Абидин
Народы России: киргизы, С-Петербург, 1879 ж.
Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, ред. проф
Арын Е. – Павлодар, 2006.

Таным тұғыры, Ержан қажы Малғажыұлы. –
Алматы, 2013.

Уқуд рәсм әл-муфти, Ибн Абидин
Усулул-фиқ әл-ислами, Уаһба әз-Зухәйли, Дамаск,
1986.

Этнографпен әңгіме, Бегманов Қасымхан, Алматы,
2010.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	5
§1 ДӘСТҮР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....	8
Әрбір халықтың әдет-ғұрпы бар.....	9
Дәстүрді теріске шығару – адасушылық.....	11
§2 ДӘСТҮРДІҢ ДІНДЕГІ ОРНЫ.....	14
Терминдерге түсініктеме.....	15
Ғұрыпты дәлел ретінде қарастыру.....	20
Ғұрыптың шарифаттағы шарттары.....	21
Әдет-ғұрып – төреші.....	21
Ижма және ғұрыптың айырмашылығы.....	22
Әдет-ғұрыптың өзгеруіне байланысты пәтуаның өзгеруі.....	22
Дәстүр мен діннің айырмасы.....	23
Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар.....	26
Теріс әдеттер.....	27
§3 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ИМАНИ ДӘСТҮРЛЕРІ.....	42
Ұлттық сана.....	42
Құдай Тағала туралы таным.....	45
Тәңірден тіле тілекті.....	47
Тағдырға сенім.....	51
Құдайдан қорықпағаннан қорық.....	52
Пайғамбарға (с.а.с.) құрмет.....	53
Білімдіге, ұстазға құрмет.....	55
Діни рәсімдерге құрмет.....	57
Ихсан иелері.....	61
Отан туралы.....	63
Ар-ұят – иманнан.....	65
Дінді білмеген дымды білмейді.....	66

Қонақжайлылық – қазақы қасиет.....	70
Ансарлықтың қонақ күтуі.....	73
Дастархан әдептері.....	74
Оң жақты жақсы көру.....	75
Әдептілік, сыпайылық.....	77
Ержүректік.....	79
Қарапайымдылық.....	82
Еңбек етсең емерсің.....	85
Ерте тұру – құт-береке нышаны.....	90
Жақсылыққа ұмтылу.....	91
Тәуекел түбі жел қайық.....	92
§4 ИМАНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.....	94
Сәлем – сөздің анасы.....	94
Ата-ананы құрметтеу.....	100
Ынтымақ-бірлік.....	104
Алғыс айту.....	110
Тарту – татулық белгісі.....	111
Бауырмалдық.....	114
Туыстық байланыс.....	117
Көрші ақысы.....	121
Сыйластық.....	127
Дос-жаран.....	130
Нағашы-жиен.....	136
Үлкенге құрмет, кішіге ізет.....	138
Тілеуқорлық.....	142
Имам Ағзамның әкесінің Әлиден (р.а.) бата алуы.....	148
§5 ТІЛДЕГІ АЙҒАҚТАР.....	149
Діни сенімге дәлел сөздер.....	157
Пайдаланылған әдебиет.....	188

*Бас мүфти Ержан Малғажұлының
бастамасымен*

ДІН МЕН ДӘСТҮР

I кітап

Дайындаған Сәбит Ибадуллаев
Дизайн, тех. редактор Абзал Жаухаров

Басуға 28.10.2013 жылы қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Пішімі 84/108/ 1/16. Баспа табағы 6.
Таралымы 10000. Тапсырыс № 5

«Ғибрат» ЖШС баспаханасында
басылды.